



GOV4C

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

2022

Мазмұны

КІРІСПЕ

Есеп туралы
Мемлекеттік корпорация туралы

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

Директорлар кеңесі төрағасының
алғы сөзі
Басқарма төрағасының алғы сөзі

1 ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕП

1. Миссиясы, пайымы, даму стратегиясы
2. Операциялық қызмет
 - 2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету
 - 2.2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру
3. Ақпараттық технологиялар

2 ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

4. Мемлекеттік корпорацияның тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен қағидаттары
5. Қызметтің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету
6. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану
7. Жұмыскерлерді кәсіби дамыту және әлеуметтік қолдау
8. Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету

3 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

9. Корпоративтік басқару жүйесі
10. Жалғыз акционер
11. Директорлар кеңесі
12. Директорлар кеңесінің Комитеттері
13. Басқарма
14. Сыйақылар туралы есеп
15. Корпоративтік бақылау
 - 15.1. Омбудсмен
 - 15.2. Комплаенс бақылау
 - 15.3. Ішкі аудит
 - 15.4. Тәуекел менеджменті және ішкі бақылау

4 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

16. 2018-2022 жылдардағы сыртқы аудитор туралы ақпарат
17. Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

Есеп туралы

Осы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ-ның 2022 жылғы жылдық есептің (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация, Есеп тиісінше) мақсаты мүдделі тараптарға даму стратегиясы, мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметтің қол жеткізілген нәтижелері, корпоративтік басқару жүйесі, қаржылық көрсеткіштер және Мемлекеттік корпорацияның тұрақты даму саласындағы жауапкершілік туралы толық және нақты ақпарат беру болып табылады.

Есеп Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) ақпаратты ашу саласындағы заңнамалық талаптарына, Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару кодексіне және ақпаратты ашу және Есепті дайындау тәртібін айқындайтын ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес дайындалды.

Есепте 2022 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі, сондай-ақ көрсеткіштердің өзгеру қарқынын көрсету үшін өткен жылғы көрсеткіштер қамтылады. Есеп Мемлекеттік корпорацияның есептік кезеңдегі жұмысының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Қаржылық деректер Есепте Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған Мемлекеттік корпорацияның аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес ұсынылған.

Есеп жыл сайын мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады және Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz веб-сайтында қолжетімді болып табылады.

Осы Есеп Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 21 шілдедегі шешімімен бекітілген.

Мемлекеттік корпорация туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі ҚР Заңымен Мемлекеттік корпорацияның жеке және (немесе) заңды тұлғаларға «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету, жеке және заңды тұлғалардың міндетті мемлекеттік тіркелуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, ғимараттарды, құрылысжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын техникалық зерттеп-қарау, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын бірыңғай провайдер ретіндегі мәртебесі айқындалды (11-1-бап).

Мемлекеттік корпорация ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 39 қаулысы негізінде шаруашылық жүргізу құқығындағы 4 республикалық мемлекеттік кәсіпорынды: Халыққа қызмет көрсету орталығын, Жылжымайтын мүлік орталығын, Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығын және Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықты біріктіру жолымен құрылды.

2016 жылғы 7 сәуірде әділет органдарында Мемлекеттік корпорацияны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу және 8 сәуірде Мемлекеттік корпорацияның облыс орталықтары мен Астана, Алматы қалаларындағы филиалдары өткізілді.

2016 жылғы 23 маусымда Директорлар кеңесінің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның 2016-2020 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді, ол жеке және заңды тұлғаларға бірыңғай провайдер көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасын, ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру бағытын айқындады.

Бастапқы кезеңде Мемлекеттік корпорацияның құрылымына Директорлар кеңесі, Басқарма аппараты, 70 филиал, оның ішінде 4 Дирекция: мемлекеттік қызметтер көрсету, жер кадастры, жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру, әлеуметтік төлемдердің ведомствоаралық есептеу орталығы және 1 өкілдік қамтылды.

Қызметті оңтайландыру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2017 жылғы мамыр айында Дирекциялар таратылды, Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі орталық филиал (бұдан әрі – Орталық филиал) құрылды, Дирекцияларға есеп беретін филиалдарды біріктіру арқылы өңірлерде бірыңғай аумақтық филиал құрылған. 2021 жылғы желтоқсан бойынша Мемлекеттік корпорацияның құрамында 19 филиал болды.

2018 жылғы 6 сәуірде Директорлар кеңесі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бірыңғай провайдері ретінде Мемлекеттік корпорацияны одан әрі дамыту, азаматтар мен бизнеске қызмет көрсетудің цифрлық форматына көшу, Мемлекеттік корпорацияның адами капиталын дамыту жөніндегі стратегиялық бағыттары бар 2018-2022 жылдарға арналған өзектілендірілген Даму стратегиясын бекіткен.

2018 жылғы шілде айында Мемлекеттік корпорацияға ҚР Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу функциялары берілген.

2018 жылғы желтоқсан айында Мемлекеттік корпорация аудиттен сәтті өтіп, ISO 9001:2015 сериялы халықаралық сапа сертификатын алған.

2019 жылғы шілде айында Мемлекеттік корпорацияға ҚР Әділет министрлігінің заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және коммерциялық ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу функциялары берілген.

МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯ ТУРАЛЫ

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен Мемлекеттік корпорация ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің (бұдан әрі - ЦДИАӨМ) қарамағына берілген.

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 15 қазандағы № 765 қаулысымен Мемлекеттік корпорацияның қызметін үйлестіру және тексеру ЦДИАӨМ Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің (бұдан әрі - МКҚК) қарауына берілді.

2021 жылғы 1 сәуірден бастап ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № 27 қаулысының негізінде Мемлекеттік корпорация Бірыңғай байланыс орталығы (бұдан әрі - ББО) болып айқындалған.

2021 жылғы 26 қарашада Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі алдыңғы Даму стратегиясының барлық міндеттерін мерзімінен бұрын іске асыруға байланысты, Мемлекеттік корпорацияның 2022-2026 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясын бекіткен.

2021 жылғы 13 желтоқсанда Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті дамытуға қосқан үлесі үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының «Барлығына инклюзивті және тең құқықты қызметтерді, оның ішінде цифрлық трансформация арқылы ұсыну үшін инновацияларды ынталандыру» I санаттағы сыйлығы табыс етілді.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің (бұдан әрі - ЦДИАӨ министрі) 2022 жылғы 18 тамыздағы № 286/НҚ бұйрығы негізінде, Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі - ВАК) жұмыс органы болды.

Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына сәйкес оның негізгі қызметтерінің мәні:

- «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерге құжаттарды қабылдау және нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
 - әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру;
 - жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу;
 - ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру;
 - коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу;
 - міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу;
 - мемлекеттік жер кадастрын жүргізу.
- Мемлекеттік корпорация Жарғысының 19-тармағында жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша қызметтің 92 түрі айқындалған.

2022 жылдың соңында Мемлекеттік корпорация мемлекеттік көрсетілетін қызметтер провайдері ретінде Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде айқындалған 1 315 қызмет түрін ұсынды, оның ішінде 42 түрі бойынша көрсетілетін қызметті беруші ретінде әрекет етті.

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі
Басқарма төрағасының алғы сөзі

Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ



Құрметті қазақстандықтар және әріптестер!

Елімізде цифрландыру деңгейін арттыру ұлт дамуының негізгі факторы болып табылады. Біздің алдымызда азаматтардың өмірін жақсарту бойынша жаһандық міндет тұр.

2022 жылы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі EGOV mobile және eGov Business мобильді қосымшаларының eGovQR арқылы электрондық өтініштерге қол қоюдың баламалы механизмін іске асырды. Көптеген азаматтар инновацияны жоғары бағалады. QR-қол қоюдың артықшылығы алынбалы флэш-тасымалдағыштарға ЭЦҚ жүктеу және қосымша NCAlayer қосымшасын орнату қажеттілігін болдырмау болып табылады.

Бүгінде Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірлесіп, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электрондық форматқа ауыстыра отырып, уәкілетті органдармен бірге цифрлық дамуға сенімді қадам жасап отыр. Сонымен бірге фронт-офистер де трансформациялануда.

2022 жылы Kaizen Standart қағидаты бойынша ХҚҚО-ларды жаңғырту белсенді жүргізілді. Бір жыл ішінде елімізде 14 жаңа цифрлық кеңсе ашылды, 2024 жылдың соңына дейін олардың саны 115-ке жететін болады.

Сонымен қатар бірқатар инновациялық жобалар іске асырылып, жаңа сервистер енгізілді және процестер жеңілдетілді. Атап айтқанда, біз Астанада тәулік бойы постапаттарды орналастырдық, онда клиенттер кезек күтпестен кез келген уақытта дайын құжаттарды ала алады. 2022 жылдың көктемінде Яндекс бойынша дайын құжаттарды есікке дейін жеткізу сервисі пайда болды, оны 3000-ға жуық азамат пайдаланып үлгерді.

Ел басшылығы азаматтарымыздың мемлекеттік қызметтерді тез және ыңғайлы түрде алуы үшін цифрландыруды дамытуға үлкен көңіл бөледі. Бүгінде барлық көрсетілетін қызметтер қазақстандықтарға онлайн режимінде қолжетімді болып табылады.

Бірақ сонымен бірге, біз мұнымен тоқтап қалмайтынымызды, алда үлкен мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған көптеген жоспарлар бар екенін атап өткім келеді.

Әсет Тұрысов

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ



Құрметті клиенттер, серіктестер, әріптестер!

Мемлекеттік корпорация эволюциялық жолмен «бір терезе» қағидатынан «бір өтініш» және «өмірлік жағдайлар» қағидаттарына дейін өтті. Биыл компанияға 6 жыл болды, осы уақыт ішінде Мемлекеттік корпорация 267 миллионнан астам қызмет көрсетті, 2022 жылы – 16 миллионнан астам қызмет көрсетілді.

2022 жылы біз Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің жағдайын жақсарту бойынша үлкен жұмыс жүргіздік. Сонымен, біз қызметкерлердің жалақысын екі рет көтердік: қаңтар айында 25% және шілде айында 25%. Жалпы өсім жиынтығы 50% құрады.

Сонымен қатар біз Nalyk bank-тен жеңілдетілген ипотека алу шарттарын қарастырдық. Осының арқасында біздің қызметкерлер төмендетілген сыйақы мөлшерлемесі бойынша қарыз алуға мүмкіндік алды. Одан бөлек, біз Мемлекеттік корпорацияның клиенттері үшін сервистерді жақсарту бойынша белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін біз процестерді оңтайландыру, бюрократияны азайту, озық технологияларды қолдана отырып, халыққа мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдаймыз.

Осылайша, «Цифрлық ипотека» жобасы бойынша екінші деңгейдегі банктермен ынтымақтастықтың арқасында BI Group платформасы арқылы 8 мыңнан астам мәміле, 33 мыңға жуық кепіл, 2 мыңнан астам жылжымайтын мүлікті жалға алу, 1 500-ге жуық кепілді тоқтату – «Отбасы банк» АҚ-да, 4 мыңнан астам кепіл – «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да, шамамен 15 мың кепіл – «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ-да тіркелген. Жоба жоғары тиімділікті көрсетті, біз оны одан әрі дамытуды жоспарлап отырмыз.

Биыл біз күнделікті өмірімізді жайлы ететін әртүрлі жүйелерді біріктіру бойынша жұмыс жүргіздік. Пәтер иелері I-Qala сайтында коммуналдық қызметтерді жеткізушілермен автоматты түрде шарт жасасу мүмкіндігіне ие болды. Қыркүйек айында пилоттық жоба Астанада басталып, 8 мыңнан астам тұрғын сервисті пайдаланды, коммуналдық қызметтерді жеткізушілермен шарт жасасу үшін электрондық өтінімді қалыптастыруға келісім берді. Осылайша, азаматтар инстанцияларды аралауға уақытты айтарлықтай үнемдей алады. Болашақта жоба бүкіл ел бойынша ауқымды болады.

Сонымен қатар биыл атаулы әлеуметтік көмек төлеу бойынша өтінімдердің ұлғаюы байқалды. Жыл басынан бері 50 миллиард теңгеден астам сомаға жәрдемақы төленді. Сондай-ақ 2022 жылы 14 танымал мемлекеттік қызмет эксаумақтық ұстанымға ауыстырылған. Өтініштер енді тіркелген жеріне қарамастан қабылданады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде, біз «e-Otinish» ақпараттық жүйесін енгізу және сүйемелдеу бойынша жұмыстар жүргіздік, оның көмегімен қазақстандықтар мемлекеттік органдарға өтініштер жібереді. 3 миллионға жуық азамат «e-Otinish» арқылы өтініш берді. Сервис халық арасында танымал.

Сонымен қатар біз «Мобильді ХҚКО» қосымшасы сервистерін жақсарту бойынша белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Мәселен, 2022 жылы біз осы қосымшада бейне қоңырау арқылы қызметтерді алу мүмкіндігін жүзеге асырдық. Бір жыл ішінде азаматтарға 35 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. Сондай-ақ осы кезеңде клиенттер операторларға 100 мыңнан астам бейне қоңырау шалған.

Азаматтар өздері үйреніп қалған 1414 сервисін бірдей пайдаланады. Күн сайын әр оператор жедел әрекет етіп, мәселелерін шешіп беруді күтіп отырған ондаған клиенттермен сөйлеседі. Есептік жылы Бірыңғай байланыс орталығы 23,1 млн. астам өтінішті қабылдап өңдеген, азаматтардың қанағаттанушылық пайызы өсті.

2022 жылы біз ХҚКО жаңғырту бойынша үлкен ауқымды жұмысты бастадық. Мәселен, бір жыл ішінде елімізде халықтың 14 цифрлық кеңсесі пайда болды. Олар ең жақсы әлемдік стандарттарға сай салынған. Азаматтар өзгерістерді бағалап та үлгерді. Алдағы уақытта барлық өңірлердің тұрғындары жайлы жағдайда және тамаша сервиспен қызмет ала алатындай етуді жоспарлап отырмыз.

Біз мұнымен тоқтап қалмайтынымызды атап өткім келеді – келесі жылы азаматтардың өмірін едәуір жеңілдететін тағы бірнеше сервистер мен қызметтерді іске асыруды жоспарлап отырмыз.

Сүйеніш Абильдин


«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы

ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕП

1. Миссиясы, пайымы, даму стратегиясы
2. Операциялық қызмет
 - 2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету
 - 2.2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру
3. Ақпараттық технологиялар


Миссиясы. Пайымы. Даму стратегиясы

Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 қарашадағы шешімімен (№ 01-01-02/09 хаттама) Мемлекеттік корпорацияның 2022-2026 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы бекітілді.




Миссиясы

Мемлекеттік корпорация - мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы өзгерістердің драйвері және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудағы басты құрал.



Пайымы

2026 жылы Мемлекеттік корпорация мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын және мемлекет пен азаматтардың сұранымдары мен болжамдарының негізінде олардың өзара әрекеттесу процесін үнемі жақсартып отыратын тиімді, технологиялық және клиенттерге бағытталған компания болып табылады.



Даму стратегиясы

1. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша платформа.
2. Мемлекеттің кері байланысының үйлестірушісі.
3. Тиімді ұйым.

Даму стратегиясы

Даму стратегиясына 3 бағыт және 5 мақсат қамтылды:

1. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша платформа.

Мақсат 1: Мемлекеттік қызметтер көрсетудің цифрлық форматына көшу.

Мақсат 2: Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызмет көрсету жүйесіндегі рөлін арттыру.

2. Мемлекеттің кері байланысының үйлестірушісі.

Мақсат 3: Клиенттермен тиімді байланыс механизмін құру.

3. Тиімді ұйым

Мақсат 4: Өндірістік және операциялық процестердің ресурс сыйымдылығын төмендету.

Мақсат 5: Корпоративтік, инновациялық, сервистік қызметтерді одан әрі дамыту қызметкерлерді тарту деңгейін арттыру үшін тәуекел-мәдениет.

Осылайша, алдағы бес жылға Мемлекеттік корпорация өзінің дамуын мемлекеттік қызметтерді көрсету және азаматтардың өтініштерін қарау кезінде халықпен кері байланысты қамтамасыз ету, оған бизнес-қоғамдастық қол жеткізе алатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер платформасын құруға қатысу, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын саннан сапаға көшіру арқылы тұрақты жақсарту жөніндегі қызметінде көріп отыр, ішкі процестер мен ресурстардың тиімділігін арттыру.

Даму стратегиясында 11 қызметтің негізгі көрсеткіші (бұдан әрі – ҚНҚ) көзделген.

	ҚНҚ	Өлшем бірлігі	Жоспар 2022	Факт 2022
1. Мемлекеттік қызмет көрсету платформасы 1-мақсат: Мемлекеттік қызметтер көрсетудің цифрлық форматына көшу				
1	Фронт-офистер желісін дамыту (франшиза) (100 нүкте)	бірлік	5	0
2	АЖ жұмыс қабілеттілік деңгейі (Мемлекеттік корпорация жағында)	%	99,6	99,9
3	Мемлекеттік корпорацияның бэк-офистері адамның қатысуынсыз көрсететін транзакциялар үлесі (ақпараттық анықтамаларды қоспағанда)	%	5	4,3
4	Бейне-ХҚҚО арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер үлесі	%	5	0,21
2-мақсат: Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызмет көрсету жүйесіндегі рөлін арттыру				
5	Мемлекеттік корпорацияның мәртебесі туралы заң жобасын әзірлеу	бірлік	1	1
2. Мемлекеттің кері байланысын үйлестіруші 3-мақсат: Клиенттермен тиімді байланыс механизмін құру				
6	Мемлекеттік органдарға келіп түсетін өтініштер саны («е-Өтініш» АЖ) («е-Отыніш» АЖ білім базасы және нәтиже орталықтарындағы мәселені шешу есебінен өтініштерді азайту)	%	95	0
7	Мемлекеттік қызмет көрсету және Мемлекеттік корпорацияның қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі	%	87	-
8	Жаңғыртылған фронт-офистер саны (115)	бірлік	14	14
3. Тиімді ұйымдастыру 4-мақсат: Өндірістік және операциялық процестердің ресурс сыйымдылығын төмендету				
9	Ішкі процестерді автоматтандыру деңгейі	%	30	71
5-мақсат: Корпоративтік, инновациялық, сервистік қызметтерді одан әрі дамыту қызметкерлерді тарту деңгейін арттыру үшін тәуекел-мәдениет				
10	Оң аймақта ұстап қалған персоналдың тартылу деңгейі	%	60-80	82
11	Енгізілген грейдирлеу жүйесі	бірлік	1	0

2022 жылдың нәтижелері бойынша 5 ҚНҚ-ке, ішінара 2 ҚНҚ-ге қол жеткізілді және 4 ҚНҚ-ге қол жеткізілмеді.

ҚНҚ-ге қол жеткізбеу себептері көбінесе Мемлекеттік корпорация әсер ете алмайтын сыртқы тәуекелдерді жүзеге асырумен байланысты. Негізгі себеп Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызметтер көрсету практикасы мен рәсімдерін өзгертуге арналған құралдардың жеткіліксіздігі болып қала береді (коммерциялық емес ұйымның қызметін кеңейту үшін құқықтық шектеулер; мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы саясатты айқындайтын орталық мемлекеттік органдардың шешімдеріне тәуелділік; мемлекеттік сатып алу бойынша өнім берушілердің адалдығы; бюджеттен жеткіліксіз қаржыландыру және т. б.).

Нәтижесінде 2022 жылы Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы 86% құрады.

2023 жылға келесі ҚНҚ жоспарланған:

- 1) фронт-офистер желісін дамыту (франшиза) - 10 нүкте;
- 2) ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу деңгейін арттыру (Мемлекеттік корпорация жағында) - 99,7%-ға дейін;
- 3) адамның қатысуынсыз Мемлекеттік корпорацияның бэк-офистері көрсететін транзакциялар үлесіне қол жеткізу - 10%-ға дейін;
- 4) бейне-байланыс арқылы «ХҚҚО» мобильдік қосымшасы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер үлесіне қол жеткізу - 10%-ға дейін;
- 5) Мемлекеттік органдарға келіп түсетін өтініштер санын азайту («е-Өтініш» АЖ) - 15%-ға;
- 6) халықтың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттану деңгейін арттыру - кемінде 87,5%;
- 7) фронт-офистерді жаңғыртуды жүзеге асыру - саны 15 бірлік;
- 8) ішкі процестерді автоматтандыру деңгейіне жету - 50%-ға дейін;

Мемлекеттік корпорацияның есептік жылдағы жетістіктері және оның қызметіне арналған негізгі жобаларды іске асыру қорытындылары осы Есептің «Операциялық қызмет» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру» 2.2-кіші бөлімінде келтірілген.



Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінің қызметі

325

2022 жылы фронт-офистер

Халықа қызмет көрсету бөлімдері арқылы азаматтардың құжаттардың қабылдау негізінде мемлекеттік қызметер атқарылды

оның ішінде:

192

ХҚКО

331

2021 жылы фронт-офистер

30

ХҚКО секторлары

4

Көші-қон қызметтері орталықтары

27

Мамандандырылған ХҚКО

72

Мамандандырылған ХҚКО секторлары

21

автодромдармен

4

автодромдармен

16.6 млн

2022 жылы мемлекеттік қызмет көрсетілген

16 560 593

2022 жылы қағаз нысанда операциялық зал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетілген 99,6%

66 533

2022 жылы электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсетілген 0,4%

2021 жылмен салыстырғанда көрсетілген қызметтердің жалпы санының 894 275 бірлікке немесе 5,1% төмендеуі байқалады.

Мемлекеттік қызметтер санының азаюы Алматы қаласы бойынша филиалдардан басқа барлық өңірлер бойынша (Мамандандырылған ХҚКО қызметтері есебінен +16,5%) және Түркістан облысы бойынша (ЭЦҚ беру +0,83%) бар.

73 548

2022 жылы Мобильдік ХҚКО арқылы мемлекеттік қызмет 5 274 шығу арқылы

17.5 млн

2021 жылы мемлекеттік қызмет көрсетілген

17 426 303

2021 жылы қағаз нысанда операциялық зал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетілген 99,5%

95 098

2021 жылы электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсетілген 0,5%

197 550

2022 жылы Мобильдік ХҚКО арқылы мемлекеттік қызмет 7 623 шығу арқылы

2022 жылы фронт-офистер арқылы көрсетілген ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

- ҚР Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәлігін беру және кері қайтарып алу;
- ҚР Ішкі істер министрлігінің желісі бойынша қызметтер (көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу, жүргізуші куәлігін беру, ҚР азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру, ҚР азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу, еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру және оны ұзарту);
- жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу;
- жер учаскесіне актілерді дайындау және беру;
- жылжымайтын мүлік объектісіне техникалық паспорт беру;
- азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру

Аталған мемлекеттік қызметтер көрсетілген қызметтердің жалпы санының 81,6%-ын құрайды.

2022 жылы «Connection point» өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында азаматтардың өз бетінше алған мемлекеттік қызметтердің саны 2021 жылғы деректермен салыстырғанда 9%-ға өсті: 2022 жылы - 16 406 489, 2021 жылы - 15 072 541 қызмет.

Халық Алматы қаласы, Ақмола, Қызылорда, Маңғыстау және Павлодар облыстары бойынша филиалдарда мемлекеттік қызметтерді өз бетінше белсенді түрде алады.



Мамандандырылған ХҚКО желісі бойынша бас тартулардың ең көп саны - 112 323 немесе 53,2%, базада шектеулердің болуы, төленбеген айыппұлдар, базада VIN-кодтың (автоның сәйкестендіру нөмірінің) болмауы, Әкімшілік полиция комитетінің базасы бойынша сәйкестік, деректерді дұрыс енгізу себептері бойынша

206 618 **+0,3%**

бас тартулар мен тоқтата тұрулар 2022 жылы

205 918

2021 жылы

146 063 **+41%**

2022 жылы Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу

Ақпараттық жүйелердің техникалық істен шығуы себебінен мерзімдерді бұзудың ең көп саны - 111 674 немесе 76,4%. Бұл ретте Мемлекеттік корпорация тарапынан іркілістер 0,01% құрады

247 487

2021 жылда

2 645 **-21,6%**

2022 жылы Фронт-офис жұмыскерлерінің кінәсінен ресімдеу уақытын бұзу

Себебі - төмен жылдамдықты сканерлер, 2 жұмыскерге 1

3 375

2021 жылы

43 **-44,2%**

Фронт-офис жұмыскерлерінің кінәсінен бас тартулар мен тоқтата тұрулар 2022 жылы

Бас тартудың негізгі себептері - құжаттардың толық емес топтамасын қабылдау, ХҚКО ИАЖ-ға өтінімдерді қалыптастыру кезінде назар аудармау

77

2021 жылы

0 **-100%**

2022 жылы Фронт-офистер жұмыскерлерінің кінәсінен мерзімдерді бұзу

10

2021 жылы

2 688 **-22,4%**

2022 жылы Фронт-офис жұмыскерлерінің кінәсінен ресімдеу уақытын бұзу

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасының деңгейі 100 есебінен 99,98% құрады - (2 688 / 16 560 593*100)

3 462

2021 жылы

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алғаннан кейін Product Echregierse көрсетілетін қызметті алушылармен кері байланыс жүйесі арқылы өлшенетін NPS деңгейі 93,5 % (2021 жыл - 87%) құрады.

Фронт-офистердің қызметін жедел үйлестіру, олардың нақты уақыт режиміндегі жұмыс процестерін бақылау және мемлекеттік қызметтер көрсету барысында халықпен кері байланысты қамтамасыз ету үшін, қажетті модульдер мен талдамалық дашбордтарды ескере отырып, оператордың әмбебап жұмыс орнын қалыптастыра отырып, IP камералары бар Операциялық департаменттің (Ахуалдық орталық) бірыңғай бейнебақылау және серверлік кеңістік платформасы жұмыс істейді. Бейнебақылау платформасына республика бойынша 326 фронт-офисте орнатылған 326 цифрлық бейнетіркегіш (2021 жылы - 316 ұқсас бейнетіркегіш, цифрлық болмаған) және 1 899 цифрлық бейнекамера (2021 жылы - 1 873 бейнекамера, оның ішінде 490 цифрлық және 1 383 ұқсас) кіреді. Мемлекеттік корпорация филиалдарында байланыс бейне арнасының республикалық порттан облыстыққа көшуі жүзеге асырылды, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында фронт-офистердегі ағымдағы бейнебақылауды өзінің VPN-тунеліне көшіру бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Операциялық департаментті техникалық жарақтандыру жұмыстары 2021 жылы әзірленген Ахуалдық орталықты дамыту тұжырымдамасына сәйкес жүргізілді. Платформаны басқаруға 8 оператор - Басқарма аппаратының мамандары және филиалдарда 1 маманнан жұмылдырылған.

Фронт-офистер желісі бойынша ақылы қызметтердің 4 түрі көрсетіледі:

- құжаттар топтамасын қалыптастырып, кейіннен дайын құжатты беру;
- санаттар бойынша автоматтандырылған электрондық алаңда сынамалық практикалық емтихан өткізу қызметтері;
- мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша жеке және (немесе) кешенді қызмет көрсетуді жүзеге асыру қызметтері (автокөлік құралын есепке алу және есептен шығару);
- дайын құжаттарды белгіленген жеріне жеткізу қызметтері.

2022 жылғы Ақылы қызметтер жөніндегі жоспар 99%-ға орындалды: жоспар бойынша 418 246,17 мың теңге, орындалуы 415 034,30 мың теңгені құрады.

Бірыңғай байланыс орталығы

Бірыңғай байланыс орталығы (бұдан әрі - ББО) өз қызметін 2011 жылғы қараша айында бастады. 2021 жылғы 1 сәуірден бастап ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № 27 қаулысына сәйкес ББО функциялары Мемлекеттік корпорацияға берілді.

ББО жұмысы халыққа мемлекеттік қызметтерді алу, оларды көрсету сапасы жөнінде шағымдар мен ұсыныстарды қабылдау бойынша кеңес беруге, оның ішінде ХҚКО-да қызмет көрсетуге, «Электрондық үкімет» порталының (бұдан әрі - eGov) сервистері, «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасы» және «е-Өтініш» ақпараттық жүйелері бойынша кеңес беруге бағытталған. ББО сондай-ақ денсаулығының шектелуіне байланысты ерекше қажеттіліктері бар адамдарға үйде қызмет көрсетуге өтінімдерді қабылдауды жүзеге асырады.

ББО базасында азаматтарға автокөлік құралдарын заңдастыру, жеке тұлғаларды вакцинациялау, олардың банкроттығы мәселелері бойынша ақпарат беру үшін консультациялық желі ұйымдастырылды. ББО 1414 желісіне жүгінген кезде азаматтар Әділет министрлігінің құқықтық ақпараттық қызметінің құзыретіне кіретін құқықтық мәселелер бойынша консультация алады. ББО қаңтар оқиғалары кезінде азаматтарға психологиялық көмек көрсеткенін, есептік жылдың қыркүйек айында бейрезиденттерге құқықтық мәселелер бойынша кеңес бергенін айта кеткен жөн.

2022 жылы жалпы саны 588 адамнан тұратын ББО бөлімдері Астана, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Петропавл, Тараз, Шымкент - 7 қалада жұмыс істеді. Бұдан басқа, дауыстық және дауыстық емес (онлайн чат, электрондық пошта) байланыс арналары бойынша консультацияларға, бейнеқоңыраулар бойынша консультацияларға (виртуалды ассистенттер), «ХҚКО» мобильдік қосымшасы арқылы қызметтер көрсетуге Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінің 157 жұмыскері тартылды.

Осылайша, ЕКО жұмысына барлығы 745 жұмыскер, оның ішінде 80 виртуалды ассистент, «ХҚКО» мобильдік қосымшасының 41 операторы жұмыс істейді. Барлық операторларға міндетті түрде тіл табысушылығы, сауатты сөйлеу, нақты дикция, дұрыс айтылу, адамдармен сындарлы жұмыс істеу қабілеті талаптары қойылады. Қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында өткізілетін ББО жұмыскерлерін оқыту үшін мемлекеттік органдардың қызметкерлері тартылады. Тұрақты негізде өтініштердің сапасына ішкі бақылау жүргізіледі (әңгіме жазбаларын тыңдау, «чат-кеңесші» сервисіндегі чаттарды тексеру).

23,1 млн
2022 жылы астам
өтінішті қабылдап өңдеді

20 млн
2021 жылы

20 секунд
2022 жылы желідегі
қоңырауларды күтудің
орташа уақыты

30 сек
2021 жылы

2,8%
2022 жылы желідегі
қоңырауларды
күтудің орташа уақыты

4%
2021 жылы

4,84 балл
2022 жылы
пайдаланушының
орташа бағасы

4,82 б
2021 жылы

85%
2022 жылы
шешілген
мәселелердің үлесі

60%
2021 жылы

Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру

Әлеуметтік салада Мемлекеттік корпорация 44 төлем түрі бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетеді:

- 39 - республикалық бюджеттен
- 5 - «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-дан (бұдан әрі - МӘСҚ)

Бэк-офистер:

- Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистері арқылы
- Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдері (бұдан әрі - МӘС) арқылы
- жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері (бұдан әрі - ЖҚӘББ) арқылы
- «электрондық үкімет» порталы (бұдан әрі - eGov) арқылы
- Электрондық еңбек биржасы (бұдан әрі - ЕНБЕК) арқылы
- сыртқы платформалар (Kaspi Bank, Halykbank) арқылы берілген өтініштерді өңдейді.

924 284

50,7%

Мемлекеттік корпорация

31,1%

566 424

Проактив

8,9%

163 010

Сыртқы платформалар

4,3%

77 959

eGov

3%

54 066

ЕҢБЕК

1%

18 162

ЖҚӘББ

1%

17 079

МӘС

124 754

2022 жылы тіркелген электрондық өтінімдер саны

142 001

2021 жылы

Есептік кезеңде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-дан (бұдан әрі -БЖЗҚ) үш мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша бір өтініш негізінде (жасына байланысты зейнетақы, базалық зейнетақы төлемі және БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметтер көрсетілді

566 424

2022 жылы

Проактивтік тәсілмен қызмет көрсетілген

көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз қызмет көрсету

357 873

2021 жылы

7 419,3

млрд. тг 2022 жылы

Мемлекеттік корпорацияның әлеуметтік саласындағы қаржы ағындарының жалпы көлемі

6 098,7

млрд. тг 2021 жылы

Бұл ретте 2022 жылғы кірістер жоспары келесі тәртіппен орындалды:

- ҚР ЕХӘҚМ - 95% (жоспар – 20 150 817,51 мың теңге / факт – 19 194 347,14 мың теңге)
- ҚР ДСМ - 100% (жоспар – 570 333,30 мың теңге / факт - 570 388,61 мың теңге)
- екінші деңгейдегі банктерге көрсетілетін қызметтер - 117% (жоспар - 1 083 417,63 мың теңге / факт - 1 271 008,07 мың теңге)
- БЖЗҚ -104% (жоспар – 505 189,65 мың теңге / факт – 526 544,40 мың теңге)

Әлеуметтік блок желісі бойынша 2021 жылғы фактімен салыстырғанда бас тартулар мен пысықтауға қайтарулар саны бойынша көрсеткіштер жақсарды. Егер 2021 жылы 126 бас тарту (0,007%) және пысықтауға 604 қайтару (0,033%) болса, 2022 жылы – 42 бас тарту (0,002%) және 418 қайтару (0,023%), яғни бас тартудың 71,4% (100 – (0,002/0,007*100)) төмендеуі және қайтарудың 30,3% (100 – (0,023/0,033*100)) төмендеуі байқалады.

Байланыс орталығының әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша жұмысы бойынша келесі нәтижелер бар. Жеке және заңды тұлғалардан 994 292 өтініш келіп түскен, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен 12%-ға төмен (2021 жылы – 1 136 090). Оның ішінде өтініштердің түскені: телефон арқылы – 937 587 (2021 жылы – 1 132 981); Livechat арқылы TelegramEgovKzBot2.0 мессенджерінде әлеуметтік-еңбек саласы мәселелері бойынша – 56 705 (2021 жылы – 3 109).

2020 жылы сұранымдардың едәуір санын (408 816 немесе 34%) төтенше жағдай кезеңінде 42 500 әлеуметтік төлем, азық-түлік-тұрмыстық жиынтықтар беру және есептік жылы қызмет көрсетілмеген егде жастағы адамдарға көмек көрсету бойынша өтініштер құрады, бұл ретте көрсетілген қызметтер көлемі аздап төмендеді.

Ең көп кеңес зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша берілді – 762 474 немесе барлық өтініштердің 81,3% (2021 жылы – 857 026 немесе 75,6%).

Көп балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мәселелері бойынша 21 188 өтініш түсті немесе 2,3% (2021 жылы – 57 536 немесе 5,1%), атаулы әлеуметтік көмек бойынша – 23 005 өтініш немесе 2,5% (2021 жылы – 35 151 немесе 3,1%), мүгедек адамдарға арналған әлеуметтік қызметтер порталының жұмысы мәселелері бойынша 55 қызмет алушылар мен өнім берушілер жүгінді, бұл барлық өтініштердің 0,01%-ын құрады (2021 жылы – 13 115 немесе 1,2%). Бұл ақпараттық қызметтің осы түрін «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ операторларының көрсетуімен байланысты.

Еңбек қатынастары және жұмыспен қамту бойынша 24 858 өтініш немесе 2,7% (2021 жыл – 20 707 немесе 1,8%), зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу бойынша консультациялар 405 өтінішті немесе 0,04% құрады (2021 жылы – 3107 немесе 0,3%).

Төлем түрлері бөлінісінде көрсетілген қызметтер бойынша ақпарат

116 904
2022 жылы қызмет

110 026
2021 жылы қызмет

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау

127 764
2022 жылы қызмет

119 728
2021 жылы қызмет

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау

81 153
2022 жылы қызмет

64 578
2021 жылы қызмет

Мүгедектік бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау

30
2022 жылы қызмет

47
2021 жылы қызмет

Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар тағайындау

32 986
2022 жылы қызмет

25 472
2021 жылы қызмет

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау

14 674
2022 жылы қызмет

13 270
2021 жылы қызмет

Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау

435 529
2022 жылы қызмет

463 038
2021 жылы қызмет

Баланың тууына және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау

1 072 952
2022 жылы қызмет

1 043 023
2021 жылы қызмет

Республикалық бюджет

-
2022 жылы қызмет

1 035
2021 жылы қызмет

1-топтағы мүгедектің күтімі бойынша жәрдемақы

95 367
2022 жылы қызмет

130 989
2021 жылы қызмет

Жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау

40
2022 жылы қызмет

52
2021 жылы қызмет

Банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалар қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау

81 861
2022 жылы қызмет

22 420
2021 жылы қызмет

Инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма төлемі (мемлекеттік кепілдік)

11 976
2022 жылы қызмет

9 108
2021 жылы қызмет

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау

69 597
2022 жылы қызмет

80 722
2021 жылы қызмет

Көпбалалы отбасына жәрдемақы тағайындау

5 071
2022 жылы қызмет

2 268
2021 жылы қызмет

Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәліктер беру

748 332
2022 жылы қызмет

784 483
2021 жылы қызмет
МӘСҚ

Мынадай әлеуметтік тәуекелдер жағдайларына әлеуметтік төлемдер тағайындау: асыраушысынан айырылу, еңбекке қабілеттілігін жоғалту, жұмысынан айырылу, жүкті болу мен босануға байланысты табысынан айырылу, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу

2 430 304

2022 жылы жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу

2 676 535

2021 жылы

1 248 014

2022 жылы тіркеу

1 415 291

2021 жылы

1 122 155

2022 жылы электрондық тіркеу

1 198 005

2021 жылы

41 437

2022 жылы құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру

43 299

2021 жылы

18 698

2022 жылы ақпараттық қызметтер

19 940

2021 жылы

Өңірлер бөлінісінде көрсетілген қызметтер саны:

Филиалдар	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу		Жылжымайтын мүлікке құқықтарды электрондық тіркеу		Құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру		Ақпараттық қызметтер	
	2021	2022	2021	2022	2021	2022	2021	2022
1 Астана қ.	116 597	104 671	163 351	150 715	1 582	1 272	1 913	1 735
2 Алматы қ.	127 746	97 852	163 748	161 715	2 615	2 323	2 566	2 291
3 Шымкент қ.	72 786	66 486	54 048	50 433	2 740	3 157	400	125
4 Абай облысы	-	15 526	-	10 218	-	555	-	135
5 Ақмола облысы	68 373	64 355	47 636	47 954	1 850	1 750	851	551
6 Ақтөбе облысы	82 566	71 134	53 720	48 365	2 348	2 074	1 186	823
7 Алматы облысы	149 657	115 467	120 879	111 623	4 027	3 906	698	984
8 Атырау облысы	55 735	44 886	46 197	33 047	1 370	872	278	273
9 Шығыс Қазақстан облысы	112 969	83 595	82 819	67 390	3 769	2 970	1 579	1 257
10 Жамбыл облысы	52 277	57 189	38 129	35 995	2 962	2 759	727	581
11 Жетісу облысы	-	16 894	-	10 005	-	504	-	27
12 Батыс Қазақстан облысы	58 602	51 089	37 765	36 189	1 541	1 491	38	37
13 Қарағанды облысы	100 499	78 622	109 223	97 248	3 195	2 871	3 107	3 836
14 Қостанай облысы	67 627	68 289	45 541	42 264	2 548	2 301	1 368	1 546
15 Қызылорда облысы	50 315	41 308	31 785	23 739	1 405	1 249	225	165
16 Маңғыстау облысы	63 214	48 156	84 444	70 487	2 044	1 547	387	143
17 Павлодар облысы	64 856	54 106	42 440	38 160	2 847	2 606	2 716	2 757
18 Солтүстік Қазақстан облысы	58 149	55 647	24 264	24 915	1 837	2 077	997	935
19 Түркістан облысы	108 323	107 018	52 016	56 487	4 619	4 974	904	71
20 Ұлытау облысы	-	5 724	-	5 206	-	179	-	71
Жиыны	1 415 291	1 248 014	1 198 005	1 122 155	43 299	41 437	19 940	18 698

Мемлекеттік қызметтер бойынша бас тартулар саны 2021 жылғы фактімен салыстырғанда 18,75%-ке төмендеді (100 - (0,39/0,48*100)). 2022 жылы 2 430 304 қызметтен 9 489 өтініш бойынша бас тарту / қайтару жүргізілді, бұл 0,39% құрады (2021 жылы - 2 676 535 қызметтен бас тарту 12 864 немесе 0,48%).

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуден 2022 жылғы кірістер жоспары 88%-ға орындалды: жоспар 5 634 766,29 мың теңге болған, нақты орындалуы 4 958 822,23 мың теңгеге.



Ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру

471 248

2022 жылы қызмет көрсетілген

456 458

2021 жылы

оның ішінде :

80 843

2022 жылы оның ішінде eGov арқылы

103 976

2021 жылы

87 138

2022 жылы құқықтық кадастрға енгізу

86 875

2021 жылы

375 789

2022 жылы жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру

361 680

2021 жылы

9 080

2022 жылы техникалық паспорттың телнұсқасын беру

7 455

2021 жылы

Өңірлер бөлінісінде көрсетілген қызметтер саны

Филиалдар	Барлығы көрсетілген қызметтер	Техпаспорт беру	оның ішінде eGov арқылы	Техпаспорттың телнұсқасын беру	оның ішінде eGov арқылы	Құқықтық кадастрға енгізу	оның ішінде eGov арқылы
1 Астана қ.	64 099	59 244	5 528	1 875	330	2 980	1 489
2 Алматы қ.	79 013	73 465	1 518	767	84	4 781	2 004
3 Шымкент қ.	28 217	21 881	4 823	328	40	6 008	10
4 Абай облысы	4 011	3 393	70	73	4	545	2
5 Ақмола облысы	19 175	16 588	4 177	289	26	2 298	230
6 Ақтөбе облысы	23 818	18 502	3 376	173	5	5 143	5 143
7 Алматы облысы	31 780	14 764	3 346	1 470	439	15 546	3 730
8 Атырау облысы	20 784	14 778	785	288	13	5 718	246
9 Шығыс Қазақстан облысы	16 509	13 981	934	383	43	2 174	86
10 Жамбыл облысы	19 019	14 655	6 465	218	29	4 146	1 124
11 Жетісу облысы	3 971	3 425	292	46	1	1 202	23
12 Батыс Қазақстан облысы	18 446	15 158	2 290	169	43	3 119	225
13 Қарағанды облысы	32 653	29 531	9 000	663	112	2 459	382
14 Қостанай облысы	16 613	14 347	2 283	472	36	1 794	305
15 Қызылорда облысы	19 200	11 136	3 871	517	85	7 547	2 148
16 Маңғыстау облысы	19 316	15 317	2 784	262	27	3 737	1 155
17 Павлодар облысы	15 867	10 528	4 648	497	74	4 842	15
18 Солтүстік Қазақстан облысы	7 112	5 811	1 557	227	18	1 074	472
19 Түркістан облысы	29 542	17 566	2 049	335	5	11 641	782
20 Ұлытау облысы	2 103	1 719	62	28	-	384	-
Жиыны	471 248	375 789	59 858	9 080	1 414	87 138	19 571

2022 жылы бас тартулар саны көрсетілген 471 248 қызметтің 9 978-ін немесе 2,1% құрады, оның 2 988-і eGov арқылы келіп түскен қызмет көрсетуге өтініштер бойынша (2021 жылы - 456 458-ден 12 864 бас тарту немесе 2,8).

Осылайша, сәтсіздіктердің 25%-ға төмендегені байқалады $(100 - (2,1/2,8 * 100))$.

2022 жылғы кірістер жоспары 99% орындалды (жоспар – 7 021 039,61 мың/тенге / факті бойынша – 6 926 351,95 тыс.тенге).

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу

211 549
2022 жылы қызмет көрсетілді

203 724
2021 жылы

оның ішінде:

48 275 2022 жылы eGov арқылы	28 541 2021 жылы	46 041 2022 жылы фронт-офистер арқылы	68 282 2021 жылы
----------------------------------------	---------------------	-------------------------------------------------	---------------------

45 912
2022 жылы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу

25 140
2021 жылы

36 790
2022 жылы заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеу

32 312
2021 жылы

10 450
2022 жылы заңды тұлғаның қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару

9 540
2021 жылы

Анықтамалық; жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізуді мемлекеттік тіркеу - 1 162 (2021 жыл - 652); жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру - 2 (2021 жыл - 4).

61 236
2022 жылы хабарландыру тәртібі

83 950
2021 жылы

40 782
2022 жылы ақпараттық қызметтер

22 951
2021 жылы

15 215
2022 жыл мәжбүрлеп тарату

12 794
2021 жылы

2022 жылғы кіріс жоспары 290 450,57 мың теңгені құрады, 272 250,28 мың теңгеге немесе 94%-ға орындалды

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңға сәйкес коммерциялық ұйымдарды тіркеу eGov-да электрондық форматта жүзеге асырылады. Бұл ретте, шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаларды тіркеу тіркеуші органның қатысуынсыз жүзеге асырылады және 2022 жылы мұндай тіркеулер 43 693 (2021 жылы - 23 410) жүргізіліп, 46,4%-ға ұлғайтылды.

Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеуден бас тарту көрсетілген қызметтердің жалпы санының 10 546 құрады, бұл 5% құрайды (2021 жылы - 11 855 немесе 5,8%). Осылайша, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда сәтсіздіктер санының 14%-ға азаюы байқалады (100 - (5/5,8*100).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алудан бас тартуларды азайту мақсатында, ХҚКО ААЖ ақпараттық жүйелері және Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (АІЖО ААЖ) интеграцияланған.

Сондай-ақ Мемлекеттік корпорация Басқармасының 2022 жылғы 22 қарашадағы № 01-02-04/45 шешімімен заңды тұлғаларды тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу саласындағы құжаттарды қабылдау кезінде халыққа қызмет көрсету орталықтарының интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы атқарушылық құжат бойынша борышкерлер, заңды тұлғаларға қатысушылар туралы тексеру тәртібінің регламенті әзірленіп, бекітілді.

Нәтижесінде, қызмет көрсетуге өтінімді ресімдеу сатысында да оператор өтініш берушіге заңды тұлғаға қатысушының тіркеу әрекеттерінен бас тартуға әкеп соғатын атқарушылық іс жүргізу бойынша берешегі бар екендігі туралы ескертуі мүмкін. Осылайша, өтініш берушіде бас тарту немесе қарызды өтеп, қайта жүгіну мүмкіндігі бар.



Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу

38 906

2022 жылы филиалдар барлығы қызмет көрсеткен

38 525

2021 жылы

21 232

2022 жылы міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу

21 007

2021 жылы

17 674

2022 жылы міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркегені үшін куәлік берілді

17 518

2021 жылы

Осылайша, есептік кезеңде 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, көрсетілген мемлекеттік қызметтер санының 381 бірлікке немесе 0,9%-ға ұлғаюы байқалады

Өңірлер бөлінісінде қызметтердің ең көп саны Алматы қаласы бойынша – 8 380, Астана қаласы бойынша – 8 257 және Қостанай облысы бойынша филиалдарда – 2 516 көрсетілді.

Өңірлер бөлінісінде көрсетілген қызметтер

Филиалдар	Тіркеу	Куәліктер беру
1 Астана қ.	4 487	3 770
2 Алматы қ.	4 552	3 828
3 Шымкент қ.	1 315	1 144
4 Абай облысы	270	225
5 Ақмола облысы	570	458
6 Ақтөбе облысы	1 330	1 145
7 Алматы облысы	382	331
8 Атырау облысы	693	612
9 Шығыс Қазақстан облысы	743	541
10 Жамбыл облысы	363	332
11 Жетісу облысы	130	89
12 Батыс Қазақстан облысы	648	523
13 Қарағанды облысы	1 137	926
14 Қостанай облысы	1 346	1 170
15 Қызылорда облысы	357	287
16 Маңғыстау облысы	298	249
17 Павлодар облысы	1 188	925
18 Солтүстік Қазақстан облысы	1 104	857
19 Түркістан облысы	293	236
20 Ұлытау облысы	25	26
Жиыны	21 232	17 674

Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу

502 934

2022 жылы мемлекеттік қызмет көрсетілді

539 506

2021 жылы

35 494

2022 жылы жер учаскесінің сапалық жағдайы туралы мәліметтер беру

34 040

2021 жылы

299

2022 жылы жер учаскесінің сапалық жағдайы туралы мәліметтер беру

266

2021 жылы

2022 жылдың нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту айтарлықтай төмендетілді. 502 934 қызметтің 844-і бойынша бас тартылды, бұл 0,17% құрайды (2021 жылы - 539 506 қызметтен 9 664 бас тарту немесе 1,8%). Бас тартулардың төмендеуі 90,5% (100-(0,17/1,8*100)).

360 884

2022 жылы жер учаскелеріне актілерді дайындау және беру

400 666

2021 жылы

27 680

елді мекенде

6 091

елді мекеннен тыс

106 257

2022 жылы жобаланатын жер учаскесін МЖК ААЖ графикалық деректерімен келісімдеу

104 534

2021 жылы

78 981

елді мекенде

17 925

елді мекеннен тыс

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетімен (бұдан әрі – ЖРБК) жасалған 2022 жылғы 31 қаңтардағы № 2 Шартқа сәйкес мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде Мемлекеттік корпорация келесі көлемде жұмыстарды орындап, тапсырды:

Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	2021 жылға көлемі	2022 жылға көлемі	
Іздестіру түрлері бойынша				
1	Топырақ зерттеу	мың га	7 200,00	5 600,00
2	Геоботаникалық зерттеу	мың га	7 300,00	6 000,00
3	Жерді мемлекеттік есепке алу	мың га	272 490,2	272 490,2
4	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы топырақ бонитетін айқындау	мың га	6 927,5	4 506,07
5	Шаруа қожалықтарын паспорттау	мың га	272 490,2	272 490,2
6	Жерді паспорттау үшін топырақ материалдарын жаңарту	мың га	-	-
7	Паспорттау мақсатында топырақ бонитетін айқындау	мың га	600,00	-
8	Жер мониторингін жүргізу	мың га	10 000,00	10 000,00
9	Электрондық түрде топырақ карталарын жасау	мың га	7 200,00	5 600,00
10	Электрондық түрде геоботаникалық карталар жасау	мың га	7 300,00	6 000,00
МЖК ААЖ бойынша				
11	Есептік кварталдардың электрондық жер-кадастрлық карталарын жасау	есептік тоқсан	150	150
12	МЖК ААЖ деректер базасын өзектендіру	уч.	-	-
13	Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін беру	дана	-	-
14	«Архив» МЖК ААЖ кіші жүйесін пайдалана отырып, жер-кадастрлық істерді сканерлеу	іс	110 000	110 000

Жұмыстарды орындау үшін жұмылдырылғаны:

Мемлекеттік корпорацияның 21 филиалы;

аумақтық филиалдардың 600 қызметкері;

161 дала бригадасы және автомобиль көлік құралдары;

топырақ талдауын орындау үшін республика бойынша (Алматы, Атырау және Маңғыстау облыстары, Алматы және Шымкент қалалары бойынша филиалдардан басқа) 13 аттестатталған зертхана.

2022 жылғы кіріс жоспары 14 684 122 мың теңгені құрады, 14 392 738 мың теңгеге немесе 98%-ға орындалды.

Оның ішінде:

монополиялық қызмет (мемлекеттік қызметтер) түрлерінен түсетін кіріс:

жоспар - 5 812 477,41 мың теңге,

факті - 5 649 613,41 мың теңге немесе 97%;

монополиялық емес қызметтерден түсетін кіріс:

жоспар - 8 871 644,85 мың теңге,

факт - 8 743 124,43 мың теңге немесе 99%.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру

Есептік жылдағы негізгі жетістік Мемлекеттік корпорацияның ВАК жұмыс органы болу міндетін орындау болып табылады. Бұл Мемлекеттік корпорацияның цифрлық трансформация бағдарламаларын іске асыру шеңберінде қызметтерді жетілдіру бойынша ұсыныстарды ілгерілету мүмкіндігін арттырды.

2022 жылы ВАК-тың 8 отырысы өткізілді, онда мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері, оның ішінде бизнеске арналған қызметтер және мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде жергілікті атқарушы органдардың проблемалық мәселелері қаралды.

Мемлекеттік корпорация ВАК-та бекітілген Реинжинирингтің басымдығы үшін мемлекеттік қызметтер мен өмірлік жағдайларды іріктеу әдістемесін әзірледі.

Көрсетілген әдістеме бойынша Мемлекеттік корпорация реинжиниринг үшін, кестеге сәйкес ВАК қарауына шығарылатын топ 50 мемлекеттік қызметті іріктеп алды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер реинжинирингін мемлекеттік органдар Мемлекеттік корпорацияның ұсыныстарын ескере отырып жүргізеді.

2022 жылы қаралған өмірлік жағдайлардың нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметтерге реинжиниринг жүргізіліп, 9 пилоттық жоба іске асырылды.

Фронт-офистердің қызметі бойынша жобалар

14 фронт-офисі 2022 жылы жаңғыртылды

республикалық маңызы бар Астана, Шымкент қалаларында және 10 өңірде - Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Жетісу, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Түркістан, Ұлытау облыстарында Мемлекеттік корпорацияның 14 фронт-офисі жаңғыртылды.

Жаңғырту ХҚКО инфрақұрылымына, қызмет көрсету сервисіне, сондай-ақ ХҚКО аббревиатурасының жаңадан толық жазылуы -

Халыққа арналған цифрлық кеңсеге қатысты болды.

Жаңа ХҚКО-лар брендбүгі «Кайдзен» қағидаттары бойынша әзірленді, оған сапаны, технологияларды, процестерді, корпоративтік мәдениетті, еңбек өнімділігін, сенімділікті, көшбасшылықты және компания қызметінің басқа да компоненттерін үнемі жақсарту қамтылады.

Бөлімдерді жаңғыртуға бірнеше аспектілер қамтылады:

- жаңа стильге сәйкес жөндеу жұмыстарын жүргізу (ашық реңктер, үлкен жарықтандыру, мәрмәр суретті - жылтыр еден жабыны, аспалы грильято төбесі);
- жиһазды және ұйымдастыру техникасын жаңарту (өткір бұрыштары жоқ ақ жылтыр жиһаз, жұмсақ күту аймағы);
- технологиялық жақсарту (мемлекеттік қызмет көрсету процестерін автоматтандыру, қосымшалар арқылы электрондық кезек талондарын алу, бейне кабиналар және т. б.);
- «қызмет неғұрлым жылдам болса, соғұрлым ол шығуға жақын болады» қағидаларын ескере отырып, қызмет түрлері бойынша орынжайды аймақтарға бөлу:
- электрондық қызметтерді өз бетінше алуға арналған байланыс аймағы, онда смартфондар арқылы қызмет алу дағдылары да оқытылады;
- 5-10 минутқа дейін қабылданатын қызметтер үшін жылдамдық аймағы (мысалы, ЭЦҚ беру, АХАТ қызметтері);
- әлеуметтік қызметтер аймағы; қызметті оператордан да, құжаттандыру терминалы арқылы да алуға болатын құжаттандыру аймағы (Астанадағы пилоттық жоба);
- қағаз нысанындағы қызметтерді қабылдауға арналған жайлылық аймағы.

Әр аймақтың өзіндік түс схемасы бар, әр аймақтың түстер бойынша өзіндік күту аймағы бар.

Керей мен Жәнібек хандар көшесіндегі астаналық ХҚКО-да тәулік бойы дайын құжаттарды беру үшін пилоттық режимде 64 ұяшыққа постомат орнатылды. 2023 жылы тағы 55 постомат орнату жоспарлануда.

Астана қаласында Тұран даңғылы 37/9 н.т.3 мекенжайы бойынша заңды тұлғалар үшін алғашқы ХҚКО ашылды, онда мемлекеттік қызметтерді дербес менеджер ыңғайлы жағдайда және қосымша сервистермен ұсынады. Осы жоба шеңберінде заңды тұлға шартты жасасумен ынтымақтастықтың 2 түрін таңдау ұсынылады:

- *композитте оларға қосымша қызметтер көрсете отырып, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу саласындағы 6 кейс бойынша қызмет алу..*
- *Мысалы, заңды тұлғаларды тіркеу, қызмет түріне лицензия алу, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, көрсетілген мекенжай бойынша одан әрі жеткізумен мәр жасауға көмектесу және т. б.;*
- *консультациялар беру, құжаттар топтамасын қалыптастыру, көрсетілген мекенжай бойынша қызмет нәтижесін жеткізу бойынша 3 ай мерзімге дербес менеджердің қызметтері (20-дан 500 қызметке дейін).*

2022 жылдың сәуір айында мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қағаз айналымын болдырмау мақсатында **«Қағазсыз ХҚКО» жобасы іске қосылды.** Нәтижесінде алынып тасталды:

- 333 қызмет түрі бойынша қағаз қолхаттар немесе ХҚКО арқылы көрсетілетін қызметтердің жалпы санының 85% (14,5 млн. қағаз парағы = 72 млн. тг.);
- 97 қызмет түрі бойынша өтініштердің қағаз бланкілері немесе оларды электрондық форматқа ауыстыра отырып 51% (8,7 млн. қағаз парағынан астам = 43,5 млн.тг.);
- мемлекеттік қызмет көрсету туралы SMS хабарлама сервисін ұсына отырып, 83 қызмет немесе 13% бойынша қызмет көрсету нәтижелерінің қағаз нысаны (2,2 млн. қағаз парағынан астам = 11 млн.тг.).

Дайын құжаттарды үйге жеткізу сервисін (мемлекеттік қызмет нәтижесін) жетілдіру шеңберінде «Яндекс» курьерлік қызметімен жоба іске қосылды -2022 жылғы маусымнан бастап Астана, Алматы, Шымкент, Петропавл қалалары бойынша және тамыз айынан бастап Қонаев, Сәтбаев, Қаражал (жаңа облыстарда логистиканың болмауы), Екібастұз қалаларын қоспағанда, бүкіл республика бойынша («Яндекс» курьерлік қызметінің болмауы).

2022 жылы 19 012 құжат жеткізілді (2021 жылы - 3 121)

2022 жылдың мамыр айынан бастап Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Ақтау және Жаңаөзен қалалары бойынша Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінің қызметкерлерімен 6 құжаттау коды бойынша азаматтарды құжаттандыру пилоттық жобасы іске қосылды.

Пилоттық жобаның нәтижесінде көші-қон полициясы қызметкерлеріне жүктемені 34% - ға төмендетіп, қызмет күту кезегін қысқартуға қол жеткізілді (барлығы 600 мыңға жуық қызмет көрсетілді, оның ішінде ХҚКО қызметкерлері 170 мыңнан астам қызмет көрсетті).

Оң көрсеткіштерге байланысты аталған жобаны еліміздің басқа қалалары бойынша одан әрі тарату жоспарлануда.

Автодромдары бар барлық мамандандырылған ХҚКО - ларда жүргізуші куәлігін алуға үміткерлердің биометриялық салыстыруы енгізілді. Салыстыру емтихан басталғанға дейін және тестілеу процесінде таңдамалы (кездейсоқ негізде) жүргізіледі.

Жаңа тестілеу жүйесі үшінші тұлғалардың заңсыз көмегінің әртүрлі түрлерін анықтауға мүмкіндік береді.

«Халыққа қызмет көрсету орталықтарының интеграцияланған ақпараттық жүйесі» АЖ - дың (бұдан әрі - ХҚКО ИАЖ) жаңғырту жұмыстары басталды, оның шеңберінде мамандандырылған ХҚКО үшін кіші бөлімді **1.0 нұсқасынан 2.0 - нұсқасына көшіру жұмыстары аяқталды.**

Мамандандырылған ХҚКО 2.0 ИАЖ - дың жаңа нұсқасы Ақмола облысы Ақкөл ауданының Халыққа қызмет көрсету бөлімінің мамандандырылған секторында тестіленіп, пилоттық режимде Астана, Көкшетау, Петропавл, Қарағанды, Тараз, Орал, Павлодар, Талдықорған қалалары бойынша филиалдарда іске қосылды. ХҚКО ИАЖ дамытудың негізгі мақсаттарының бірі - істен шығуға төзімді архитектураны құру, заманауи «стектерді» пайдалану арқылы деректерді өңдеу процестерін жақсарту.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ХҚКО ИАЖ жұмысының сапасын арттыру және жетілдіру күтілуде.

Сондай-ақ, 2021 жылғы қарашада іске қосылған «ХҚКО» жеке мобильдік қосымшасын (бұдан әрі - ХҚКО ЖК) әзірлеу жөніндегі пилоттық жоба одан әрі дамыды. Бейнеқоңырау арқылы мемлекеттік қызметтің 38 түрін алуға болады (2021 жылы - 24).

Ең танымал қызметтер - бұл ЭЦҚ беру, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама. Сонымен қатар, азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу, қандас мәртебесін беру немесе ұзарту бойынша қызметтер, жылжымайтын мүлікті тіркеу саласындағы бірнеше қызметтер, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы бірқатар қызметтер және басқалар көрсетіледі.

Кез келген ХҚКО - да осы қосымшаны орнатуға көмектеседі және оны қалай пайдалану керектігін үйретеді. Есепті жылдың соңында ХҚКО ЖК 94 мыңнан астам пайдаланушыда (2021 жылы - 7 мыңнан астам) орнатылып, AppStore және PlayMarket - тен жүктеліп алынады.

2022 жылы көрсетілетін қызметті алушыларға ХҚКО ЖК арқылы 35 630 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, 114 218 бейнеқоңырау қабылданды.

ББО жобалары

Есепті жылы ББО интеллектуалды дауыстық роботты іске қосу жобасын іске асырды.

Есепті жылы ББО интеллектуалды дауыстық роботты іске қосу жобасын іске асырды.

Жобаның мақсаты – 1414 желісінде 24/7 режимінде халыққа үздіксіз қолдау көрсетуді қамтамасыз ету. ББО роботы ең танымал 50 мәселе бойынша (паспорт, жеке куәлік, ЭЦҚ, бала туу жөніндегі жәрдемақы, зейнетақы төлемдері және т.б. алу), сондай - ақ сұранысқа ие сервистердің қызметтері (ХҚКО кезегін брондау, құжаттардың дайындығын тексеру, психо - және наркологиялық диспансерінің анықтамаларын беру) бойынша консультациялық қолдау көрсетеді.

Сонымен қатар, робот сұралған қызметті алу үшін қажетті құжаттардың тізімін SMS арқылы жібере алады.

Роботты енгізу 1414 нөміріндегі дыбыстық батырмаларды (бұрын 5 түйме) қысқартуға мүмкіндік берді.

Роботтың іске қосылуымен Казактелекомның 10% телефон транкі (қосылу желісі) интеллектуалды дауыстық роботқа ауыстырылды.





Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы жобалар

Эксаумақтылық қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі көбейді:

- 2021 жылы – 3 қызмет
- 2022 жылы - 14, барлығы 17

Мемлекеттік корпорация арқылы атаулы - әлеуметтік көмекті (бұдан әрі - АӘК) төлеу.

2021 жылдың қазан айында Астана қаласы мен Ақмола облысының Ақкөл ауданы бойынша Мемлекеттік корпорация арқылы АӘК төлеудің пилоттық жобасы іске қосылды.

Пилоттық жоба АӘК төлеудің атаулы болуы мен уақтылығын қамтамасыз ету бойынша оң нәтижелер көрсетті және 2022 жылғы сәуірден бастап пилоттық жобаның қолданысы бүкіл республика бойынша таратылды.

2022 жылы бюджет қаражатына қажеттіліктер қалыптастырылды және жалпы сомасы 51 184 250 270,00 теңгеге (821 558 төлем) төленді.

Мемлекеттік корпорацияның Павлодар облысы бойынша филиалы арқылы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік көмекті төлеу.

Бұл әлеуметтік көмектің 10 түрі, олар бойынша 2022 жылы 1 591 алушыға жалпы сомасы 57 697 548 теңгеге төлемдер жүргізілді.

2022 жылы ҚР ЕХӘҚМ мен ҚР ЦДИАӨМ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау процесін автоматтандыру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы» бірлескен бұйрығы бекітілді.

Жобаның мақсаты электрондық іс макетін (бұдан әрі - ЭИМ) автоматты түрде қалыптастыру және 2023 жылдан бастап ҚР ЕХӘҚМ Е - макет ААЖ - де одан әрі толық автоматты тағайындауға көшу болып табылады. 2022 жылы автоқұрылым 2 230 қызмет көрсетті.

Мемлекеттік қызметтерді автоматты түрде қалыптастыру азаматтардың Мемлекеттік корпорацияның фронт - офистеріне жүгіну қажеттілігін болдырмауды, республикалық бюджеттен шығыстарды қысқартуды, мемлекеттік қызметтер көрсетудің ашықтығын көздейді



Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы жобалар:

2022 жылдың қазан айында Астанада «I - Qala» жобасы іске қосылды. Оның мәні сатып алынған жылжымайтын мүлік иесіне 1414 Бірыңғай байланыс орталығынан құттықтау және коммуналдық қызметтермен шарттар жасасу және міндетті сұрақтармен сауалнамаға сілтеме жасалған Қалалық қызметтер орталығынан SMS ұсыныс түседі.

Өтінімдерді қарау аяқталғаннан кейін коммуналдық ұйымдар шарттардың жасалғаны туралы түпкілікті SMS қалыптастырады және олармен Қалалық қызметтер порталындағы жеке кабинетте танысуға болады.

Осылайша, коммуналдық қызметтерге жүгіну және құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажеттілігі алынып тасталады. Шарт жасасу үшін қажетті ақпарат меншік иесінің келісімімен ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы мемлекеттік деректер базасынан алынады. Іске қосылған күннен бастап жыл соңына дейін 8 239 онлайн шарт жасалды. 2023 жылы жобаны еліміздің басқа өңірлерінде масштабтау жоспарлануда.

Blockchain технологиясын қолдана отырып, жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) тіркеуге байланысты жобаларды іске асыру жалғастырылды.

Бұл BI Group құрылыс салушысымен сатып алу - сату шарттарын және жылжымайтын мүлікке құқықтарды кепілге беру шарттарын ресімдеу жөніндегі «Цифрлық ипотека» жобасы және екінші деңгейдегі банктермен жылжымайтын мүлік кепілге беру жобасы. Blockchain технологиясы бойынша тіркеу іс - әрекеттерін жасау Мемлекеттік корпорацияның фронт - офистеріне жүгінбей қызметті алуға мүмкіндік береді.

2022 жылдың шілдесінен бастап бұл «Отбасы банкі» АҚ - да және 2022 жылдың қазанынан бастап «Қазақстан Халық банкі» АҚ - да кепілді қайтарып алу кезінде мүмкін болды. 2022 жылы осылайша BI Group 8 696 мәміле, 32 714 кепілге беру, 2 558 жылжымайтын мүлікті жалға алу, «Отбасы банк» АҚ-да 1 435 кепілді тоқтату, «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да 4 421 кепілге беру және 520 кепілді тоқтату, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ-да 14 611 кепілге беру тіркелді.



Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу саласындағы жобалар

Мемлекеттік корпорация қолданыстағы заңнамаға заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжатты, сондай – ақ олар бұрын қағаз нысанда қоса берілетін сенімгерлік басқаруға жарғылық капиталдың үлесін беру, шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық капиталын ұлғайту кезінде қоса берілетін құжаттарды алып тастау бөлігінде өзгерістер енгізу ұсыныстары бойынша бастамашылық еткен.

2022 жылы аталған eGov сервистерін пысықтау жұмыстары басталды.

Екінші деңгейдегі банктер платформасында заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және заңды тұлға басшысын ауыстыру қызметі іске асырылды.





Жер кадастры саласындағы жобалар

Жер кодексінің 37 - бабының нормаларына сәйкес, жер учаскесін жалға алу құқығының мерзімі аяқталғаны туралы жалға алушыны хабардар ете отырып, SMS - хабарламалар жіберу функционалы жүзеге асырылды.

2022 жылдың 29 желтоқсанынан бастап аталған функционал пайдалануға берілді.

Жер кадастры желісі бойынша коммерциялық қызметтер көрсетудің бизнес-процесін

(оның ішінде «Жергілікті жерде жер учаскелерінің шекараларын белгілеу (қалпына келтіру)» коммерциялық қызметінің бизнес-процесін автоматтандыру үшін функционал техникалық іске асырылды.

«Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры» АЖ (бұдан әрі – БМЖМК АЖ) әзірлеудің техникалық бөлігі аяқталды.

2022 жылғы 5 желтоқсанда БМЖМК АЖ ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне аттестатталды.

Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға беру «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры шеңберінде мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы күшіне енгеннен кейін жүргізіледі.

ҚР ЦДИАӨМ және ҚР АШМ 2021 жылғы 31 мамырдағы бірлескен бұйрығының негізінде жер учаскесін сату бойынша сауда - саттықты (аукциондарды) ұйымдастыру және өткізу немесе жер учаскелерін электронды түрде жалға алу құқығы арқылы мемлекеттік меншіктен жер учаскесін беру бойынша пилоттық жоба іске асырылды.

Бұл мемлекеттік қызметтің бизнес -процесі бірнеше ақпараттық жүйелерді – БМЖМК АЖ, Өңірлік геоақпараттық жүйе (ЖАО), eGov, Электрондық сауда алаңының платформасы (ҚР ҚМ «Ақпараттық - есепке алу орталығы» АҚ) интеграциялау арқылы көрсетіледі.

2022 жыл кезеңінде электрондық сауда арқылы келесі қалаларда 9 жер учаскесі сатылды: Қызылорда - 3, Ақтөбе - 2, Орал - 1, Қостанай - 1, Талдықорған - 2.

2022 жылғы наурызда жер учаскелеріне электрондық кезек іске қосылды.

БМЖМК АЖ Жария кадастрлық картасының кіші жүйесін дамыту шеңберінде жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін алуға кезекте тұрғандардың тізілімін жүктеу, өзектендіру және жариялау құралы әзірленді және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп «Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін алуға қарау немесе кезекке қою» мемлекеттік қызметін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Электрондық кезек азаматтарға жер учаскесін онлайн алуға кезекке қоюға өтініш беруге, сондай-ақ бұрын берілген өтініштер бойынша өз деректерін қарауға, өзектендіруге немесе өз өтінішін есептен шығаруға мүмкіндік береді.

Соңғы 2 жоба БМЖМК АЖ құру шеңберінде іске асырылды.

Айта кету керек, БМЖМК АЖ әзірлеу жобасын қаржыландыру Мемлекеттік корпорацияның жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ақпараттық технологиялар

Есепті кезеңде Мемлекеттік корпорация желісін және бірыңғай ақпараттық - коммуникациялық ортаны одан әрі құру және басқару бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Келесі жұмыстар атқарылды:

Мемлекеттік корпорация желісіне кіретін белсенді желілік жабдықты әкімшілендіру:

- Мемлекеттік корпорацияның барлық мамандандырылған бөлімдері үшін жеке VLAN бөлумен жеке байланыс арнасы ұйымдастырылды;
- әзірленген мекенжай жоспарына, желінің жалпы схемасына, сондай-ақ әзірленген құрылғы конфигурацияларына қажетті өзгерістер енгізілді;

Бейне арнаны жаңғырту аясында Мемлекеттік корпорацияның жабдықтарына көшу жүзеге асырылды:

- бейнекамераларға жеке VLAN құрылды, Республикалық маңызы бар қалалардағы камераларға IP - мекенжайлар берілді;
- деректерді өңдеу орталығы (бұдан әрі - ДӨӨ) желісінің сегментінде VLAN бейнекамераларға маршрут қосылды;
- Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы әрбір бөлімге Dahua коммутаторы орнатылды;
- бейне арналар желісіне тікелей қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік корпорацияның Операциялық бөлімінде Cisco ISR 4331 (Ахуалдық орталығы) ретке келтіріліп, орнатылды;

IP - телефонияны жаңғырту үшін Мемлекеттік корпорацияның жабдықтарына көшу жүзеге асырылды:

- Freerpbx сервері арасындағы Мемлекеттік корпорацияның барлық филиалдарының басқару кеңсесінде SIP-транк орнатылды;
- IP - телефондарға жеке VLAN құрылды, DCO желісінің сегментінде Vlan IP - телефония бағыттары қосылды;
- SIP - арнаның мекенжай жоспары әзірленді;

Мемлекеттік корпорация филиалдарында белсенді желілік жабдықты мониторингілеу үшін Zabbix мониторинг жүйесі орнатылды:

- Мемлекеттік корпорация филиалдарының ақпараттық - техникалық қамтамасыз ету басқармасының қызметкерлеріне Zabbix мониторинг серверіне қолжетімділік берілді;
- Zabbix мониторинг серверіне Wi - Fi Интернет арналары қосылды;
- «Қазақтелеком» АҚ - мен бірлесіп Мемлекеттік корпорацияның филиалдарында республикалық порттан (1 Мб/с - 47 520 теңге) облыстық 1 Мб/с - 24 883 теңге) бейнеарнасы ауысу жұмыстары жүргізілді, бұл фронт-офистерде желінің өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік берді;

ДӨӨ виртуалды инфрақұрылымын басқару жұмыстар шегінде:

- Кравцов пен Желтоқсан көшелері арасындағы желі сегменті жаңартылды, ол арқылы ДӨӨ - ның екі аралық желілерінің өзара әрекеттесуі үшін желілік трафик жүреді және IPSec VPN қорғалған арнасы арқылы өтеді;
- Tacacs GUI аутентификациялау, авторизациялау және есепке алу сервері (10.51.203.145) көмегімен конфигурациялардың сақтық көшірмесін жасау және белсенді желілік жабдықтың конфигурациясындағы өзгерістерді қадағалау қамтамасыз етілген;
- Басқарма аппаратында DLP жүйесіне арналған виртуалды сервер орнатылған;
- Cisco Anyconnect лицензиясы Мемлекеттік корпорацияның ДҚБӨ жабдығына орнатылған және конфигурацияланған;
- ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жұмыстар шеңберінде Мемлекеттік корпорацияның барлық филиалдарын толық қамтамасыз ету үшін желілік инфрақұрылымның бағдарламалық - аппараттық кешенін сатып алу жүргізілді;
- Мемлекеттік корпорацияның виртуалды инфрақұрылымын дамыту үшін 2 сервер сатып алынды;
- «Мобильдік ХҚКО» жүйесінің виртуалды серверін ДӨӨ - ға көшіру жүзеге асырылды;
- Мемлекеттік корпорацияның пошта серверінде антивирустық қорғаудың жаңа нұсқасына көшу орындалды, пошталық серверге poliscyD спамянан қорғаудың қосымша плагині орнатылды.

Нәтижесінде Мемлекеттік корпорацияның IT инфрақұрылымын дамыту бойынша 2022 жылға жоспарланған жұмыстар 100% орындалды.

Бұл ретте компьютерлік және ұйымдастырушылық техникамен жаңарту 45% - ға, IT инфрақұрылымының дайындығы 85% - ға жүргізілді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

4. Мемлекеттік корпорацияның тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен қағидаттары
5. Қызметтің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету
6. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану
7. Жұмыскерлерді кәсіби дамыту және әлеуметтік қолдау
8. Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету

Тұрақты даму саласындағы мемлекеттік корпорацияның мақсаттары мен қағидаттары

Мемлекеттік корпорацияның Даму стратегиясында тұрақты даму стратегиялық міндеттердің бірі ретінде айқындалған.

Мемлекеттік корпорация ұлттық жобаларды іске асыруға қатыса отырып, мемлекеттік қызметтердің үздіксіз, қолжетімді және сапалы көрсетілуін қамтамасыз етіп, ұлттық экономика мен қоғамның тұрақты дамуына үлесін қосады.

Корпоративтік басқару кодексінде айқындалған тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік корпорация өз қызметінде үш негізгі құрамдас бөліктің: экономикалық өсу, экологиялық тепе - теңдік және әлеуметтік жауапкершілікке бағдарланады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсаттары (бұдан әрі – ТДМ) негізінде Мемлекеттік корпорация тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі бойынша ТДМ - ын қалыптастырды.

Тұрақты дамудың экономикалық құрамдас бөлігі саласындағы мақсаттары:

- ұзақ мерзімді құнның өсуі
- Жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз ету
- процестер тиімділігін арттыру
- еңбек өнімділігін арттыру
- неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуі
- заңнама, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл талаптарын, корпоративтік басқару мен іскерлік әдептің жоғары стандарттарын сақтау
- қатысу аумақтарының жергілікті қоғамдастықтарын қолдау, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету

Тұрақты дамудың экологиялық құрамдас бөлігі саласындағы мақсаттары:

- биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді азайту
- шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану
- экологиялық, энергия және материал үнемдеуші технологияларды қолдану

Тұрақты дамудың әлеуметтік құрамдас бөлігі саласындағы мақсаттары:

- ашық конкурстық рәсімдерді және жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету
- әділ сыйақы беру және жұмыскерлердің құқықтарын сақтау
- жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын сақтау
- жұмыскерлерді оқыту және кәсіби дамыту
- жұмыскерлер үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру
- Мемлекеттік корпорацияда жұмыскерлерді басшылық лауазымдарға тағайындау кезіндегі инклюзивтілік

Мемлекеттік корпорацияның тұрақты даму саласындағы басты мақсаты әртүрлі мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, оның ұзақ мерзімді кезеңдегі орнықтылығына нұқсан келтірмей, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу болып табылады.

Мемлекеттік корпорация өз қызметі шеңберінде БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына сәйкес қалыптастырылған орнықты дамудың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады:

Қағидаттың атауы Қағидатты анықтау

1	Ашықтық және айқындық	Мемлекеттік корпорация ниеттері мен іс-әрекеттерінің ашықтығы және айқындығы саясатын ұстанады, өз қызметінің нәтижелеріне Мемлекеттік корпорацияның web-сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл қағидат Мемлекеттік корпорацияның қызметіне сенімгерлік қатынасты құруға ықпал етеді
2	Есепті болу	Мемлекеттік корпорация экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсері үшін өзінің есепті болуын, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның ұзақ мерзімді кезеңде ұзақ мерзімді құнның өсуі және тұрақты даму үшін Жалғыз акционер алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінеді. Тұрақты даму саласындағы есептілік жыл сайын Мемлекеттік корпорацияның қызметі туралы жылдық есепте ашылады
3	Заңдылық	Мемлекеттік корпорация өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына қатаң сәйкестікте жүзеге асырады және өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындайды
4	Этикалық мінез-құлық	барлық мүдделі тараптармен өзара әрекет ету процесінде Мемлекеттік корпорация корпоративтік этиканың, оның ішінде Мемлекеттік корпорацияның іскерлік әдеп кодексінде бекітілген этикалық нормалары мен қағидаларын қатаң сақтайды
5	Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау	мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастар осындай өзара іс-қимыл нәтижелеріне өзара мүдделілік негізінде құрылады. Мемлекеттік корпорация өз қызметінде барлық мүдделі тараптардың мүдделері мен күтулерінің теңгерімін сақтауға ұмтылады
6	Адам құқықтарын сақтау	Мемлекеттік корпорация адам құқықтарына қол сұғылмаушылықты мойындайды және оларды бұзудың кез келген нысандарына жол бермейді. Мемлекеттік корпорация тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ықпал етеді, мәжбүрлі еңбекке қарсы әрекет етеді, адамның дербес деректері мен басқа да іргелі құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді
7	Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік	Мемлекеттік корпорация өз қызметінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықты қабылдамау қағидатын («нөлдік төзімділік» қағидаты) ұстанады және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға ықпал етуді өзінің парызы деп санайды
8	Мүдделер қақтығысына жол бермеу	Мемлекеттік корпорация жеке мүдделері Мемлекеттік корпорацияның мүдделеріне қайшы келетін және мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайларды болдырмауға тырысады. Мүдделер қақтығысына жол бермеу Мемлекеттік корпорацияның, оның жұмыскерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін маңызды шарт болып табылады. Мемлекеттік корпорацияның барлық жұмыскерлері мүдделер қақтығысы жоқ, ашық, уақытылы және ақылға қонымды шешімдер қабылдау үшін жауаптылықта болады

Көрсетілген мақсаттар мен қағидаттарға сәйкес Мемлекеттік корпорация тұрақты даму саласындағы өз қызметін үш бағыт бойынша жоспарлайды: қызметтің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету (экономикалық тұрақтылық); табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану (экологиялық тұрақтылық); жұмыскерлерді кәсіби дамыту және әлеуметтік қолдау (әлеуметтік тұрақтылық).

**Қызметтің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету**

Мемлекеттік корпорацияның экономикалық тұрақтылық саласында шешетін негізгі міндеттерін 3 топқа бөлуге болады:

1. Қызметтің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету

Міндеттерді қамтитын басқару жүйесін жетілдіру:

- корпоративтік басқару және іскерлік этика саласындағы талаптар мен озық тәжірибелерге сәйкес болу;
- Жалғыз акционер алдындағы міндеттемелерді сапалы орындау;
- корпоративтік басқару органдарының әлеуметтік - мәдени әртүрлілігін және инклюзивтілігін қамтамасыз ету;
- Мемлекеттік корпорация басшылығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштеріне тұрақты даму аспектілерін енгізу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен тәжірибені енгізу және қолдау;
- мүдделер қақтығысынан таза, ашық, уақтылы және барабар шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету.

700 2022 жылы Мемлекеттік корпорацияға ҚР ЦДИАӨМ - ден жуық сұрау салулар мен тапсырмалар келіп түсті, олар уақтылы және толық көлемде орындалды.

51 мәжіліс хаттамасы және 262 жеке тапсырма, оның ішінде 16 хаттама және 54 МҚК тапсырмасы

Мемлекеттік корпорация сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға үлкен көңіл бөледі.

Жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі жоспар құрылады, ол 2022 жылы толық көлемде орындалды. Жоспарда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру», «Экономикалық қауіпсіздік», «Кадрлық қауіпсіздік», «Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және өзге де құқық бұзушылықтарды болдырмау» бөлімдері бойынша іс-шаралар қамтылған.

Осылайша, мемлекеттік корпорацияның бастамасы бойынша ЭЦҚ беру кезінде құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында фронт-офистерде ЭЦҚ алу кезінде биометриялық сәйкестендіруді жүргізу үшін ХҚКО ИАЖ Digital ID - мен интеграциялау іске асырылды. Үшінші тұлғаларға ЭЦҚ заңсыз беру фактілерін анықтауға және болдырмауға бағытталған Mystery shopping әдісімен 136 тексеру жүргізілді. ҚР ІІМ орындауында тұрған көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу бойынша НҚА-ға өзгерістер енгізу бойынша бірқатар ұсыныстарға бастамашылық жасалды, жүргізуші куәлігін беру үшін теориялық емтихандарды қабылдау жүйесі жаңартылды.

Аталған шаралар мамандандырылған ХҚКО жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған. Көрсетілетін қызметті алушылардың заңсыз техникалық құралдарды пайдалануын немесе емтихан тапсыру кезінде үшінші тұлғалардың қатысуын анықтау мақсатында жүргізілген тексерулер нәтижесінде анықталған фактілердің 85 - нің жолы кесілді. Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті тіркеу бэк-офистерінің жұмыс желісі бойынша да тиісті іс - шаралар жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын түсіндіру мақсатында 1 667 іс - шара (семинарлар, дәрістер, әңгімелесу және т.б.), оның ішінде құқық қорғау органдарымен, «Аманат» партиясымен, «Адалдық аланы» қоғамдық бірлестігімен өзара іс-қимыл жасау кезінде өткізілді.

2022 жылы жер кадастрында, сондай-ақ жүргізуші куәлігін беру және көлік құралдарын тіркеу бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соқтыратын олқылықтардың болуына байланысты ішкі нормативтік құжаттарға талдау жасалды. Талдау туралы анықтамалар Мемлекеттік корпорацияның gov4c.kz сайтында «Корпорация туралы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар» бөлімінде орналастырылған.

Сол бөлімде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл мәселелері бойынша кері байланыс үшін байланыс деректері орналастырылған - бұл 1414 Бірыңғай байланыс орталығы және compliance.control@gov4c.kz электрондық поштасы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі міндеттерді іске асыру Басқарма аппаратының Ішкі қауіпсіздік департаментіне және Мемлекеттік корпорация филиалдарының қауіпсіздік жөніндегі уәкілдеріне жүктелген.

Мемлекеттік сатып алудың ашықтығы ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын (ҚР Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы), Мемлекеттік сатып алу саласындағы өзге де НҚА, сондай - ақ Мемлекеттік корпорацияның Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі регламенттің (Басқарманың 2022 жылғы 2 тамыздағы № 01-02-04/30 шешімі), Мемлекеттік корпорация сатып алатын тауарлардың маркетингтік бағаларын айқындау қағидалары (Басқарманың 2020 жылғы 30 желтоқсандағы шешімі, Басқарманың 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 01-02-04/ 55 шешімімен қайта бекітілген) сақталуымен қамтамасыз етіледі.

Корпоративтік басқару органдарының жұмысын жетілдіру бөлігінде ақпарат осы есептің «Корпоративтік басқару» бөлімінде орналастырылған

**Қызметтің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету**

Мемлекеттік корпорация экономикалық тұрақтылық саласында шешетін негізгі міндеттерді 3 топқа бөлуге болады:

2. Қатысатын өңірлердің тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу

Қатысатын өңірлердің тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу:

- инфрақұрылымды дамыту және озық технологияларды пайдалану арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділіктің өсуі;
- мемлекеттік қызмет көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру арқылы шағын, орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу;
- мемлекеттік қызметтер көрсету саласында халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруға ықпал ету;
- қызмет көрсету процесінде адам құқықтары мен іскерлік этиканы сақтау мәселелері бойынша шағымдарды қарау тетігін жетілдіру;
- қатысатын өңірлерде меншікті әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің (фронт-офистердің) тұрақты жұмыс істеуін дамыту, қолдау және қамтылуы қамтамасыз етіледі.

2022 жылдың соңында Мемлекеттік корпорация арқылы 1 315 қызметтің

1 233

түрі немесе мемлекеттік қызметтер тізілімінің 93,7% - ы қолжетімді болды. Мемлекеттік корпорацияның фронт - офистерінде бұл қызметтерді операциялық залдар арқылы да, ХҚКО қызметкері оларды алу тәртібін түсіндіретін және қажет болған жағдайда eGov пайдалану дағдыларын үйрететін өзіне - өзі қызмет көрсету аймақтарында да өз бетінше алуға болады.

Бұл ретте ХҚКО - ның өзіне - өзі қызмет көрсету аймақтары арқылы қолжетімді қызмет автоматтандырылған (қабылдау және нәтижені беру).

1 188

Мемлекеттік корпорацияның фронт - офистер еліміздің барлық қалалары мен аудан орталықтарында орналасқан. Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі Мобильді ХҚКО арқылы қамтамасыз етіледі. 2022 жылы «Қазпошта» АҚ-мен ауылдық пошта байланысы бөлімшелерімен Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі пысықталды, оның шешімі 2023 жылға ауыстырылды.

Барлық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор ұйымдары арқылы азаматтар мен заңды тұлғалардан өтініштер қабылданатын «е - Өтініш» АЖ қолдау жұмысын атап өткен жөн. Лицензиялық шартқа сәйкес жүйе Мемлекеттік корпорацияның теңгерімінде.

2022 жылдың 1 шілдесінен «е - Өтініш» АЖ өндіріске қосылған. Жүйе 25 мыңнан астам әкімшілік органдарда және олардың 26 мыңнан астам ведомстволық бағынысты және құрылымдық бөлімшелерінде енгізілген. Халықпен жұмыс жүргізу үшін ХҚКО – да «Нәтиже» өтініштерді қабылдауға 260 орталықтары құрылған.

Сонымен қатар, Қостанай, Павлодар және Түркістан облыстарындағы әкімдіктер мен ХҚКО фронт - офистерінде өтініштерді қабылдау және қарау, ЖАО басшылығының жеке қабылдауын ұйымдастыру мәселелері бойынша өзара іс - қимылының пилоттық жобасы, сондай-ақ ЖАО мен аумақтық мемлекеттік органдардың өкілдері өтініштерді қарауға тарту, шалғайдағы елді мекендер тұрғындарының өтініштерін қабылдауды қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс - қимыл алаңдары іске қосылды. Пилоттық жобаның оң нәтижелерін, сондай-ақ халықаралық тәжірибені (Әзірбайжандағы «ASAN» орталықтары мен Грузиядағы Әділет үйлері) ескере отырып, мемлекеттің халықпен өзара іс-қимылының барлық өлшемдерін қамтитын көпфункционалды фронт - офис құру мүмкіндігін, сондай-ақ әлеуметтік қызметтер үшін фронт - офис бөлуді қарастыру ұсынылды.

«е-Өтініш» АЖ мемлекеттік органдардың (құқық қорғау, сот органдары және ЭҚАБЖ орталығымен пилоттық электрондық құжат айналымы) дерекқорларымен интеграциялау бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде өтініш берушілер үшін сотқа талап қою мүмкіндігі іске асырылды, алғаш рет «е-Өтініш» АЖ арқылы бұрын қабылданған шешімдерге шағымдану мүмкіндігі бар зияткерлік шешім бір рет басу арқылы енгізілді.

«е-Өтініш» АЖ нақты уақыт режимінде жергілікті деңгейде де, тұтастай алғанда ел ауқымында да мемлекеттік аппарат тарапынан дереу шешуді талап ететін азаматтардың проблемалық мәселелерін анықтауға мүмкіндік берді.

2022 жылы жүйенің талдамалық модулінің деректері негізінде әрбір жартыжылдықтың нәтижелері бойынша Мемлекеттік корпорация халықтың әлеуметтік әл - ауқаты бойынша талдамалық ақпарат қалыптастырды, ол уәкілетті органға жіберілді.

**Жобаны іске асырудың негізгі әсерлері:**

- өтініштермен жұмыс қайта іске қосылды, азаматтар мен мемлекет арасында ашық диалог ұйымдастырылды
- өтініштерді беру жеңілдетілді (оның ішінде мобильді сервистер арқылы), кең ауқымды қабылдау желісі құрылды (оның ішінде 2000 - нан астам ауылдық округ әкімдерінен тікелей), қаржылық және уақытша шығындар азайтылды
- мемлекеттік органдардың шешімдеріне бір рет басу арқылы шағымдану рәсімі жеңілдетілді (сотқа АЖ немесе ұялы телефон арқылы талап қою)
- өтініш беруші ЖСН бойынша бірыңғай іс есебінен құжаттарды жинаудан босатылды (бірегей нөмір және барлық мәліметтер бір жерде - шағымдар, талап - арыздар)
- нақты уақыттағы бірыңғай талдау, өңірлер рейтингтері, ауырлық орталығын өңірлерге ауыстыру (тәуекелдер картасы, кез келген әкімдік өзінің олқылықтарын көреді)
- мәселелерді шешуді жергілікті деңгейге көшіру (ауырлық орталығын ауыстыру)

Мемлекеттік корпорация оң имиджді қалыптастыруға, оң қоғамдық пікірді нығайтуға, жұртшылықпен байланыс орнатуға және мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі өз қызметін жан-жақты ақпараттық қамтамасыз етуге көп көңіл бөледі.

2021 жылы республикалық және өңірлік БАҚ-тарда ақпараттық сипаттағы 22 627 материал жарияланды (2021 жылы - 25 270). Оның ішінде, көрсетілген кезеңде телеарналар эфирінде 1 495 телесюжет пен бағдарлама көрсетілген (2021 жылы - 5 422), баспа басылымдарында 3 025 материал жарияланған (2021 жылы - 2 942), сайттар мен порталдарда 22 627 (2021 жылы - 16 503), радиостанцияларда - 62 жаңалықтар (2021 жыл - 403). Түсіндіру бағыттағы материалдар «Хабар», «Хабар24», «Қазақстан», «31 канал», «Первый канал Евразия», «Atameken Business Channel» және т.б. телеарналардың эфирінде, сондай-ақ Nur.KZ, Tengrinews, Informburo, Zakon.kz, Kapital.kz, Kolesa.kz, «Егемен Қазақстан» ақпараттық порталдарда және т.б. тұрақты түрде шығып тұрды.

Жыл басынан бері Мемлекеттік корпорацияның басшы құрамының 35 брифингі ұйымдастырылды. 2022 жылдың мамыр айында Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрағасы Орталық коммуникациялар қызметінде мемлекеттік қызметтер саласында енгізіліп жатқан инновациялар туралы брифингте сөз сөйледі. Сондай-ақ шетел азаматтарының ағынына байланысты қыркүйек айында ҚР ИІМ-мен бірлесіп, шетелдік азаматтардың ЖСН алу тақырыбында өткен брифингіне қатысты.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz ресми интернет-ресурсында «Ашық диалог» платформасына сілтеме орналастырылған. Мемлекеттік корпорация интернет-ресурсының негізгі мақсаты - азаматтарға қажетті ақпараттың қолжетімділік деңгейін арттыру. «Жаңалықтар» бөлімінің ақпараттық контенті күн сайын қазақ және орыс тілдерінде жаңартылып отырды. Есептік жылы 84 материал орналастырылды (2021 жылы - 65).

Мемлекеттік корпорацияның Facebook, Instagram, Twitter, Telegram және YouTube ресми парақтарында жалпы саны қазақ және орыс тілдерінде 525 ақпараттық-танымдық материал жарияланды (2021 жылы - 345). Жоғарыда аталған әлеуметтік желілерге жазылушылардың жалпы саны 158 580 адамды құрайды (2021 жылы - 142 498). Күн сайын Facebook пен Instagram - ға келіп түсетін азаматтардың 50 - 200 - ге жуық кейстері мен өмірлік жағдайларын өңдейді, олар бойынша жедел және білікті кері байланыс дереу беріледі. 2022 жылдың қорытындысы бойынша жалпы саны 10 792 сұрақ пен ескерту, пікір (кейстер мен өмірлік жағдайлар) орындалды, оның ішінде: теріс сипаттағы - 2 580, бейтарап - 7 290, оң - 922. Беделді өлшеулер өтініштердің 33,4% - ға ұлғаюын, жағымсыз сипаттағы ескертулер үлесінің 3,4% - ға төмендеуін және оң пікірлердің өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,7% - ға ұлғаюын көрсетеді.

Барлық өңірлік филиалдардың директорлары мен олардың фронт-офистер жөніндегі орынбасарларының әлеуметтік желілерде аккаунттары бар, онда азаматтардың сұрақтары мен шағымдарына белсенді жауап береді. Директорлар аккаунтына QR-сілтемелері бар ақпарат барлық Халыққа қызмет көрсету бөлімдерінде орналастырылған.

Әлеуметтік желілердегі түсіндіру жұмыстарына инфлюенсерлер тартылуда. Жыл басынан бері 4 274 блогер, қоғам, шоу-бизнес және спорт өкілдері және пабликтерде жарияланымдар посттары орналастырылды (2021 жылы - 6 464).

Қызметтің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету

Мемлекеттік корпорация экономикалық тұрақтылық саласында шешетін негізгі міндеттерді 3 топқа бөлуге болады:

3. Негізгі қызмет тиімділігін арттыру

Мемлекеттік корпорацияда оңтайландыру үнемді өндіріс технологиясын (Кайдзен) ескере отырып жүргізілетін бизнес - процестердің тиімділігі мәселелеріне маңызды мән беріледі.

Есепті кезеңде бизнес-процестерді басқару жүйесін енгізу және жетілдіру бағыты бойынша іс жүзінде мынадай түйінді іс - шаралар іске асырылды:

- «Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік функцияларын орталықсыздандыру» және «BPM платформасында 73 процесті оңтайландыру және автоматтандыру» атты 2 жүйелік жоба іске қосылды.
- Жоғарыда аталған жобалар шеңберінде 2022 жылдың қыркүйек пен қараша айларында BPM SimBase жүйесі бойынша сыртқы вендорды, сондай-ақ Бизнес-процестерді басқару қауымдастықтың АВРМР (abrmp.org) жөніндегі халықаралық өкілін тарта отырып, негізгі бизнес - процестердің иелерін, жобалау менеджерлерін (Whitelist-тен) және Мемлекеттік корпорацияның топ -менеджментін процестік басқаруға оқыту ұйымдастырылды және өткізілді.
- Процестік басқарудың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын процестік, жобалық, Leap және СМЖ мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін Басқарма жанындағы алқалы орган ретінде Мемлекеттік корпорацияның Үйлестіру кеңесі құрылды.
- Үйлестіру кеңесінің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы шешімімен Мемлекеттік корпорацияның бизнес-процестерінің тізілімі бекітілді.

Корпоративтік функцияларды орталықсыздандыру жөніндегі пилоттық жоба 5 корпоративтік функция бойынша кейбір мәселелерді басқарма аппаратынан филиалға:

- бюджеттеу және еңбекақы төлеу;
- кадрлық әкімшілендіру;
- әкімшілік қолдау;
- коммерциялық сервис;
- тарифтік реттеу және маркетингті беруді көздеді.

Пилоттық аймақ ретінде Астана қаласы мен Абай облысы бойынша филиалдар анықталды. Жыл соңына қарай жобаны іске асырудан мынадай әсерлер алынды:

- кадрлық әкімшілендіру бойынша - 7 -ден 1-2 жұмыс күніне дейін, яғни 70-80% - ге тағайындау, лауазымға ауыстыру кезінде процесс уақытын оңтайландыру; 7-ден 3-деңгейге дейін, яғни 57%-ға келісуді оңтайландыру есебінен операциялық мәселелерді жедел шешу; Басқарма аппараты қызметкерлерінің уақытын босату нәтижесінде операциялық шығыстарды үнемдеу; филиалдардың жауапкершілігін арттыру;
- бюджеттеу бойынша - филиалдың мемлекеттік сатып алу жоспарына түзетулер енгізу жөніндегі мәселелерді жедел шешу, процесс уақытын 30-45 - тен 10 жұмыс күніне дейін қысқарту, яғни 67% және одан да көп;
- коммерциялық сервис бойынша - тендерлік рәсімдерді өткізу кезінде процесс уақытын 1,5 айдан 1 айға дейін оңтайландыру, яғни 34% ;
- тендерлік өтінімдерді 7 - ден 3 - ке дейін келісуді оңтайландыру есебінен операциялық мәселелерді жедел шешу, яғни 50% және одан да көп.

Сондай-ақ әкімшілік қолдау, еңбекақы төлеу, тарифтік реттеу және маркетинг процестері бойынша жақсартулар бар.

Жалпы жоба бойынша тиімділіктің артуы 50%-дан астам болды. 2023 жылы жобаны Мемлекеттік корпорацияның барлық филиалдарына тарату жоспарлануда.

Ішкі процестерді автоматтандыру жөніндегі екінші жобаны іске асыру «Simourg» ЖШС-мен мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес BPM платформасы базасында жүргізіледі.

Ішкі бизнес - процестерді автоматтандыру, оның ішінде MS Office және ЭҚАЖ пайдалана отырып Мемлекеттік корпорация қызметкерлері орындайтын күнделікті, қарапайым міндеттерді BPM платформасына көшіру деректерді ілеспе цифрландырумен және деректермен жұмыс істеуге көшумен жүргізіледі.

Автоматтандыруға жататын ішкі бизнес - процестердің бекітілген тізбесінің 138 процесінің 2022 жылы 98-і автоматтандырылды, оның 73-і BPM платформасында және 25-і 1С базасында («Жалақыны есептеу және персоналды басқару», «Қорларды басқару», «Бюджеттеу» және «Автокөлік құралдары» модульдері әзірленді). Мемлекеттік корпорацияның ішкі процестерінің 73-і үнемделген өндіріс қағидаттарын ескере отырып оңтайландыру тұрғысынан талданды және BPM «қалай болу керек» белгісінде үлгіленді.

2022 жылғы 22 желтоқсанда бизнес-процестерді, жобаларды және СМЖ басқару жөніндегі Үйлестіру кеңесі 73 бизнес-процес картасын және жобаны операциялық қызметке енгізу жоспарын бекітті. Жоба нәтижелері бойынша процестердің көрсеткіштері, оның ішінде олардың нәтижелері автоматты режимде шоғырландырылады деп күтілуде, бұл жедел басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді, жаңа жұмысшылар үшін бейімделу шегін төмендетеді және бизнес - процестердің орындалу ұзақтығын қысқартады.

Платформаны қабылдау - беру актісіне, платформаны іске қосу актісіне және әзірленген/автоматтандырылған бизнес - процестерді пайдалануға беру актісіне қол қойылды. 2023 жылғы 4 қаңтардан бастап BPM жүйе платформасында автоматтандырылған ішкі процестерді іске қосу туралы бұйрық негізінде тәжірибелік пайдалануға беріледі. 2022 жылы тізбедегі процестердің 71% автоматтандырылды.

Есепті жылы Мемлекеттік корпорацияның сапа менеджменті жүйесінің ҚР СТ 9001-2016 (ISO 9001:2015) талаптарына сәйкестігін тексеру және бағалау мақсатында 2022 жылғы қыркүйек пен желтоқсан аралығында сапа менеджменті жүйесінің ішкі және инспекциялық аудиті (бұдан әрі – СМЖ аудиті) жүргізілді

СМЖ аудиті екі кезеңде жүргізілді:

- 1) СМЖ ішкі аудитін Басқарма аппаратында 67 сертификатталған аудитор, филиалдар бойынша - 258 сертификатталған аудитор жүргізді;
- 2) бекітілген аудит бағдарламасына сәйкес Басқарма аппаратында, Шымкент қаласының, Орталық мен Қостанай облысы филиалдарында бойынша «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ мамандандырылған ұйымын тарта отырып, СМЖ сыртқы аудиті.

СМЖ аудитін жүргізу және үйлестіру жауапкершілігі Мемлекеттік корпорация филиалдарының жобалық кеңсесіне және тәуекел үйлестірушілеріне жүктелді.

Аудит нәтижелері оң – Мемлекеттік корпорацияның сапа менеджменті жүйесі ҚР СТ 9001-2016 (ISO 9001:2015) стандартының талаптарына сәйкестігін растады.

Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану

Өз қызметінің сипатына қарай Мемлекеттік корпорация қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер етпейді. Мемлекеттік корпорация тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады.

Экология саласында тұрақты дамуға қол жеткізу үшін Мемлекеттік корпорация табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материал үнемдеуші технологияларды қолдануды қамтамасыз етеді.

Табиғи жүйелерге әсерді барынша азайту шеңберінде, Мемлекеттік корпорацияда шығыс материалдарын біртіндеп қысқарту бойынша жұмыс жүргізілуде, мысалы, электрондық қызметтерді көрсетуге көшу және жаңа сервистерді енгізу есебінен қағаз құжат айналымын қысқарту, анықтамаларды, қызмет көрсетуге арналған қағаз өтініштерді және құжаттарды тапсыру туралы қолхаттарды («Қағазсыз ХҚКО» жобасы) басып шығаруды алып тастау және т.б.

Іргелес аумақтың тазалығы қамтамасыз етіледі, мерзімді негізде сенбіліктер ұйымдастырылады, ағаштар отырғызылады. 2022 жылы Қызылорда қаласы бойынша 2 мамандандырылған ХҚКО үшін іргелес аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Жалпы қалалық және аудандық сенбіліктер өткізу кезеңінде әкімдіктер іргелес аумақты абаттандыру мен көгалдандыруды да жүргізуде.

2016 жылғы қазан айынан бастап Мемлекеттік корпорацияда Қазақстанның өсімдіктер әлемінің үш мыңға жуық түрі қамтылған Бірыңғай гербарий қоры (бұдан әрі – БГҚ) жұмыс істейді. Мемлекеттік корпорация БГҚ сақтау және дамыту, оны ғылыми база ретінде пайдалану үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.



Жұмыскерлерді кәсіби дамыту және әлеуметтік қолдау

Мемлекеттік корпорация - елдегі ең ірі және географиялық жағынан кең таралған жұмыс берушілердің бірі болып табылады. Бұл жағдай Мемлекеттік корпорацияға үлкен әлеуметтік міндеттемелерді жүктейді.

Мемлекеттік корпорация қатысатын өңірлерде 22 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді.

Кадрларды іріктеу, корпоративтік мәдениетті және жұмыскерлермен өзара қарым-қатынасты қолдау, құзыреттерді дамыту HR-саясатпен, Адами капиталды дамыту жөніндегі корпоративтік стандартпен, SANA кодексімен, Жұмыскердің іскерлік этика кодексімен, Бос лауазымына орналасу қағидаларымен, басқа да ішкі құжаттармен, сондай-ақ Ұжымдық шартпен реттеледі.

Еңбек қатынастарының тәжірибесі

Мемлекеттік корпорацияның негізгі активі білікті кадрлар болып табылады, олардың жұмыс тиімділігінен Мемлекеттік корпорацияның өндірістік нәтижелері мен одан әрі дамуы байланысты.

Жыл дар	Жалпы саны	Штаттық саны	Басқарма аппараты	Орталық филиал	Филиалдар	Штаттан тыс қызметкерлер
2020	22 068,7	18 466,5	369	173	17 924,5	3 602,2
2021	22 068,7	18 466,5	360	173	17 933,5	3 602,2
2022	22 068,7	18 466,5	362	172	17 932,5	3 602,2

2022 жылы елдің әкімшілік - аумақтық құрылымындағы өзгерістер нәтижесінде Абай, Жетісу және Ұлытау облыстары бойынша 3 филиал құрылды, олар Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстары бойынша филиалдарды бөлу жолымен ішкі резерв есебінен құрылды.

Блоктар бойынша Мемлекеттік корпорацияның саны келесідей:

- әкімшілік - басқару аппараты - 1 983,5 (9%);
- өндірістік басқармалар - 2 587 бірлік (14%);
- Халыққа қызмет көрсету бөлімдері - 8 242 (45%);
- әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдері-2 242 (12%);
- тіркеу және жер кадастры бойынша бөлімдер - 2 824 (15%);
- Бірыңғай байланыс орталығы 1414 - 588 бірлік (3%).

Кадр құрамы бойынша деректер:

Құрылымдық бөлімше	Жоғары білім	Орташа жұмыс өтілі	Мемлекеттік корпорациядағы орташа еңбек өтілі	29 жасқа дейінгі жас	Жынысы	
					еркек	әйел
Басқарма аппараты	100%	17 жыл	8 жыл	11%	57	43
Орталық филиал	99%	15 жыл	11 жыл	7%	85	15
Филиал	86%	14 жыл	7 жыл	22%	65	35
Барлығы	86%	15 жыл	9 жыл	21%	65	35

Гендерлік теңдік конвенциясын орындау мақсатында 2022 жылдың соңында басшы лауазымдарда жұмыс істейтін әйелдердің үлесі басшы лауазымдардың жалпы санының 44% құрады, яғни 813 әйел Мемлекеттік корпорацияның әртүрлі басшы лауазымдарында жұмыс істейді (2021 жылы -44% немесе 827 басшы әйел).

Президенттік жастар кадрлық резервінің тәжірибесін ескере отырып, меритократия қағидаларын енгізу үшін 2021 жылғы мамырда 353 резервтен тұратын Мемлекеттік корпорацияның таланттар пулы құрылды. Екінші жыл басшы лауазымдарға тағайындау және қызметкерлерді жоғары тұрған лауазымдарға ауыстыру бірінші кезекте таланттар пулының резервшілері қатарынан жүргізіледі. 2022 жылы жоғары тұрған лауазымдарға таланттар пулының 43 резервисті (2021 жылы - 117) ауыстырылды, оның 29-ы басшылық лауазымдарға ауыстырылды. Осылайша, 2 жыл ішінде таланттар пулы резервшілерінің шамамен 55%-ы жоғары лауазымдарға тағайындалды. 2023 жылы мансаптық өсу процесін жетілдіру мақсатында қызметкерлер арасындағы сабақтастық бағдарламасын қайта қарау жоспарлануда.

Есепті жылы кадрлардың ауысу (айналым) көрсеткіші жақсарды. 2022 жылы кадрлар айналымы штат санының 11,7% – құрады (2021 жылы -12,7% немесе 2 343 қызметкер).

Есепті жылы 2 363 қызметкер келесі негіздер бойынша еңбек шарттарын бұзды:

- жұмыскердің бастамасы бойынша - 2 127 (91%);
- теріс себептер бойынша - 12;
- тараптардың келісімі бойынша -17;
- негізгі жұмыскердің шығуына байланысты - 81;
- тараптардың еркіне тәуелді емес мән – жайлар бойынша - 29%;
- зейнетке шығуға байланысты - 51;
- еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін - 6;
- штат санын қысқарту бойынша - 40.

Денсаулық сақтау және өндірістік қауіпсіздік

Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды (ЕҚЕҚ) қамтамасыз ету және жұмыскерлердің денсаулығын сақтау үшін Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі (ӨҚ) жөніндегі нұсқаулыққа және Іс-шаралар жоспарларына сәйкес тұрақты негізде міндетті нұсқамалар жүргізіледі.

Есептік кезеңде Мемлекеттік корпорацияның 18 220 жұмыскерлерінің 17 042 жұмыскерінен ӨҚ және ЕҚЕҚ бойынша нұсқамадан өтті. 2022 жылы Астана қаласы «ҚР ТЖМ Апаттар медицинасы орталығы» ММ мамандары мен өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаушыны тарта отырып, Мемлекеттік корпорация жұмыскерлеріне «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» тақырыбында онлайн оқыту жүргізілді.

Мемлекеттік корпорация ғимараттарында тұрақты негізде ғимараттар мен үй жайларды өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізіледі.

Жұмыскерлердің жұмыс орындары ұжымдық және жеке қорғаныш құралдарымен (медициналық дәрі қобдишалары, маскалар, қолғаптар, антисептиктер және т.б.) жабдықталған.

2022 жылы ЕҚЕҚ және ӨҚ бойынша іс - шараларға шамамен 84 млн. теңге бөлінді.

Айта кету керек, 2022 жылы Денсаулық сақтау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы жауапкершілікті күшейту мақсатында ЕҚЕҚ қамтамасыз ету функциялары әкімшілік - шаруашылық қызмет департаментінен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жеке құрылған қызметке бөлінді.

Оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламасы

Персоналды дамыту Мемлекеттік корпорацияның Даму стратегиясы міндеттерінің бірі болып табылады. Қызмет бағыттары бойынша жұмыскерлердің кәсіби (Hard skills) және жеке - іскерлік (Soft skills) құзыреттерін дамыту жөніндегі іс-шаралар, SANA мектебінің басшыларын, жұмыскерлерін және ішкі жаттықтырушыларын (тәлімгерлерін) оқыту жұмыскерлердің құзыреттерін дамытудың күнтізбелік жоспарына және филиалдарда өтетін семинар - кеңестердің жоспар-кестесіне сәйкес тұрақты негізде жүргізіледі.

Есепті кезеңде оқу орталықтары ұйымдастырды 3 тренингтер 88 жұмыскер (2021 жылы - 3 244 жұмыскерді қамтумен 34 тренинг).

Мемлекеттік корпорацияның филиалдары келесі іс - шараларды өткізді:

- мемлекеттік қызметтер стандарттары бойынша семинарлар - 67 659;
- сервистік қызмет көрсету бойынша семинарлар - 14 463;
- Іскерлік этика кодексі бойынша семинарлар - 12 183;
- sana - 11 952 кодексі бойынша семинарлар;
- терроризмге қарсы іс - қимыл тақырыбы бойынша семинарлар - 3 305;
- ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы бойынша семинарлар - 5 465;
- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңы бойынша семинарлар - 7 825;
- мемлекеттік қызметтер бойынша мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен семинар - кеңестер - 5 022;
- Мемлекеттік қызметтерді дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл бойынша «Аманат» партиясымен семинар - кеңестер - 501;
- Мемлекеттік қызметтерді дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі өзге де ұйымдармен семинар - кеңестер - 1 444.

Байқау қорытындысы бойынша үздік 6 бейне - сабақ іріктелді: 1 - орын - Маңғыстау облысы бойынша филиалының бас маманы Жұрынбай Бөкенбай; 2 - орынды Жамбыл облысы бойынша филиалдың сарапшысы Жамбылбай Елдар және Ақмола облысы бойынша филиалдың бас HR менеджері Макенова Әсия бөлісті; 3 - орын Батыс Қазақстан облысы бойынша филиал маманы Нұралы Мөлдір, Жетісу облысы бойынша филиал маманы Боранбаева Динара және Батыс Қазақстан облысы бойынша филиал менеджері Жақсығалиева Динара арасында бөлінді.

Мемлекеттік корпорацияның филиалдары өзара тиімді шарттарда елдің жоғары оқу орындарымен белсенді өзара іс - қимыл жасайды. Мемлекеттік корпорация мамандары университетте Жер мәселелері жөніндегі консультациялық орталық құру кезінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне техникалық және консультациялық көмек көрсетті, оның жұмысына 100 - ден астам бітіруші курс студенттері қатысты. Сондай-ақ, Назарбаев университетінде «Өндірістік менеджмент» бағдарламасының магистрлік жобаларын қорғауға қатысты.

Мемлекеттік корпорацияда IT мамандықтарының студенттері үшін Smart Start ақылы тағылымдама бағдарламасы басталды. Іріктеу үш кезеңде өтті, бұл мотивациялық эссені бағалау, қабілеттерді тексеру және сараптамалық комиссиямен сұхбат. 125 үміткердің ішінен 42 студент екінші кезеңге өтті. Сұхбат қорытындысы бойынша тағылымдамаға 10 бастаушы маман шақырылды. Назарбаев Университетінің, Л. Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің, Astana IT университетінің және басқа да ірі жоғары оқу орындарының студенттері белсенді қатысты.

Smart Start жобасы аясында Мемлекеттік корпорацияның жобалық тобы Назарбаев Университетінде өткізілген «Мемлекеттік корпорациямен танысу» тақырыбы бойынша «Career Week» іс-шарасына қатысты. Аталған іс - шара барысында студенттер Мемлекеттік корпорацияның Басқарма аппаратына экскурсияға шақырылды, онда оларға Мемлекеттік корпорацияның IT жобалары таныстырылды.

«Самұрық - Қазына» Корпоративтік университеті» ЖМ - мен уағдаластық бойынша 2022 жылғы сәуір-қыркүйек аралығында таланттар пулының резервшілері құзыреттерді дамыту үшін қашықтықтан оқыту платформасына қол жеткізді. Платформада келесі бағыттар: HR дағдылар, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, IT бағыты бойынша курстар, адами ресурстар мен жобаларды басқару, өз мансабын басқару, қаржы бойынша материалдар ұсынылған. Білімді бағалауға тестілеуден өту кезінде резервшілерде электрондық сертификат алу мүмкіндігі болды. Аталған университеттің деректері бойынша резервшілер 150-ден астам курсты тыңдады.

Жалпы корпоративтік іс-шаралар

Ұжымды біріктіру және корпоративтік құндылықтарды дамыту үшін Мемлекеттік корпорацияда түрлі іс - шаралар өткізіледі.

Салауатты өмір салтын насихаттау және спорттық шеберлікті арттыру мақсатында жыл сайын спартакиада өткізіледі. 2022 жылы «Бір команда - бір мақсат» спартакиадасы мамыр айында үстел теннисі, футбол, пейнтбол бойынша турнирлер өткізіліп, жеңімпаздарға кубоктар, кәдесыйлар, грамоталар табысталды.

Сонымен қатар Басқарма аппаратының футбол командасы мемлекеттік қызметкерлер мен квазимемлекеттік сектор арасындағы чемпионатқа түнгі лига форматында қатысты.

Сондай - ақ 2022 жылдың мамыр айында Басқару аппараты мен Орталық филиал командасы үшін event - агенттікті тарта отырып, тимбилдинг өткізілді.

Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің балалары үшін балаларды қорғау күніне аниматорларды шақырумен шоу бағдарлама ұйымдастырылды.

Наурыз мейрамы дәстүрлі түрде ұлттық дәстүрлер мен салт - дәстүрлер туралы конкурстар мен театр көріністерін өткізумен, ұлттық стильдегі үй - жайларды безендірумен және ұлттық тағамдармен дастархан жайумен атап өтіледі.

Сондай-ақ жыл сайын (пандемия болған жылдарды қоспағанда) Басқару аппараты мен филиалдарда Жаңа жылды мерекелеуге арналған корпоративтік кештер өткізіледі.

Әлеуметтік қолдау

Мемлекеттік корпорацияның кадр саясатының түйінді бағыты материалдық және материалдық емес құрамдас бөлікті көздейтін персоналды ынталандыру жүйесі болып табылады.

2022 жылы филиал жұмыскерлерінің жалақысы 50% - ға көтерілді.

Фронт-офистер жұмыскерлерінің ағымдағы жалақысы (2022 жыл):

ХҚКО бөлімдері лауазымының атауы	Республикалық маңызы бар бөлімдер (жалақысы, теңге)	Облыстық және қалалық маңызы бар бөлімдер (жалақысы, теңге)	Аудандық маңызы бар бөлімдер (жалақысы, теңге)
Басшы	270 000	247 500	225 000
Басшының орынбасары	240 000	217 500	195 000
Бас маман	202 500	180 000	157 000
Жетекші маман	187 500	165 000	142 500
Маман	172 500	150 000	127 500
Маман (курьер, нұсқаушы, it-мамандар)	150 000	125 000	100 000

2022 жылы штаттық жұмыскерлерге және Мемлекеттік корпорация филиалдарының қосалқы персоналына жалақының өсуіне байланысты қосымша қаражат бөлу мүмкіндігінің болмауына байланысты жұмыскерлерге материалдық сыйақы тек жыл соңында: жыл қорытындысы бойынша штаттық және штаттан тыс жұмыскерлерге 1 - ші лауазымдық жалақы және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеу құрметіне 0,5 лауазымдық жалақы мөлшерінде сыйлықақы беру.

Сондай-ақ, ЖСН алу және республика аумағында уақытша тұруға рұқсат алу бойынша мемлекеттік қызметтер алуға шет ел азаматтарының ағынына байланысты Мемлекеттік корпорацияның Астана, Алматы қалалары, Ақтөбе облысы және Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалдарының жұмылдырылған жұмыскерлеріне 3 (үш) АЕК мөлшерінде сыйақы берілді.

Материалдық емес уәждеме шеңберінде жұмыста қол жеткізген жетістіктері үшін жұмыскерлерді ЦДИАӨ Министрі мен Басқарма төрағасының алғыс хаттарымен және құрмет грамоталарымен марапаттау жүргізіледі.

2022 жылы Басқарма төрағасынан атаулы күндерге

- 822 құттықтау адресаты, жұмыс өтілі бойынша
- 123 адресат берілді (5, 10, 15, 20, 25 жас) және мемлекеттік мерекелерге
- 997 алғыс хаттар (2021 жылы - атаулы күндерге 770 құттықтау адресаты, мерекелерге 1 858 және 2 349 алғыс хат).

ЦДИАӨ Министрінің құрмет грамоталары мен алғыс хаттары 80 жұмыскерге табысталды.

Республика күніне орай «Еңбек ардагері» медалімен 7 және 4 Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері «Үздік байланысшы» төсбелгісімен марапатталды.

2022 жылғы қыркүйекте Мемлекеттік корпорацияда Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері үшін адалдық бағдарламасын (бұдан әрі - Адалдық бағдарламасы) іске асыру жөніндегі жоба басталды. Адалдық бағдарламасы Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері үшін саудагерлер желілерінде (азық-түлік және дәріхана желілері, спорттық - сауықтыру кешендері, кафелер мен мейрамханалар, ойын - сауық мекемелері және т.б.) жеңілдікті шарттар алу мүмкіндігін, сондай-ақ банк өнімдері бойынша жеңілдікті жеке шарттарды, оның ішінде жеңілдікті ипотекалық кредиттеу бағдарламаларын қосуды көздейді.

Адалдық бағдарламасы шеңберінде есепті жылы Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің тұрғын үй жағдайларын жақсарту қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында «Қазақстан Халық банкі» АҚ - мен шарт жасалды. Банк Мемлекеттік корпорация жұмыскерлеріне ипотекалық тұрғын үй қарыздарын келесі жеңілдетілген негізгі шарттармен ресімдеуге мүмкіндік берді: кредиттеу ставкасы - жылдық 10% (нарықтық шарттар - 18,5%-дан бастап); бастапқы жарна - мүлік құнының 10% - нан бастап (нарықтық шарттар - 20% - дан бастап); ұйым үшін комиссияның күшін жою (нарықтық шарттар -1%-дан бастап комиссия); қарыз мерзімі - 6 айдан 20 жылға дейін; тарту мүмкіндігі көзделген бірлескен қарыз алушы. Есепті жылы банк жалпы сомасы 212 224 000 теңгеге 16 өтінім берді. Жеңілдетілген тұрғын үй ипотекасының қатысушылары негізінен мамандар (көбіне) және филиалдардың басшылық құрамы болды.

Өкілдік ету, әлеуметтік - еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай - ақ жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау мақсатында Мемлекеттік корпорацияда 18 бастауыш кәсіподақ ұйымдарынан тұратын және кәсіподақтың 7 045 мүшесін біріктіретін Жергілікті кәсіподақ жұмыс істейді (2021 жылы - 9 245).

2022 жылы бастауыш кәсіподақ ұйымдарының өтінімдері бойынша 80 002 303 теңге бөлініп, игерілді. Ішкі құжаттарға сәйкес мүшелік жарналар есебінен кәсіподақтың 687 мүшесіне түрлі аспектілер бойынша қайырымдылық қаржылық көмек көрсетілді, оның ішінде некеге тұру 54 адам, бала туу - 270, мерейтойлық күндер - 121, емдеу - 39, зейнетке шығу - 15, төтенше, күтпеген жағдайлар бойынша - 38, жақын туыстарының қайтыс болуы - 150. Лагерьлерде сауықтыру демалысына 57 бала жіберілді, кәсіподақтың 20 мүшесі санаторлық ем алды. «Мектепке жол» акциясы бойынша 166 бірінші сынып оқушыларына қаржылай көмек көрсетілді, қарттар күніне орай концерттік бағдарламалар мен сыйлықтар табысталған шай кештері ұйымдастырылды.

Кәсіподақ Мемлекеттік корпорацияның мәдени - бұқаралық, спорттық және мерекелік іс - шараларын ұйымдастыруға да қатысты.

Ұлттық, мемлекеттік мерекелерге, мерейтойлық даталарға, зейнеткерлік жасындағы жетістіктерге орай, жемісті, көп жылдық жұмысы, кәсіподақ қозғалысын нығайтуға қосқан зор үлесі үшін бастауыш кәсіподақ ұйымдарының 74 мүшесі мен ардагерлері «Еңбек даңқы» медалімен, 110 «Кәсіпкерлік қызметінің дамуына қосқан үлесі» төсбелгісімен марапатталды 162 - ден астам кәсіподақ мүшелері мақтау қағаздарымен және Жергілікті кәсіподақтың құттықтау мекенжайлары, Атырау және Алматы филиалдарының бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары мен Астана қаласы және Ақмола облысы бойынша филиалдарының директорлары ҚР «Кәсіподақ Қайраткері» Федерациясының салалық кәсіподағының медалімен марапатталды.

Жергілікті кәсіподақ және оның құрылымдық бөлімшелері Ұжымдық шарттың ережелерін іске асыруға өзара міндеттемелерді орындау бойынша өз қызметін одан әрі жалғастыруға ниетті.

Корпоративтік мәдениетті жетілдіру жөніндегі жұмыстың нәтижесінде 2022 жылы жүргізілген персоналды тарту диагностикасының нәтижесінде қатысу деңгейі 82% - құрады. Сауалнамаға 16 429 адамның 12 166 - сы немесе 74% - ы (2021 жылы - 1 225 адам қамтылған 62%) қатысты.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Мүдделі тараптар тобы	Өзара әрекет етуге жауапты бөлімше, орган	Өзара әрекеттесу механизмі	2022 жылы өзара іс-қимыл
Жалғыз акционер	<ul style="list-style-type: none"> Корпоративтік хатшы; стратегиялық жоспарлауға жауапты бөлімше; Басқарма қызметін ұйымдастыруға жауапты бөлімше; Даму жоспарын іске асыруға жауапты бөлімше 	<ul style="list-style-type: none"> Жалғыз акционердің корпоративтік басқару мәселелері бойынша сұрау салулары мен тапсырмаларын орындау; KPI - Жалғыз акционердің құтулерін іске асыру; Мемлекеттік корпорацияның даму жоспарын және жылдық қаржылық есептілікті қалыптастыру; Ішкі және сырттай нысанда іс-шаралар өткізу; Ақпаратты ашу 	<ul style="list-style-type: none"> 2022 жыл үшін KPI - Жалғыз акционердің құтулерінің іске асырылуы туралы ақпарат беру; 2022 жылға жылдық қаржылық есептілікті бекіту; Жалғыз акционердің, оның ішінде Мемлекеттік корпорацияның уәкілетті органы ретінде орындалған 701 сұрау салуы
Директорлар кеңесі	<ul style="list-style-type: none"> Корпоративтік хатшы; ішкі аудит бөлімшесі; комплаенс-бақылау бөлімшесі 	<ul style="list-style-type: none"> Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің жұмысын жоспарлау, күн тәртібіндегі мәселелерді қарау бойынша отырыстарды ұйымдастыру; Күндізгі және сырттай нысанда іс-шаралар өткізу; Ақпаратты ашу 	Директорлар кеңесінің 10 отырысын және Комитеттердің 29 отырысын, оның ішінде ішкі аудит, стратегиялық жоспарлау, Даму жоспарын іске асыру, ұйымдық құрылымды қалыптастыру мәселелері бойынша ұйымдастыру
Менеджмент (лауазымды тұлғалар)	<ul style="list-style-type: none"> Басқарма қызметін ұйымдастыруға жауапты бөлімше; Басқарма аппаратының бөлімшелері; филиалдар 	<ul style="list-style-type: none"> Операциялық қызметті басқару; Жоспарларды, жол карталарын іске асыру; Күндізгі және сырттай нысанда іс-шаралар өткізу 	<ul style="list-style-type: none"> Басқарманың 52 отырысы, оның ішінде 20 күндізгі және 32 сырттай нысанда, онда 194 мәселе (ұйымдастыру құрылымы, сыйақы, есептік ақпарат және т.б. мәселелер) қаралды; 36 аппараттық кеңестердің хаттамалары
Филиалдар	<ul style="list-style-type: none"> Басқарма аппаратының бөлімшелері 	<ul style="list-style-type: none"> Қызметті үйлестіру және бақылау; Кері байланыс; Жобалар мен жол карталарын іске асыру; Есеп беру 	Филиалдармен 1 алқа және 30-дан астам БКБ-кеңестер ұйымдастырылды; бір жыл ішінде Басқарма мүшелерінің операциялық қызмет мәселелері бойынша филиалдарға іссапарлары жүзеге асырылды. Филиалдармен күнделікті операциялық өзара іс-қимылды қызмет бағыттары бойынша үйлестіру мен бақылауға жауапты Басқару аппаратының бөлімшелері қамтамасыз етеді
Жергілікті қауымдастықтар	<ul style="list-style-type: none"> Басқарма қызметін ұйымдастыруға жауапты бөлімше; БАҚ-пен жұмысқа жауапты бөлімше; филиалдардың бөлімшелері 	<ul style="list-style-type: none"> Консультативтік-кеңесші кеңестің қызметі; Халықтың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі бойынша әлеуметтік сауалнама шеңберінде қоғамдық пікірді зерттеу; Ақпаратты ашу 	ХҚКО-да мемлекеттік қызметтердің танымалдығы, eGov - да мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен өзектілігі, БАҚ бөлімінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша деректер тақырыптары бойынша азаматтар қатарынан 4 фокус-топ өткізілді
Жұмыскерлер	<ul style="list-style-type: none"> Персоналды дамытуға және персоналды басқаруға жауапты бөлімшелер 	<ul style="list-style-type: none"> Ішкі коммуникациялар жүйесі; Жоғары менеджменттің жұмыскерлер алдында сөз сөйлеуі; нағаттанушылықты зерттеу (сауалнамалар); Бағалауды, оқытуды және біліктілікті арттыруды ұйымдастыру 	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекеттік корпорацияда 20 мыңнан астам жұмыскер бар, оның ішінде штаттық - 18 мыңнан астамы. 12 мыңнан астам жұмыскер жұмыскерлердің қанағаттану деңгейін анықтау бойынша сауалнамаға қатысты. Біліктілікті арттыруға мамандардан бастап Басқарма мүшелеріне дейінгі барлық жұмыскерлер жұмылдырылған

Мүдделі тараптар тобы	Өзара әрекет етуге жауапты бөлімше, орган	Өзара әрекеттесу механизмі	2022 жылы өзара іс-қимыл
Көрсетілетін қызметті алушылар	<ul style="list-style-type: none"> Халыққа қызмет көрсету бөлімшелері (фронт-офистер); өтінімдерді өңдеу жөніндегі бөлімшелер (бэк-офистер); филиалдардың әкімшілік-басқару аппараты 	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекеттік қызметтерді көрсету; Кері байланыс, өтініштермен жұмыс; Ақпараттық түсіндіру жұмыстары; Қанағаттанушылықты зерттеу (сауалнамалар) 	<ul style="list-style-type: none"> 16,5 млн. астам мемлекеттік қызмет көрсетілді; Мемлекеттік қызметті алғаннан кейін Product Experience көрсетілетін қызметті алушылармен кері байланыс жүйесі арқылы NPS деңгейі өлшенеді; 4 фокус-топ өткізілді; 98 мыңнан астам өтініш қаралды.
Серіктестер	Басқарма аппаратының бейінді бөлімшелері	Шарттық қатынастар, келісімдер, іскерлік кездесулер, тәжірибе алмасу	Екінші деңгейдегі банктермен ынтымақтастықта мемлекеттік қызмет көрсету саласында көптеген жобалар енгізілді, мысалы, blockchain технологиясы бойынша кепілдіктерді тіркеу, банктің қосымшасы арқылы көлік құралдарын қайта ресімдеу, бейрезиденттерге ЖСН беруге өтінімдерді қабылдау. «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Қазпошта» АҚ қатысуымен 2022 жыл ішінде фронт-офистердің филиалдық желісін дамыту мәселелері пысықталды. Жоғары оқу орындарымен, жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесіп студенттердің тағылымдамалары, «жастар практикасы»,
Кәсіподақ	Бастауыш кәсіподақ ұйымдары	<ul style="list-style-type: none"> Ұжымдық келіссөздер; Ұжымдық шарт шеңберіндегі міндеттемелер 	9245 жұмыскер Ұжымдық шартпен қамтылды
Парламент, Үкімет, уәкілетті мемлекеттік органдар	<ul style="list-style-type: none"> Басқарма (менеджмент); Басқарма қызметін ұйымдастыруға жауапты бөлімше; Басқарма аппаратының бөлімшелері 	<ul style="list-style-type: none"> Уәкілетті органға және Мемлекеттік корпорацияға жүктелген ұлттық жобаларды іске асыруға қатысу; Жоспарлар мен жол карталарын іске асыру; Заң жобаларын әзірлеуге не қарауға келіп түскен заң жобалары бойынша ұсыныстар енгізуге қатысу; Мемлекеттік қызметтерді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу; Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша ВАК отырыстарына қатысу 	<ul style="list-style-type: none"> ҚР Парламенті Мәжілісімен бірлесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік корпорация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленді. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен Үкімет қорытындысының жобасы әзірленді және келісілді. ВАК-тың 8 отырысына қатысты. Мемлекеттік корпорация мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру мәселелері бойынша 26 орталық мемлекеттік органмен және Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетімен өзара әрекет етеді. НҚА-ға өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар үнемі енгізіледі, келіп түскен заң жобалары қаралады. Мемлекеттік корпорация қызметінің бағыттары бойынша орталық мемлекеттік органдармен бірлескен жобаларды іске асыруға қатысты (ЦДИАӨМ, АШМ, ЕХӘҚМ, ӘМ).
Қаржы институттары	Қазынашылық бөлімшесі	Банктік қызмет көрсету және уақытша бос ақша қаражатын орналастыру жөніндегі шарттық қатынастар. Бағалы қағаздар - ҚР Ұлттық банкінің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу бойынша аукционға қатысу	<p>Ақша қаражатын қаржы құралдарына әртараптандыру шеңберінде, депозиттерге уақытша бос ақшаны орналастыруға келесі екінші деңгейдегі банктермен шарттар жасалды:</p> <ul style="list-style-type: none"> «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ, «Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ, «Алтын банк» АҚ. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері үшін жеңілдікті ипотекалық кредиттеу бойынша адалдық бағдарламасы шеңберінде ынтымақтастық туралы шарт жасалды. Сондай-ақ, «Қазпошта» АҚ-мен шарт жасалды Мемлекеттік корпорацияның уақытша бос ақшалай қаражатын мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру шеңберінде брокерлік қызмет көрсетуге.

Мүдделі тараптар тобы	Өзара әрекет етуге жауапты бөлімше, орган тобы	Өзара әрекеттесу механизмі	2022 жылы өзара іс-қимыл
Өнім берушілер (контрагенттер)	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға жауапты бөлімше; Мемлекеттік сатып алуды өткізуге бастамашы болған бөлімшелер 	Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға жауапты бөлімше; Мемлекеттік сатып алуды өткізуге бастамашы болған бөлімшелер Мемлекеттік сатып алу, шарттарды жасасу және орындау рәсімдерін сақтау	Өнім берушілермен өзара әрекет ету мемлекеттік сатып алу рәсімдері шеңберінде жүзеге асырылады. 2022 жылға арналған Мемлекеттік сатып алу жоспары 14 899 тармақтан тұрады және 98,6% орындалды. Көп бөлігінде мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша міндеттемелер тиісінше орындалды. 1 471 өнім берушіге қатысты сотқа талап- арыз берілді, оның 578-і толық қанағаттандырылды. 4 408 өнім беруші Мемлекеттік корпорацияға қатысты талап-арыздарын мәлімдеді, олардың 600-сі толық сотпен қанағаттандырылды
Аутсорсингтік компаниялар	Филиалдардың бөлімшелері	Шарттық қатынастарды сақтау	«Mukhat» ЖШС және «Яндекс. Такси. Корп» курьерлік қызметтеріне дайын құжаттарды (мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін) көрсетілетін қызметті алушының талап ету орны бойынша жеткізу функциясы берілді. «Tandau Finance» ЖШС Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшелерін тасымалдау үшін үш жеңіл автокөлікті жүргізушісімен жалдау қызметі берілді
Бұқаралық ақпарат құралдары	БАҚ-пен жұмысқа жауапты бөлімше	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратты ашу; іс-шараларды күндізгі және сырттай нысанда өткізу; Әлеуметтік желілерде, Басқарма төрағасының блогында сұранымдармен жұмыс; Ресми интернет-сайттар мен басқа да коммуникация құралдарын дамыту; Жоғары менеджменттің БАҚ өкілдерімен кездесулері; Блогер қоғамдастығының өкілдерімен ынтымақтастық; Мемлекеттік корпорацияның қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысы 	«Ақпараттық-имидждік жұмыс» есебінің 6-бөліміндегі толық ақпарат

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ

- 9. Корпоративтік басқару жүйесі
- 10. Жалғыз акционер
- 11. Директорлар кеңесі
- 12. Директорлар кеңесінің Комитеттері
- 13. Басқарма
- 14. Сыйақылар туралы есеп

- 15. Корпоративтік бақылау
 - 15.1. Омбудсмен
 - 15.2. Комплаенс бақылау
 - 15.3. Ішкі аудит
 - 15.4. Тәуекел менеджменті және ішкі бақылау



Мемлекеттік корпорацияны корпоративтік басқару жүйесі

Мемлекеттік корпорацияда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ отандық және халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, корпоративтік басқару жүйесі құрылған. Мемлекеттік корпорация ұйымның ағымдағы қызметін қолдап қана қоймай, даму шамасына қарай халықтың өзгеріп отыратын қажеттіліктерін ескеріп, сондай-ақ акционер мен барлық мүдделі тараптардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуі үшін басқару тәсілдері мен қағидаттарын үнемі жетілдіріп отырады.

Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару жүйесі Мемлекеттік корпорацияның қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процестер жиынтығын, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер мен мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді.

Мемлекеттік корпорацияның қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесі Мемлекеттік корпорацияның басқару органдары, лауазымды адамдары мен жұмыскерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды, мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтауды, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның заңнамасы мен ішкі құжаттарына сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Органдардың құзыреттері мен шешімдер қабылдау тәртібі Мемлекеттік корпорацияның Жарғысында айқындалып, бекітілген.


Мемлекеттік корпорация қызметінің тиімділігі ашықтықты, бақылауды және өкілеттіктердің аражігін ажыратуды қамтамасыз ететін және уақытылы ден қою арқылы әртүрлі тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік беретін деңгейлердің әрқайсысында дұрыс құрылған корпоративтік басқару процестері есебінен жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі Мемлекеттік корпорацияда корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылайды, ал Корпоративтік хатшы оның үздіксіз жетілдірілуін үйлестіреді.

Жалғыз акционер 2020 жылғы 25 желтоқсанда бекіткен (№ 476/НҚ бұйрық) Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) корпоративтік басқару тәжірибесін құру және жақсарту негізделетін негізгі құжат болып табылады. Кодекс Мемлекеттік корпорацияда корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қағидаттарды бекітеді. Директорлар кеңесі мен Ішкі аудит жөніндегі комитет Кодекстің қағидаттары мен негізгі ережелерінің енгізілуіне бақылау жүргізеді. Кодекстің талаптарына сәйкес Корпоративтік хатшы жыл сайын Кодексті Мемлекеттік корпорацияның оның қағидаттары мен ережелерін сақтауы тұрғысынан талдайды және Директорлар кеңесінің бекітуіне есеп береді.

Мәселен, 2023 жылғы 17 мамырда Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі (№ 01-01-02/03 хаттама) Мемлекеттік корпорацияның 2022 жылға арналған кодексінің қағидаттары мен негізгі ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті (бұдан әрі – Сақтау туралы есеп) қарап, бекітті. Сақтау туралы есепке сәйкес Кодексте көрсетілген қағидаттардың жалпы саны - 7, ал ережелер – 241.

2021 жылмен салыстырғанда Кодекстің қағидаттары мен негізгі ережелерінің сақталуы/сақтамауы:





Кодекстің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігі

Кодекс ережесінің мазмұны	Түсініктемелер
<p>Өкілеттіктердің аражігін ажырату (21 ереженің 95% сақталады, 5% ішінара сақталады)</p>	
<p>1 Мемлекеттік корпорацияда оңтайлы құрылымын құрған жөн, ол өз активтерінің және олардың ұйымдық-құқықтық нысанының құрылымын барынша оңайлатуға ұмтылуы тиіс.</p>	<p>Ішінара сақталады. B2022 жылы Мемлекеттік корпорацияда Басқарма аппаратының құрылымы мен штат бірліктерін ішінара оңтайландыру ғана жүргізілді. Еңбек өнімділігі мен стратегиялық және операциялық міндеттерді іске асыру тиімділігін арттыруға бағытталған құрылымды оңтайландыру қажет.</p>
<p>Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты (5 ереженің 80% сақталады, 20% ішінара сақталады)</p>	
<p>2 Жалғыз акционер бір жылғы қызметінің қорытындыларын шығару және өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесімен және атқарушы органмен отырыс өткізе алады. Жалғыз акционер өз құзыреті шеңберінде Мемлекеттік корпорация қызметінің мәселелерін талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен жыл бойы тұрақты түрде кездесулер де өткізе алады.</p>	<p>Ішінара сақталады. Жалғыз акционердің Директорлар кеңесімен және атқарушы органмен жыл қызметінің қорытындыларын шығару және өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін отырыстар өткізу құқығы Мемлекеттік корпорация жарғысының 21 - тармағының 11) тармақшасында бекітілген. Алайда, 2022 жылы жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің төрағасымен кездесулері мен келіссөздері болған жоқ.</p>
<p>Директорлар кеңесі мен Басқарманың Мемлекеттік корпорацияны тиімді басқаруы қағидаты (144 ереженің 91,5% сақталады, 5% ішінара сақталады, 3% сақталмайды)</p>	
<p>3 Директорлар кеңесінде және оның Комитеттерінде Мемлекеттік корпорацияның мүдделерінде және Жалғыз акционерге әділ қарым-қатынас және тұрақты даму қағидаттары ескеріле отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білім теңгерімін сақтаған жөн.</p>	<p>Ішінара сақталады. Мемлекеттік корпорацияның директорлар кеңесінің құрамына кәсіби қызметте, басшылық лауазымдарда жеткілікті жұмыс тәжірибесі, экономика, қаржы және аудит, құқықтану және корпоративтік басқару саласында жұмыс тәжірибесі мен білімі бар, Мемлекеттік корпорация мүддесінде тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін адамдар кіреді. Алайда, Директорлар кеңесінің құрамында IT саласында білімі бар мамандар жетіспейді.</p>
<p>4 Стратегиялық жоспарлау комитеті тиісті тәжірибесі және құзыреті бар сарапшыларды өз қызметін дұрыс ұйымдастыру үшін тартуға құқылы. Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылмайтын Комитет мүшелерін Комитет төрағасының ұсынымы бойынша Директорлар кеңесі тағайындайды.</p>	<p>Ішінара сақталады. Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 30 маусымдағы шешімімен (№ 01-01-02/03 хаттама) бекітілген Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттерін дамыту және олардың сыртқы сарапшыларды тартуы туралы қағидалардың 5.3.1 және 5.3.2-тармақтарына сәйкес, Директорлар кеңесінің шешімі бойынша сыртқы сарапшыларды тартуға болады. 2022 жылғы 31 желтоқсан бойынша Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамына Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Комитет мүшелері кірмеді және сыртқы сарапшылар тартылмады. 2022 жылы сыртқы сарапшыларды тарту қажеттілігі болмады, алайда Басқарма 2021 жылғы 28 желтоқсанда (№ 01-02-04/53 хаттама) 2023 жылы Мемлекеттік корпорацияда корпоративтік басқару деңгейін жоспарланып отырған сыртқы бағалау (диагностикалау) шеңберінде Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы саясаты мен мөлшерін айқындау үшін сыртқы сарапшыларды (консультанттарды) тарту туралы шешім қабылдады.</p>
<p>5 Кадрлар және сыйақы комитетінің функцияларына тағайындау (сайлау), ынталандыру KPI қою, қызметті бағалау, сыйақы және атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау мәселелері, Корпоративтік хатшыны, Омбудсменді тағайындау және сыйақы беру, сондай-ақ Жалғыз акционерге мұндай өкілеттіктер берілген жағдайда, Директорлар кеңесінің өзінің құрамына қатысты көрсетілген мәселелерді қарауға қатысу мәселелері қамтылады. Бұл жағдайда, Кадрлар және сыйақы комитетінің мүшелеріне мүдделер қақтығысы бар ахуалдың туындауына жол бермеуі және өзінің тағайындалуы және/немесе сыйақы беру мәселелерін қарау кезінде қатыспауы ұсынылады.</p>	<p>Ішінара сақталады. Кадрлар, сыйақылар және этика жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес Комитеттің негізгі функциялары кадр саясаты, еңбекақы төлеу және кәсіби даму жүйесі, Басқарма төрағасы мен мүшелерінің, Омбудсменнің, Корпоративтік хатшының және Комплаенс бақылау қызметінің жұмыскерлерінің қызметін бағалау және сыйақы шарттары мәселелері, сондай-ақ Комитет құзыретіне кіретін басқа да мәселелер болып табылады. Алайда, Комитет тағайындау және жұмыстан шығару, Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің өзінің құрамын тағайындау саясатына қатысты мәселелерді қарауға қатысқан жоқ, себебі Басқарма төрағасы мен мүшелерін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау, жұмыстан шығару мәселелері Директорлар кеңесінің қатысуынсыз Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады. Алайда, Кодекстің ережесін іске асыру мақсатында, өткен жылы аталған Комитет Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері қарастырылып, ол бойынша ұсыныстарды ұсыныстар берілген.</p>

Кодекс ережесінің мазмұны	Түсініктемелер
<p>Директорлар кеңесі мен Басқарманың Мемлекеттік корпорацияны тиімді басқаруы қағидаты (144 ереженің 91,5% сақталады, 5% ішінара сақталады, 3% сақталмайды, 1% қолданылмайды)</p>	
<p>6 Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің ішкі дауыс беру нысанындағы отырыстарында ғана жүзеге асырылады.</p>	<p>Ішінара сақталады. Мемлекеттік корпорация Жарғысының 65-тармағында және Директорлар кеңесі туралы ереженің 15.7-тармағында Мемлекеттік корпорациямен ішінара сақталған сырттай дауыс беру арқылы маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдер қабылдау бойынша шектеулер көзделген. Алайда, ерекше жағдайларда, Ережеге сәйкес Директорлар кеңесі төрағасының рұқсатымен стратегиялық маңызды мәселелерді сырттай қарауға болады. Мәселен, маңызды мәселелерді (акцияларды, орналастыру мәселелері) қарастыратын отырыстар сырттай дауыс беру арқылы өткізілді, бұл ішінара мәселені шешудің өзектілігімен байланысты.</p>
<p>7 Корпоративтік хатшы сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның жылдық есебінің құрамына енгізілетін осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп дайындауды жүзеге асырады. Осы есепте тиісті түсініктемелерді келтіре отырып, Кодекстің сақталмаған қағидаттары мен негізгі ережелерінің тізбесін көрсету керек.</p>	<p>Ішінара сақталады. Кодекстің 2021 жылғы қағидаттары мен түйінді ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 20 мамырдағы шешімімен (№ 01-01-02/04 хаттама) бекітілді және оның қысқаша редакциясында Мемлекеттік корпорацияның 2022 жылғы жылдық есебіне енгізілді. Алайда, бұл Есепте жылдық есептің үлкен мазмұнына байланысты егжей-тегжейлі тиісті түсініктемелер жоқ. 2022 жылғы Есеп Директорлар кеңесінің 2023 жылғы мамырдағы 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.</p>
<p>8 Жалғыз акционермен өзара әрекет етуді қамтамасыз ету бөлігінде: 1) тиісті шешімдер қабылдау үшін Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарды уақытылы ұсыну; 2) Жалғыз акционердің шешімдерінің сақталуын қамтамасыз ету; 3) Жалғыз акционердің сұранымдарына ақпараттың уақытылы негізде ұсынылуын бақылауды қосқанда, Қоғамның Жалғыз акционермен тиісті өзара әрекет етуін қамтамасыз ету.</p>	<p>Ішінара сақталады. Жалғыз акционермен өзара әрекет етуді қамтамасыз ету бөлігінде Корпоративтік хатшы Корпоративтік хатшы қызметінің тікелей ықпал етуімен Жалғыз акционердің шешімдерінің орындалуына және Жалғыз акционердің сұранымдарына уақытылы негізде ақпараттың ұсынылуына бақылау жүргізуді қамтамасыз етті. Алайда, Корпоративтік хатшы қызметінің ықпал етуімен Жалғыз акционердің қарауына бағытталған барлық мәселелер уақытылы шешілмейді.</p>
<p>9 Басқарма Мемлекеттік корпорацияның оңтайлы ұйымдық құрылымын құруды қамтамасыз етеді. Ұйымдық құрылым мыналарға: 1) шешімдерді қабылдау тиімділігіне; 2) Мемлекеттік корпорация өнімділігін ұлғайтуға; 3) шешімдер қабылдау жеделдігіне; 4) ұйымдық икемділікке бағытталуы тиіс. Мемлекеттік корпорацияның бос орындарына үміткерлерді іріктеу ішкі құжаттарға сәйкес ашық және таза конкурстық рәсімдер негізінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде бос және уақытша бос лауазымдарға қабылдау үшін тұрақты кадрлар резервін құру және қолдау мақсатында, Мемлекеттік корпорацияда конкурстық іріктеуге қатысқан және Конкурстық комиссия ұсынған үміткерлерден кадр резерві қалыптастырылады. Мемлекеттік корпорацияның жұмыскерлері нәтижелілікті бағалаудан тоқсан сайынғы негізде өтеді.</p>	<p>Ішінара сақталады. Бос лауазымдарға үміткерлерді іріктеу қатардағы мамандардың бос лауазымдарына орналасу рәсімдерінің оңайлатылуын (тестілеусіз) және кадр резерві күшінің жойылуын ескере отырып, жаңа редакцияда бекітілген Мемлекеттік корпорацияда жұмысқа қабылдау қағидаларына сәйкес ашық және таза конкурстық рәсімдер негізінде жүзеге асырылады (Басқарманың 2022 жылғы 11 шілдедегі № 01-02-04/27 шешімі). 2022 жылы филиалдар 759 бос лауазымға орналасуға 118 конкурс өткізді, оның қорытындысы бойынша 466 үміткер жұмысқа қабылданды. Басқарма аппараты 23 бос лауазымға орналасуға 10 конкурс өткізді, оның қорытындысы бойынша 20 үміткер конкурстық комиссияның оң шешімін алды. Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері қызметінің тиімділігін бағалау келесі ішкі құжаттарға сәйкес жүргізіледі: 1) Басқарманың 2018 жылғы 05 қазандағы шешімімен (№ 01-02-04/50 хаттама) бекітілген Мемлекеттік корпорацияның Адами капиталды дамыту жөніндегі корпоративтік стандарт; 2) Басқарманың 2010 жылғы 17 қыркүйектегі шешімімен (№ 01-02-04/48 хаттама) бекітілген Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу қағидаларына; 3) Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 қарашадағы шешімімен (№ 01-01-02/09 хаттама) бекітілген Басшы жұмыскерлерге, Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне, Корпоративтік хатшыға, Омбудсменге, Комплаенс бақылау қызметі мен Корпоративтік хатшы қызметі жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларына; 4) Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 3 мамырдағы шешімімен (№ 01-01-02/02 хаттама) бекітілген Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері мен Мемлекеттік корпорацияның Корпоративтік хатшысы қызметінің тиімділігін бағалау қағидаларына; 5) Директорлар кеңесінің 20(№01-01-02/09 хаттама) 21 жылғы 26 қарашадағы шешімімен бекітілген Мемлекеттік корпорацияның басшы жұмыскерлеріне қызметтің тиімділігін бағалау және сыйақы төлеу қағидаларына. Есептік кезеңде Басқарма төрағасы мен мүшелерінің, сондай-ақ заңнамалар мен Мемлекеттік корпорацияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмыскерлердің қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізілді. Сонымен бірге 2022 жылы Мемлекеттік корпорацияның Басқарма аппараты мен филиалдары жұмыскерлерінің қызметінің тиімділігін бағалау жүргізілген жоқ.</p>

Кодекс ережесінің мазмұны	Түсініктемелер
<p>Директорлар кеңесі мен Басқарманың Мемлекеттік корпорацияны тиімді басқаруы қағидаты (144 ереженің 91,5% сақталады, 5% ішінара сақталады, 3% сақталмайды, 1% қолданылмайды)</p>	
<p>10 Бір адам Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам (мысалы, үш үшжылдық мерзімге) сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда, тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте Директорлар кеңесіне мұндай адамды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, жыл сайын немесе Жалғыз акционер айқындаған өзге де мерзімде өткізіледі. Өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға бір де бір тұлға қатыспауы тиіс.</p>	<p>Қолданылмайды Мемлекеттік корпорация 2016 жылдан бері жұмыс істейді. 2022 жылы Директорлар кеңесінің мүшесінің тоғыз жылдан көп мерзімде болуы жағдайлары жоқ.</p>
<p>11 Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционері даму стратегиясы, Мемлекеттік корпорация Басқармасының бірінші басшысын сайлау мәселелерін және Мемлекеттік корпорацияның орнықты дамуына ықпал ететін және ұзақ мерзімді құнды өсіруге әсер ететін өзге де аспектілерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен және мүшелерімен қосымша отырыс өткізе алады.</p>	<p>Сақталмайды Мемлекеттік корпорация Басқармасының бірінші басшысын сайлау мәселесін және Мемлекеттік корпорацияның рентабельділігі мен орнықты дамуына әсер ететін басқа аспектілерді талқылау үшін Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің мүшелерімен отырыстары 2022 жылы Мемлекеттік корпорация Жарғысына сәйкес осы мәселені шешу бойынша айрықша өкілеттіктердің Жалғыз акционерге берілуіне байланысты өткізілмеді.</p>
<p>12 Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге (мысалы, екі үш жылдық мерзім) кез келген сайлану мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жағынан жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуы тиіс.</p>	<p>Сақталмайды Мемлекеттік корпорация 2016 жылдан бері жұмыс істейді. Директорлар кеңесінің құрамында алты жылдан астам уақыт бойы ДК құрамында болған Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі И. Талло бар.</p>
<p>13 Үш жылда кемінде бір рет бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.</p>	<p>Сақталмайды Мемлекеттік корпорация 2016 жылдан бері жұмыс істейді, тәуелсіз кәсіби ұйымның қатысуымен бағалау құрылған сәттен бастап жүргізілген жоқ. Алайда, Ішкі аудит қызметі бекітілген Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне сәйкес, 2021 жылы өз күшімен корпоративтік басқаруды диагностикалауды жүргізіп, ұсынымдар берді және түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірледі. Корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалауды өткізуді 2023 жыл ішінде жүргізу жоспарлануда.</p>
<p>14 Жалғыз акционер Директорлар кеңесіне дербес немесе тәуелсіз консультантты тарта отырып, жеке бағалау жүргізе алады. Жалғыз акционер жүргізетін бағалау кезінде Директорлар кеңесі өз бетінше жүргізген бағалау қорытындылары, Мемлекеттік корпорация қызметінің қорытындылары, ҚНҚ орындау ескеріледі.</p>	<p>Сақталмайды Қызметті бағалау олардың пікірінше қажеттіліктің болмауына байланысты, өз бағалауын жүргізуге бастамашылық білдірмеген Жалғыз акционердің қатысуынсыз өз күшімен жүзеге асырылды.</p>
<p>Тұрақты даму қағидаты (18 ереженің 89% сақталады, 5,5% ішінара сақталады, 5,5% сақталмайды)</p>	
<p>15 Мемлекеттік корпорация тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын әріптестермен жасалатын тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) енгізуі және олардың сақталуын талқылауы қажет. Әріптестермен тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын енгізу бойынша кешенді шараларды қабылдау ұсынылады. Егер Мемлекеттік корпорацияның әріптестердің экономикаға, экологияға және қоғамға теріс әсер етуімен байланысты тәуекелді анықтаса, онда Мемлекеттік корпорация ондай әсерді тоқтатуға немесе оның алдын алуға бағытталған шаралар қабылдайды.</p>	<p>Қолданылмайды. Мемлекеттік корпорация өндірістік компания болып табылмайды және теріс әсерін тигізбейді және оның серіктестерінің экономикалық, экологиялық әлеуметтік салаларға мен теріс әсерін тигізе алмайды.</p>

Кодекс ережесінің мазмұны

Түсініктемелер

Тұрақты даму қағидаты

(18 ереженің 89% сақталады, 5,5% ішінара сақталады, 5,5% сақталмайды)

Мемлекеттік корпорацияда тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі, соның ішінде келесі элементтер түзіледі:

- 1) Директорлар кеңесінің, Басқарманың және жұмыскерлердің деңгейінде тұрақты даму қағидаттарына бейілділік;
- 2) үш құрауыш (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) бойынша ішкі және сыртқы ахуалды талдау;
- 3) әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларда орнықты даму аясындағы тәуекелдерді айқындау;
- 4) мүдделі тараптардың картасын жасау;
- 5) тұрақты даму саласындағы мақсаттарды және ҚНҚ айқындау;
- 6) тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адами ресурстарды басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, негізгі процестерге, сондай-ақ даму стратегиясына және шешімдер қабылдау процестеріне тұрақты дамуды ықпалдастыру;
- 7) тұрақты даму саласындағы лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің біліктілігін арттыру.

Ішінара сақталады.

Ішінара сақталады.

Мемлекеттік корпорацияда тұрақты даму саласындағы жүйе құрылады, оған жалпы, орнықты даму қағидаттарына бейілділік элементтері қамтылады, қызмет шеңберінде тиісті бағыттардағы тәуекелдерді айқындай отырып, үш құрамдас бөлік (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) бойынша жағдайды талдауды жүзеге асырады.

Жалғыз акционер 2022 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексін бекітті, Директорлар кеңесі Даму стратегиясын бекітті, Басқарма Тұрақты даму саласындағы саясатты, Компанияның Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саясатын, Корпоративтік кадр саясатын және басқа да ішкі құжаттарды бекітті, олардың саны небәрі 143.

Директорлар кеңесі Кодексте көзделген Қағидаттар мен ережелерді сақтау / сақтамау туралы есепті қарайды.

Жыл сайын мүдделі тараптардың картасы өзектендіріледі, тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, негізгі процестерге, сондай-ақ Даму стратегиясы мен шешім қабылдау процестеріне, сондай-ақ қызметкерлердің біліктілігін арттыру процестеріне орнықты дамуды интеграциялау жүзеге асырылады.

Алайда, Мемлекеттік корпорацияда тұрақты даму саласында оқыту жоқ, оны Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің барлық деңгейлерінде енгізу талап етіледі. 2023 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспарында Басқарма мүшелері мен басқарма аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары «Орнықты даму саласындағы жүйелік тәсіл» тақырыбы бойынша оқыту көзделген.

2022 жылы мемлекеттік сатып алудың өзгеруіне байланысты оқыту жүргізілген жоқ.

Тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және тұрақты даму аудиті

(32 ереженің ішінде 75% сақталады, 19% ішінара сақталады, 6% сақталмайды)

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру қағидаттары мен тәсілдері мыналарды көздейді:

- 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің мақсаттары мен міндеттерін айқындау;
- 2) шешімдер қабылдаудың барлық деңгейлері қамтылған және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процесінде тиісті деңгейдегі рөл ескерілген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің ұйымдық құрылымы;
- 3) тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар (процесті айқындау тәсілдері, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібі, ден қою әдістерін айқындау, мониторинг және т.б.);
- 4) ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін өткізуге қойылатын талаптар (ішкі бақылау жүйесінің негізгі салаларының және негізгі құрамдауыштарының сипаттамасы, ішкі бақылау саласындағы тиімділікті бағалау және есептілік тәртібі және басқалар).

Ішінара сақталады

Мемлекеттік корпорацияда мынадай ережелер мен саясаттар қолданылады:

- 1) Жобалық кеңсе туралы ереже;
- 2) Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
- 3) Директорлар кеңесі туралы ереже;
- 4) Басқарма туралы ереже;
- 5) Директорлар кеңесінің комплаенс және тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы ереже;
- 6) Тәуекелдерді басқару саясаты және ішкі бақылау жүйесінің саясаты.
- 7) Тәуекелдерді басқару жөніндегі қағидалар.

ІБЖ-ның нысаналы құралдары 1-2-3 деңгейге дейін егжей-тегжейлі бизнес-процестердің жіктеуішінің (тізілімінің) болуын болжайды, мұнда егжей-тегжейдің 3 деңгейінде процестің қадамдарында тәуекелдер мен бақылаулардың бірыңғай матрицасын қалыптастыратын тәуекелдер мен бақылаулар айқындалатын болады. Бизнес-процестерді нақтылаудың бұл деңгейіне 2024 жылға қарай «BPM платформасында Мемлекеттік корпорацияның ішкі бизнес-процестерін автоматтандыру және оңтайландыру» және «Мемлекеттік корпорация қызметінің тиімділігін басқарудың процеске бағдарланған тәсілін дамыту» жобалары аяқталғаннан кейін қол жеткізу жоспарлануда.

Осыны ескере отырып, 2023-2026 жылдарға арналған тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамытудың бекітілген бағдарламасы бойынша Мемлекеттік корпорацияның тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын әзірлеу 2024 жылдың 1 тоқсанында көзделген. Осыған байланысты, ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылатын егжей-тегжейлі талаптарды қамтитын Мемлекеттік корпорацияның ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру жөніндегі қағидалар (ішкі бақылау жүйесінің негізгі бағыттары мен негізгі компоненттерінің сипаттамасы, ішкі бақылау саласындағы тиімділік пен есептілікті бағалау тәртібі және басқалар) тәуекелдер мен бақылаулар матрицасы бекітілгеннен кейін әзірленетін болады (1 тоқсан 1-2-3 деңгейге дейін (2024 жылға қарай) егжей-тегжейлі бизнес-процестердің жіктеуіші (тізілімі).

Мемлекеттік корпорацияда бекітілген ішкі құжаттар шеңберінде:

- 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мақсаттары мен міндеттері;
- 2) шешімдер қабылдаудың барлық деңгейлерін қамти отырып және рөлдерді деңгейлер бойынша бөлуді, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процесінде қатысушылардың өзара іс-қимылын ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы;
- 3) тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар (процестерді айқындау тәсілдері, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібі, ден қою әдістерін айқындау, мониторинг және басқалар).

Кодекс ережесінің мазмұны

Түсініктемелер

Тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және тұрақты даму аудиті (32 ереженің ішінде 75% сақталады, 19% ішінара сақталады, 6% сақталмайды)

Басқарма:

- 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарды әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді;
- 2) оларға бекітілген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қағидаттары мен рәсімдерін практикалық тұрғыда іске асыру және үздіксіз жүзеге асыру арқылы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құруды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- 3) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру саласында Директорлар кеңесінің шешімдерін және Ішкі аудит комитетінің ұсынымдарын орындауға жауап береді;
- 4) ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мониторингін жүзеге асырады;
- 5) сыртқы және ішкі ортадағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестері мен рәсімдерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Ішкі бақылау қағидаттарын іске асыру және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында, Мемлекеттік корпорация Басқармасы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың нақты рәсімдері үшін өкілеттітерді, міндеттерді және жауапкершілікті төмендегі деңгейдегі басшылар және/немесе құрылымдық бөлімшелердің басшылары/бизнес-процестердің иелері арасында бөледі.

Ішінара сақталады.

Басқарма бірінші жартыжылдықта ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру саласындағы Директорлар кеңесінің шешімдері мен Ішкі аудит жөніндегі комитеттің ұсынымдарының орындалуын бақылауды, сондай-ақ ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес сыртқы және ішкі ортадағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі мәселелерді талдауды жүзеге асырды. Бірақ, 2022 жылдың екінші жартысында Мемлекеттік корпорацияның құрылымы мен штат кестесін өзгерту шеңберінде 2022 жылдың 22 тамызынан бастап тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі функциялар қызметтің тиімділігін басқаруға процестік тәсілді енгізу және Мемлекеттік корпорацияның жобалау қызметін жетілдіру арқылы ТБЖ мен ІБЖ-нің қолданбалы құрамдас бөлігін арттыру мақсатында жобалау кеңсесіне берілді. сонымен, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мониторингін уақытылы жүргізілмеді.

Ішінара сақталады.

Мемлекеттік корпорацияда бекітілген ішкі құжаттар шеңберінде:

- 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мақсаттары мен міндеттері;
- 2) шешімдер қабылдаудың барлық деңгейлерін қамти отырып және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процесінде тиісті деңгейдің рөлін ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы;
- 3) тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар (процестерді айқындау тәсілдері, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібі, ден қою әдістерін айқындау, мониторинг және басқалар).

Сондай-ақ жұмыс істеудің негізгі нұсқаулары мен мақсатты құралдары анықталған.

Корпоративтік басқарудағы және ТБЖ-дағы негізгі құралдар ішкі бақылаудың ең төменгі деңгейін қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

1. Бақылау ортасы - бекітілген ұйымдық құрылымның және штат кестесінің, есеп саясатының, іскерлік этика кодексінің және қоршаған орта элементтерін айқындайтын басқа да ІНҚ болуы.
2. Тәуекелдерді бағалау – ТБЖ бойынша ІНҚ (Тәуекелдерді басқару саясаты, Тәуекелдерді басқару ережелері, Комплаенс саласындағы саясат).
3. Бақылау рәсімдері - тексеру, келісу, бекіту, қорытынды ұсыну, түзету (пысықтау), бас тарту сияқты әрекеттерді қамтитын процестерді (стандарттарды, ережелерді, нұсқаулықтарды, регламенттерді және т.б.) сипаттайтын Мемлекеттік корпорацияның ІНҚ-де көзделген.
4. Ақпарат және коммуникация-электрондық құжат айналымы жүйесі, корпоративтік сайт, корпоративтік пошта, жұмыс чаттары, e-Otinish порталы арқылы Мемлекеттік корпорацияның стейкхолдерлеріне ақпаратты жеткізу құралдарының болуы.
5. Ішкі бақылау жүйесінің мониторингі, Мемлекеттік корпорацияның құрылымдық бөлімшелері, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері қызметінің тиімділігін бағалау бөлігінде ҚНҚ жүйесінің болуы; процестердің аудиттері бөлігінде - ТБЖ аудиттері, қолданыстағы бизнес-процестердегі тәуекелдерді анықтауға бағытталған СМЖ ішкі және сыртқы инспекциялық аудиттері, оларды мониторингілеу және кейіннен барынша азайту мақсатында.

Бұл ретте, ІБЖ нысаналы құралдары 1-2-3 деңгейге дейінгі егжей-тегжейі бар Бизнес-процестердің жіктеуішінің (Тізілімінің) болуын болжайды, мұнда процестің қадамдарындағы егжей-тегжейдің 3 деңгейінде тәуекелдер мен бақылаулардың бірыңғай матрицасын қалыптастыратын тәуекелдер мен бақылаулар айқындалатын болады. Бизнес-процестерді нақтылаудың бұл деңгейіне 2024 жылға қарай «BPM платформасында Мемлекеттік корпорацияның ішкі бизнес-процестерін автоматтандыру және оңтайландыру» және «Мемлекеттік корпорация қызметінің тиімділігін басқарудың процеске бағдарланған тәсілін дамыту» жобалары аяқталғаннан кейін қол жеткізу жоспарлануда. Осыны ескере отырып, 2023-2026 жылдарға арналған тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамытудың бекітілген бағдарламасы бойынша Мемлекеттік корпорацияның тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын әзірлеу және бекіту 2024 жылдың 1 тоқсанында көзделген.

Кодекс ережесінің мазмұны	Түсініктемелер
---------------------------	----------------

Тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және тұрақты даму аудиті
(32 ереженің ішінде 75% сақталады, 19% ішінара сақталады, 6% сақталмайды)

20	<p>Басқарма тәуекелдер тізілімі мен картасын қараған кезде стратегиялық міндеттерді іске асыруға шын мәнінде әсер етуі мүмкін тәуекелдерді қамтитынына көз жеткізуі қажет, ал тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қараған кезде іс-шаралардың пайдалылығына көз жеткізуге тиіс.</p> <p>Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі және Мемлекеттік корпорация Басқармасы негізгі тәуекелдер, Мемлекеттік корпорацияның стратегиясы мен бизнес жоспарына әсері тұрғысынан оларды талдау туралы ақпаратты тұрақты түрде алып тұруы қажет.</p>	<p>Ішінара сақталады</p> <p>Мемлекеттік корпорацияның тәуекелдерді басқару жүйесі Тредвей комиссиясының демеушілік ұйымдар комитетінің (COSO) «Ұйымдардың тәуекелдерін басқару. Стратегиялық міндеттерді іске асыруға әсер ету тұрғысынан тәуекелдерді қарастыратын интеграцияланған модель» (2016). Осы тәсілді ескере отырып, Мемлекеттік корпорацияның тіркелімі мен тәуекелдер картасын қарау кезінде жалғыз акционердің KPI күтуі және Мемлекеттік корпорацияның стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген көрсеткіштер есепке алынады. Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен (№ 01-01-02/10 хаттама) негізгі тәуекелдерді іріктеу жөніндегі критерийлер айқындалды. Алайда, 2022 жылдың екінші жартысында Директорлар кеңесі негізгі тәуекелдер туралы ақпаратты уақтылы ала алмады.</p>
21	<p>Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері жыл сайын, сондай-ақ жұмысқа қабылданған кезде тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың қабылданған жүйесімен танысу үшін оқытудан/кіріспе нұсқаулықтан өтеді.</p>	<p>Ішінара сақталады</p> <p>Орталық аппараттың, Мемлекеттік Корпорация филиалдарының тәуекел-үйлестірушілері Мемлекеттік корпорация қызметкерлерін оқытудың бекітілген жоспарына сәйкес жыл сайынғы негізде ТБЖ және ДЖҚ бойынша оқудан өткен.</p> <p>Жаңадан қабылданған жұмыскерлер үшін кіріспе нұсқама жүргізу Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқармасы диагностикасының 2021 жылғы түзету іс-қимылдары жоспарының 23-тармағында айқындалған.</p> <p>Нұсқаулық 2022 жылдың басынан бері өткізіліп келеді. Тиісті талап Кадрлық әкімшілендірудің нысаналы процестеріне де енгізілді, іс жүзінде автоматтандыру жүргізілді және BPM платформасында пилоттық тестілеу жүргізілуде (2023 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша).</p> <p>Мемлекеттік корпорацияның жаңадан қабылданған/ауыстырылған жұмыскерлері үшін ТБЖ бойынша нақты нұсқамалар (оқыту) өткізу туралы толық ақпарат 2022 жылғы қыркүйектен бастап Мемлекеттік корпорацияның директорлар Кеңесі жанындағы комплаенс және тәуекелдер жөніндегі комитет мүшелері үшін Мемлекеттік корпорацияның тәуекелдерді басқару жүйесінің ағымдағы жай-күйі туралы ай сайынғы есептерде ұсынылады.</p> <p>Жобалық офис тәуекелдерді басқару саласындағы Мемлекеттік корпорацияның қағидаттарымен және тәсілдерімен (жұмыскерлердің міндеттері мен өкілеттіктерін ескере отырып) танысу мақсатында жаңадан қабылданған жұмыскерлер үшін кіріспе оқыту процесін регламенттеуге қатысты тиісті өзгерістер мен толықтыруларды пилоттық тестілеу және нәтижелерді тираждау қорытындылары бойынша 2023 жылдың 2-ші жартыжылдығында енгізетін болады.</p>
22	<p>Ішкі аудит қызметі өз қызметін жүзеге асыру кезінде ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпыға бірдей қабылданған стандарттарын және корпоративтік стандарттарды қолдана отырып, корпоративтік бақылауды бағалауды жүргізеді.</p>	<p>Ішінара сақталады</p> <p>Корпоративтік басқаруды бағалау, сондай-ақ ішкі аудит және корпоративтік стандарттар саласындағы қызметтің жалпы қабылданған стандарттарын қолдана отырып, ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау 2020 жылғы 3 тоқсанда және 2021 жылғы 1 тоқсанда жүргізілді. (Ұқсас бағалаулар, халықаралық стандарттарға сәйкес, үш жылда бір рет ұсынылады).</p>
23	<p>Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау функциясына жетекшілік ететін басшы тәуекел иесі болып табылмауы ұсынылады, ол оның тәуелсіздігін және объективтілігін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларын экономикалық жоспарлауға, қаржыландыруға, қазынашылыққа, бухгалтерлік есепке, ішкі қауіпсіздікке және инвестициялық шешімдер қабылдауға байланысты функциялармен бірге қоса атқаруға тыйым салынады.</p>	<p>Сақталмайды</p> <p>Тәуекел менеджменті департаменті мен жобалық менеджмент департаментінің жобалық кеңсеге бірігуінің мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, 2022 жылғы 22 тамыздан бастап бұл тармақ тәуекелдерді басқару жүйесінің (ТБЖ) және ішкі бақылау жүйесінің (ІБЖ) қолданбалы құрамдас бөлігі жоғарылаған, Мемлекеттік корпорацияның бизнес-процестерінің тұтас архитектурасын қажетті бөлшектеу деңгейімен құрғанға дейін сақталмайды. Жобалау кеңесінің директоры және директордың орынбасары жұмыс комиссияларында, тұрақты және уақытша сипаттағы жұмыс топтарында тұрады.</p>
24	<p>Мемлекеттік корпорация Басқармасы тиісті біліктілігі және тәжірибесі бар жұмыскерлердің тәуекелдерді басқару рәсімдерін енгізуін қамтамасыз етеді.</p>	<p>Сақталмайды</p> <p>2022 жыл ішінде жобалық кеңсенің жұмыскерлері тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша сырттай оқытудан өткен жоқ.</p>

Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты
(12 ереженің 92% сақталады, 8% сақталмайды)

26	<p>Жалғыз акционер мемлекеттік органдардың Мемлекеттік корпорацияның операциялық қызметіне араласуын болдырмау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қабылданған шешімдерге жауапкершілігін арттыру мақсатында, мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды болдырмауы тиіс.</p>	<p>Сақталмайды</p> <p>Директорлар кеңесінің құрамы өз қызметін 11 адам санында жүзеге асырады, оның 6-ы мемлекеттік органдардың, оның ішінде жалғыз акционердің өкілдері болып табылады, өйткені Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру және бекіту Жалғыз акционердің айрықша құзыреті болып табылады</p>
----	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------



Кодекс ережесінің мазмұны

Түсініктемелер

Мемлекеттік корпорацияның қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтық және объективтілік қағидаты

(9 ереженің 89% сақталады, 11% ішінара сақталады)

26

Интернет-ресурста Жалғыз акционердің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы шешімімен бекітілген Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес ақпарат қамтылуы тиіс

Ішінара сақталады.

Мемлекеттік корпорацияның <https://gov4c.kz> ресми сайты жеке бөлімдер бойынша интерфейсті қолдану арқылы құрылған. Алайда, Мемлекеттік корпорация веб-сайтының жекелеген бөлімдерін пысықтау қажет (соның ішінде қосымша опцияларды қосу)

Есеппен Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz Веб-сайтында танысуға болады.

Корпоративтік басқарудың жалпы қабылданған қағидаттарына сүйене отырып, Мемлекеттік корпорацияда тәуелсіз директорлар, Директорлар кеңесінің жанындағы 4 Комитет, Омбудсмен, Комплаенс бақылау қызметі, Ішкі аудит қызметі, Тәуекел-менеджмент департаменті жұмыс істейді.

2022 жылы Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылды, ол Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2021 - 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына (бұдан әрі - Жоспар) сәйкес жүргізілді. Жоспар корпоративтік басқару процестерінің бірізділігін қамтамасыз етуге және оның қағидаттарын ұстануға бағытталған 36 іс - шараны іске асыруды көздейді, оған кейін Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 20 мамырдағы шешімімен қосымша 5 іс - шара енгізілді.

Жоспардың 41 іс - шарасының 36-сы орындалды, 3-і орындауда, 1-і ішінара орындалды, 2-і орындалмады:

- 1) Мемлекеттік корпорацияның ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірленсін және бекітілсін;
- 2) Тәуекелдерді басқару саласындағы Мемлекеттік корпорацияның қағидаттарымен және тәсілдерімен (жұмыскерлердің міндеттері мен өкілеттіктерін ескере отырып) танысу мақсатында жаңадан қабылданған жұмыскерлер үшін кіріспе оқыту процесін регламенттеуге қатысты өзгерістер мен толықтырулар тиісті ішкі нормативтік құжатқа енгізу.

Орындалмауы Тәуекелі менеджмент департаментінің таратылуымен және білікті кадрлардың ағып кетуімен байланысты.

Жоспардың іс-шараларын іске асыру Мемлекеттік корпорация қызметінің тиімділігін арттыруға, есептілік процесін жүйелеуге, Мемлекеттік корпорацияның белгіленген стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін кедергісіз іске асыру үшін басқару органдарының шешімдер қабылдау сапасын арттыруға айтарлықтай ықпал етті.

Жалпы, Мемлекеттік корпорацияда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру үздіксіз циклдық процесін білдіреді, оның негізгі мақсаты Мемлекеттік корпорацияның тиімді жұмыс істеуі үшін оның деңгейін арттыру болып табылады.

Ұйымдық құрылым

Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқаруының негізі Мемлекеттік корпорация қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейтін және оның табысты қызметіне, оның ішінде беделінің өсуіне, қаржылық тұрақтылықты сақтауға ықпал ететін тиімді басқару құрылымы болып табылады.


Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына сәйкес Басқару органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі, Мемлекеттік корпорацияның стратегиясын әзірлеуге, оның қызметіне жалпы басшылық жасауға және Басқарма қызметін бақылауға жауап беретін стратегиялық басқару органы;
- 3) атқарушы орган– Мемлекеттік корпорацияның ағымдағы қызметін басқаратын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер айқындаған стратегияны іске асыратын Басқарма (алқалы орган).
- 4) Мемлекеттік корпорацияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

Мемлекеттік корпорация Жарғысының 48 - тармағының 5) тармақшасына сәйкес ұйымдық құрылымды бекіту Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 6 қазандағы шешімімен (№ 01-01-02/08 хаттама) Мемлекеттік корпорацияның ұйымдық құрылымы бекітілді:

1. Директорлар кеңесі;
2. Корпоративтік хатшы қызметі;
3. Ішкі аудит қызметі;
4. Комплаенс бақылау қызметі;
5. Омбудсмен;
6. Мемлекеттік корпорацияның Басқарма аппараты;
7. Мемлекеттік корпорацияның Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі орталық филиалы;
8. Мемлекеттік корпорацияның облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша филиалдары;
9. Агрохимиялық, топырақты зерттеу және кешенді-ізвестіру жұмыстары департаменті - Алматы қаласындағы Мемлекеттік корпорацияның коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалы.



Мемлекеттік корпорацияның меншік құрылымы

Жарияланған (шығарылған) жай акциялар саны: 40 377 176 дана;

Орналастырылған және төленген жай акциялар саны: 40 377 176 дана;

Акцияның номиналды құны: 1 000 теңге.

Меншік құқықтарына билік ету тәртібі:

- Мемлекеттік корпорацияның жалғыз акционері - Қазақстан Республикасының Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - ММЖК);
- Мемлекеттік корпорацияның барлық акциялары қарапайым жай акциялар болып табылады, Жалғыз акционердің құқықтары «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 14-бабының талаптарына сәйкес келеді. Жалғыз акционердің Мемлекеттік корпорацияның мүлкіне қатысты басым меншік құқығы бар;
- Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, сондай-ақ негізгі басшы жұмыскерлер Мемлекеттік корпорацияның акцияларына иелік етпейді.

2022 жылғы 31 желтоқсан бойынша Мемлекеттік корпорацияның жарғылық капиталы – 40 377 176 мың теңгені, жеке капиталы 45 789 678 мың теңгені құрады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес, Мемлекеттік корпорация өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс алуды көздемейтін және алынған таза табысты Жалғыз акционердің пайдасына бөлуді жүзеге асырмайтын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Мемлекеттік корпорацияның таза кірісі (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Мемлекеттік корпорацияның иелігінде қалады және Мемлекеттік корпорацияны дамытуға жіберіледі.

Мемлекеттік корпорация өзінің қызметін жүзеге асыруға қаражат тарту мақсатында акциялар шығаруды жүзеге асырады, оның кірістері тек қана оның жұмыскерлері мен көрсетілетін қызметті алушылар үшін қажетті жағдайларды дамытуға және жасауға пайдаланылады. Осыған байланысты, 2022 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер төленген жоқ, ал алынған пайда Мемлекеттік корпорацияны дамытуға бағытталған.

Мемлекеттік корпорацияның жалғыз акционері

Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционері ҚР Үкіметі атынан ММЖК болып табылады. Мемлекеттік корпорация акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын орган - ЦДИАӨМ.

Мемлекеттік корпорация Жарғысының 7-тармағына сәйкес, ЦДИАӨМ шешімі ММЖК-мен келісу бойынша қабылданатын мәселелерді қоспағанда, Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді дербес қарайды және қабылдайды.

Жалғыз акционермен өзара әрекет ету оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және құрметтеуді қамтамасыз етуден тұрады және адалдыққа, есептілікке, жауапкершілік пен ашықтыққа негізделген.

Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыру Заңға және Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Акционердің құқықтарына ҚР заңнамасында, Мемлекеттік корпорацияның Жарғысында және ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақытылы алу қамтылады, бірақ олармен шектелмейді.

Мәселен, Жалғыз акционердің есептік кезең ішінде толық және анық ақпарат, оның ішінде Мемлекеттік корпорацияның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері туралы, басқару туралы, оның қаржы-шаруашылық қызметіне қатысты елеулі фактілер туралы ақпарат алу мүмкіндігі болды.

Жалғыз акционердің өз құзыреті шеңберінде қабылдаған шешімдері Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады.

Есептік кезеңде Мемлекеттік корпорация Жалғыз акционердің қарауына 18 мәселе шығарған, олар бойынша ақпарат «2022 жылғы маңызды корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат» кіші бөлімінде берілген.

Мемлекеттік корпорацияның директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Заңмен және Мемлекеттік корпорацияның Жарғысымен Жалғыз акционер мен Басқарманың ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі өз функцияларын ҚР заңнамасына, Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Мемлекеттік корпорацияның өзге ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Заңның 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Жарғының 41-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің шешімімен сайланады.

Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Жарғының көрсетілген тармағында Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған.

Корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес, Мемлекеттік корпорацияның мүдделеріне барынша сәйкес келетін объективті шешімдер қабылдаудың кепілі болып табылатын тәуелсіз директорлардың болуы қамтамасыз етілген.

2021 жылғы 1 қаңтарға Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі келесі 9 мүшеден тұрды:

Директорлар кеңесінің төрағасы

Мусин Бағдат Батырбекұлы - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Директорлар кеңесінің мүшелері

Оспанов Ербол Дүйсебайұлы - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Әмірғалиев Әзамат Халімеденұлы - ҚР Әділет вице-министрі

Тәшенев Бақытбек Хақімұлы - ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы

Қожихов Әділ Ғалымжанұлы - Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрағасы

Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорлар

Мұхамеджанов Бектас Ғафурұлы - тәуелсіз директор

Балиева Загипа Яхияқызы - тәуелсіз директор

Ивар Талло - тәуелсіз директор

Найзабекова Ақмарал Серікқызы - тәуелсіз директор

2022 жыл ішінде Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамы өзгеріп, 2022 жылғы 31 желтоқсан бойынша келесі 11 мүшеден тұрды:

Директорлар кеңесінің төрағасы

Тұрысов Әсет Нурланұлы - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі

Директорлар кеңесінің мүшелері

Оспанов Ербол Дүйсебайұлы - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Бекбауов Бағлан Әбдашымұлы - ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Тәшенев Бақытбек Хақімұлы - ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы

Теміржанов Мұрат Баритұлы - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы

Әбішев Бақыт Шалхарұлы - ҚР Әділет министрлігі аппаратының басшысы (Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні)

Әбділдин Сүйеніш Төлеуханұлы - Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы



Директорлар кеңесінің мүшелері туралы қысқаша өмірбаяндық мәліметтер



Тұрысов Әсет Нурланұлы

Директорлар кеңесінің төрағасы,
Жалғыз акционердің өкілі

Туған күні:
10.11.1987

АҒЫМДАҒЫ ЖҰМЫС ОРНЫ:

ҚР Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі

Білімі:

2009 – Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік
ұлттық университетін «Математикалық және
компьютерлік модельдеу бакалавры»
мамандығы бойынша

2017 – «Нархоз» университетін «Экономика
бакалавры» мамандығы бойынша

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы



Оспанов Ербол Дүйсебайұлы

Директорлар кеңесінің төрағасы,
Жалғыз акционердің өкілі

Туған күні:
16.01.1977

АҒЫМДАҒЫ ЖҰМЫС ОРНЫ:

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау вице-министрі

Білімі:

1998 – Әл-Фараби атындағы
Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін
«Қолданбалы математика» мамандығы
бойынша

2002 – Қазақ ұлттық аграрлық университетін
«Қаржы және кредит» мамандығы бойынша

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы



Бекбауов Бағлан Әбдәшымұлы

Директорлар кеңесінің төрағасы,
Жалғыз акционердің өкілі

Туған күні:
16.01.1983

АҒЫМДАҒЫ ЖҰМЫС ОРНЫ:

ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Білімі:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетін «Есептеу техникасы
мен желілерін бағдарламалық және
аппараттық қамтамасыз ету»
мамандығы бойынша

М. Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік
заң университетін «Құқықтану» мамандығы
бойынша

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы



Тәшенев Бақытбек Хакімұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,
мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті
органның өкілі

Туған күні:
19.10.1977

АҒЫМДАҒЫ ЖҰМЫС ОРНЫ:

ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру комитетінің төрағасы

Білімі:

1999 – Қазақ мемлекеттік
сәулет-құрылыс академиясын
«Инженер-экономист» мамандығы бойынша

2002 – Қазақ гуманитарлық-заң университетін
«Заңгер» мамандығы бойынша

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы



Әбділдин Сүйеніш Төлеуханұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Басқарма төрағасы

Туған күні:
23.06.1990

АҒЫМДАҒЫ ЖҰМЫС ОРНЫ:

Басқарма Төрағасы
Мемлекеттік корпорация

Білімі:

2011 – Қазақстан-Британ техникалық
университетін «Есептеу техникасы және
бағдарламалық қамтамасыз ету»
мамандығы бойынша

2014 – Ұлыбританиядағы Бирмингем
университетін бітірген, компьютерлік
ғылымдар магистрі»

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің мүшелері туралы қысқаша өмірбаяндық мәліметтер



**Теміржанов
Мұрат Баритұлы**

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Жалғыз акционердің өкілі

Туған күні:
18.08.1977

АҒЫМДАҒЫ ЖҰМЫС ОРНЫ:

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі
Жер ресурстарын басқару
комитетінің төрағасы

Білімі:

1998 – Ш.Уәлиханов атындағы
Көкшетау университетін
«АӨК салаларындағы
инженер-экономист»
мамандығы бойынша

2006 –Қазақ гуманитарлық-заң
университетін «Құқықтану
бакалавры» мамандығы
бойынша бітірген

Қазақ ұлттық аграрлық университетін
де бітіріп, ауыл шаруашылығы
ғылымдарының магистрі дәрежесін алған.

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы



**Әбішев
Бақыт Шалхарұлы**

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Жалғыз акционердің өкілі

Туған күні:
25.09.1965

АҒЫМДАҒЫ ЖҰМЫС ОРНЫ:

ҚР Әділет министрлігі
аппаратының басшысы
(Директорлар кеңесінің
құрамына сайланған күні)

Білімі:

1990 – С.М. Киров атындағы
Қазақ мемлекеттік университетін
"Заңгер"мамандығы бойынша бітірген.

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы



**Бегімбетов
Ерғали Нұрланұлы**

Директорлар кеңесінің
мүшесі, тәуелсіз директор.

Туған күні:
23.04.1972

АҒЫМДАҒЫ ЖҰМЫС ОРНЫ:

Директорлар кеңесінің
Ішкі аудит комитетінің төрағасы

Білімі:

1994 –Алматы энергетика институтын,
«Технологиялық процестер мен
өндірістерді автоматтандыру»
факультетін «Автоматтандыру
инженері» мамандығы бойынша

2003 – кәсіби білім беру
орталығында оқыды АРТУР
АНДЕРСЕН - Қаржы және бухгалтерлік
есеп Қаржылық емес менеджерлерге
арналған Ernst and Young

Жоспарлау және бюджеттеу,
тиімді уақытты басқару курстары,
Америка Құрама Штаттарының Білім
және мәдениет департаментінің
Мемлекеттік бюросында және IVC,
Колумбус, Огайо, АҚШ, «Grange» СК
(интернатұра), Франклин
университетінде, Колумбус, Огайо,
АҚШ, «Nationwide» СК (интернатұра)

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы



**Балиева
Загипа Яхьяновна**

Директорлар кеңесінің
мүшесі, тәуелсіз директор.

Туған күні:
03.10.1958

АҒЫМДАҒЫ ЖҰМЫС ОРНЫ:

Директорлар кеңесінің
Комплаенс және тәуекелдер
жөніндегі комитетінің төрайымы

Білімі:

1981 – С.М. Киров атындағы
Қазақ мемлекеттік университетін
Заңгер-құқықтанушы
мамандығы бойынша

1998 – Қазақ Мемлекеттік басқару
академиясының аспирантурасы

1999 – Мәскеу мемлекеттік
технологиялық академиясының
докторантурасы

1999 – Экономика ғылымдарының
докторы, диссертация тақырыбы:
«Қазақстан Республикасының
өнеркәсібінің қалыптастыру
мәселелері және оларды шешу
жолдары (теория және практика)»

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы



Ивар Талло

Директорлар кеңесінің
мүшесі, тәуелсіз директор.

Туған күні:
05.05.1964

АҒЫМДАҒЫ ЖҰМЫС ОРНЫ:

Директорлар кеңесінің Стратегиялық
жоспарлау комитетінің төрағасы

Білімі:

1987 – Ленинград мемлекеттік
университетін «Философия,
саясаттану, шет тілдері»
мамандығы бойынша

1990 – Ленинград мемлекеттік
университетін «Математикалық
формальды логика және философия»
мамандығы бойынша

1996 – Макгилл университетін
саясаттану саласындағы PhD
бағдарламасы бойынша бітірген,
логика мамандығы бойынша аспирант,
философия магистрі, PhD докторы

Азаматтығы:

Эстония Республикасы



**Найзабекова
Ақмарал Серікқызы**

Директорлар кеңесінің
мүшесі, тәуелсіз директор.

Туған күні:
03.10.1985

АҒЫМДАҒЫ ЖҰМЫС ОРНЫ:

Директорлар кеңесінің Кадрлар,
сыйақылар және этика жөніндегі
комитетінің төрайымы

Білімі:

2006 – Академик Е.А. Букетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., заң факультеті,
юриспруденция бакалавры дәрежесі.

2014 – Мәскеу бизнес мектебі (MBS) бітірген,
«ЮНЕСКО» Дүниежүзілік технологиялық
университеті» Мәскеу технологиялық
институты, Іскерлік әкімшілік шебері
(MBA) дәрежесі

Университет Кингстон, Лондон,
MSC in International Human Resource
Management университеті, Адами
ресурстарды халықаралық басқару шебері.

Ресей Федерациясы Президентінің
жанындағы Ресей халық шаруашылығы
және мемлекеттік қызмет академиясы
(РАНХиГС), Персоналды басқару жөніндегі
директор дәрежесі

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің мүшелері туралы толық ақпарат Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz веб-сайтының «Корпоративтік басқару» бөлімінде орналастырылған.

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамы біліктілігі, тәжірибесі, білімі, іскерлік қасиеттері мен әртүрлілігі бойынша теңдестірілген. Директорлар кеңесі мүшелерінің мінсіз іскерлік беделі, ақпараттық технологиялар, қаржы, ішкі аудит, корпоративтік басқару саласында, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияны басқару үшін маңызды өзге де салаларда білімі мен дағдылары бар. Директорлар кеңесі мүшелерінің топ-менеджерлер, әр түрлі компаниялардың басқару органдарының серіктестері мен мүшелері рөлінде ауқымды жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ мінсіз қоғамдық беделі бар.

Тәуелсіз директорлардың құрамы мен үлесінің әртүрлілігіне ерекше назар аударылады. Директорлар кеңесінің құрамына ерлер де, әйелдер де, сондай-ақ басқа мемлекеттің (Эстония) азаматы кіреді, бұл гендерлік және әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті қамтамасыз етеді.

2022 жылғы 31 желтоқсан бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің жасы мен гендерлік құрамы келесіні құрады:

Жасы %	
30-49 жас	63,6%
50 және одан көп	36,4%

Гендерлік құрам, %	
Ерлер	82%
Әйелдер	18%

Тәуелсіз директорларды іріктеу және тәуелсіздігін айқындау өлшемшарттары

Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне, Заңның 54-бабы 5-тармағының талаптарына және Мемлекеттік корпорация Жарғысының 53-тармағына сәйкес, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорлар сайланады, олардың саны Директорлар кеңесі құрамының отыз пайызынан кем болмауы тиіс, бұл шындыққа сәйкес келеді.

Тәуелсіз директорларға үміткерлерді таңдау кезінде назарға Заңның 1-бабының 20-тармақшасында белгіленген өлшемшарттар алынды, оларға сәйкес тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің:

- 1) сайланған сәтте Мемлекеттік корпорацияның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде де болмаған (оның Мемлекеттік корпорацияның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда);
- 2) Мемлекеттік корпорацияның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын;
- 3) Мемлекеттік корпорацияның немесе Мемлекеттік корпорацияның үлестес тұлғалары - ұйымдардың лауазымды адамдарына бағыныстылықпен байланысты емес және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағыныстылықпен байланысты болмаған;
- 4) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын;
- 5) Мемлекеттік корпорацияның аудитору болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде де болмаған;
- 6) Мемлекеттік корпорацияның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған мүшесі ретінде айқындалады.

Директор, егер ол:

- соңғы бес жыл ішінде Мемлекеттік корпорацияның немесе оның еншілес және тәуелді ұйымының жұмыскері болмаған болса;
- Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысын қоспағанда, Қоғамнан қосымша сыйақы бұрын алмаған немесе қазір де алмайтын болса;
- басқа ұйымдарда немесе органдарда ұқсас лауазымды атқармайтын болса, басқа ұйымдарда немесе органдарда осындай қатысу арқылы Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен елеулі байланысы болмаса;
- акционерлердің немесе мемлекеттік басқару органдарының мүдделерін білдірмесе;
- қатарынан тоғыз жылдан астам Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшесі болмаған болса, тәуелсіз директор деп танылуы мүмкін.

Тәуелсіз директорларға үміткерлерді таңдау кезінде жоғарыда аталған өлшемшарттар назарға алынды.

Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционерінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі шешімімен (№137/НҚ бұйрығы) жаңа 3 жылдық мерзімге тәуелсіз директорлар сайланды: Балиева З. Я, Бегімбетов Е.Н., Низабекова А. С., И. Талло.

Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорлар мен Мемлекеттік корпорация арасындағы өзара қарым-қатынастар 2022 жылғы 20 мамырдағы Директорлар кеңесінің төрағасы Мемлекеттік корпорация атынан жасасқан шарттармен реттеледі, олар тәуелсіз директорлар сайланған кезден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін бағалау

Кодекспен және Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № 01-01-02/05 шешімімен бекітілген Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің қызметіне бағалау жүргізу туралы Ережемен Директорлар Кеңесінің қызметіне жыл сайынғы бағалау (бұдан әрі – Бағалау) жүргізу көзделген. Бұл ретте, үш жылда кемінде бір рет бағалау тәуелсіз консультанттарды тарта отырып жүргізіледі.

Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 24 ақпандағы шешіміне (№ 01-01-02/ 02 хаттама) сәйкес және жоспар - кестеге сәйкес бағалау бойынша жұмыс жүргізілді, оған Директорлар кеңесінің 10 мүшесінің 7 - і қатысты.

2022 жылғы бағалау Корпоративтік хатшының жұмысын үйлестіре отырып, Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне сауалнама жүргізу арқылы өзін - өзі бағалау әдісімен жүргізілді. Бағалау келесі өлшемшарттар қамтылды: жалпы ақпарат және орналасу, өкілеттіктері мен құзыреттері, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларын іске асыру, Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамы, жұмыс тәртібі және оның қызметін ақпараттық қамтамасыз ету, міндеттері мен жауапкершілігі. Озық тәжірибе ұсынымдарына сәйкес бағалау Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің жұмысын жандандырудың және оның мүшелерінің тікелей қатысуын, Мемлекеттік корпорацияның табысты жұмысын қамтамасыз етуде Директорлар кеңесінің тиімділігін арттырудың негізгі мақсатын көздеді.

Директорлар кеңесінің қызмет тиімділігін бағалаудың сауалнамалық деректерін қорытындылау бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша бағалау 4,71 – ден жоғары болды (осы саладағы тәжірибе стандарттарға сәйкес келеді, бірақ жекелеген ұсынымдар мен ұсыныстар бар), ал 4 Комитеттің қызметін бағалау - 4,6 (осы саладағы тәжірибе стандарттарға сәйкес келеді, бірақ жекелеген ұсынымдар мен ұсыныстар бар), бұл таңдалған ұйымдастырушылық модель мен құрылым үшін қолайлы болып табылады.

Сауалнама нәтижелері Директорлар кеңесінің басшылығына деген сенімді және бір-біріне деген өзара құрметті көрсетті. Талқылауға және жетілдіруге жататын ұсыныстар мен ұсынымдардың болуына қарамастан, Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің жұмыс қызметінде елеулі кемшіліктер табылмағанын атап өту қажет. Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің отырыстарын өткізу саясатын көп жағдайда сындарлы деп, ал Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметі тұтастай алғанда қанағаттанарлық деп сипаттауға болады.

Бағалау 2022 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметінің көптеген аспектілері корпоративтік даму тәжірибесінің ұсынымдарына сәйкес келетінін көрсетті.

Бағалау нәтижелерін талқылау шеңберінде директорлар кеңесінің қызметін одан әрі жақсарту үшін облыстар мен бағыттар анықталды:

- тәуекелдерді басқару жүйесін бақылау саласындағы қызметті күшейту;
- Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуына мониторинг жүргізу және отырыстарда ақпарат беру арқылы бақылауды жүзеге асыру;
- Комитеттердің тексеру қорытындылары бойынша түзету әрекеттерінің жоспарларының орындалуын бақылауды күшейтуі;
- бір комитетте шоғырлану мақсатында Кадрлар, сыйақылар және әдеп жөніндегі комитеттің мақсаттары мен міндеттерін қайта қарау Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмыскерлерді тағайындауға, бұзуға, еңбекақы төлеуге және сыйақыларға байланысты мәселелерді қарау, сондай-ақ қолданыстағы сыйақы практикасын қайта қарау арқылы Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмысшылардың сыйақыларына бірыңғай тәсілді қолдану мәселелері.

Директорлар кеңесі жұмысының қорытындысы

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен бекітілген (№ 01-01-02/10 хаттама) Директорлар кеңесінің 2022 жылғы жұмыс жоспарына (бұдан әрі – Жоспар) сәйкес жұмыс істеді. Жоспарда 35 мәселені қарау қарастырылған. Директорлар кеңесі жоспардан тыс қосымша 42 мәселені қарастырғанын атап өткен жөн. Жалпы, Директорлар кеңесінің жоспарды орындау жөніндегі қызметін нәтижелі деп тануға болады. Жоспар барлық тармақтар бойынша 100% орындалды.

2022 жылы Директорлар кеңесі 10 отырыс өткізді, оның ішінде 7 ішкі отырыс және сырттай дауыс беру арқылы өткізілген 3 отырыс. Директорлар Кеңесінің отырыстары жоспарға сәйкес өтті. Жоспардан тыс отырыстар Жалғыз акционердің және директорлар кеңесінің талабы бойынша ұйымдастырылды және өткізілді.

Жалпы алғанда, Директорлар кеңесіне 82 мәселе, 77 мәселе қаралды, 5 мәселе күн тәртібінен шығарылды:

- 1) Мемлекеттік корпорацияның төрағасы мен Басқарма мүшелерінің 2022 жылғы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталарын бекіту туралы;
- 2) Мемлекеттік корпорацияның ішкі аудит қызметінің аудиторын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін және лауазымдық жалақысын айқындау туралы;
- 3) 2022 жылғы 1-тоқсандағы тексеру қорытындылары бойынша Мемлекеттік корпорацияның ішкі аудит қызметінің өткізілетін іс-шаралары және ұсынымдарын орындау бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты қарау туралы, оның ішінде куәліктер беру және жер учаскелері бойынша мәліметтердің алшақтығы мәселелері бойынша қабылданған шаралар туралы;
- 4) Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшесі - аппарат басшысы лауазымындағы 2018 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша О. Б. Шоқпаровқа сыйлықақы (сыйақы төлеу) беру туралы;
- 5) Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшесі - аппарат басшысы лауазымындағы 2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша О.Б. Шоқпаровқа сыйлықақы (сыйақы төлеу) беру туралы.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі барлық мәселелерді қарады және шешімдер қабылдады:

• қаржылық есептілік және жоспарлау бойынша - 7	9%
• стратегиялық сипаттағы - 6	8%
• ішкі аудит, тәуекелдерді басқару және бақылау мәселелері бойынша - 17	22%
• Омбудсмен және комплаенс бақылау қызметінің мәселелері бойынша - 8	10%
• корпоративтік басқару - 9	12%
• кадрлар және сыйақылар - 18	23%
• ішкі құжаттарды бекіту бойынша - 12	16%

Қарау қорытындысы және 77 мәселе бойынша берілген тапсырмалар бойынша, орындалғаны - 76, 1- орындалуда (Мемлекеттік корпорация Басқармасы (С. Т. Әбділдин) Комплаенс бақылау қызметімен Мемлекеттік корпорацияның Тиісті сақтық және контрагенттерді кешенді тексеру саясатын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және келіссін).

Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің 2022 жылы қабылданған шешімдері туралы қосымша ақпарат Мемлекеттік корпорацияның [https://gov4c.kz/ сайтында қолжетімді.](https://gov4c.kz/)

Кодекстің ұсынымдарына сәйкес жыл сайын сырттай өткізілетін Директорлар кеңесі отырыстарының санын барынша азайту талап етілетінін атап өткен жөн.

Директорлар кеңесінің 3 жыл ішіндегі жұмысының салыстырмалы деректері:


	барлығы	ішкі	сырттай
2020 жылы Директорлар кеңесі отырыстарының саны	6	4	2
Қатынасы, %	100	67	33
2020 жылы Қаралған мәселелер саны	52	36	16
Қатынасы, %	100	69	31

2021 жылы Директорлар кеңесі отырыстарының саны	10	5	5
Қатынасы, %	100	50	50
2021 жылы Қаралған мәселелер саны	69	48	21
Қатынасы, %	100	70	30

	барлығы	ішкі	сырттай
2021 жылы Директорлар кеңесі отырыстарының саны	10	7	3
Қатынасы, %	100	70	30
2022 жылы Қаралған мәселелер саны	77	58	19
Қатынасы, %	100	75	25

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2022 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы:

2022 жылғы отырыстар саны мен нақты қатысудың арақатынасы



Ескертпе: Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысының есептік кезеңдегі отырыстарға қатысуы пайыздық мәнде мынадай: Ә.Н. Турысов – 10-ның 10-ына (100%), Е.Д. Оспанов – 10-ның 10-ына (100%), Ә.Х. Әмірғалиев. – 10-ның 2-іне (20%), Б.А. Бекбауов – 10-ның 0-іне (0%), Б.Ш. Әбішев – 10-ның 0-іне (0%), М.Б. Теміржанов – 10-ның 0-іне (0%), Б.Х. Тәшенов – 10-ның 6-ына (60%), Ә. Ф. Қожықов – 10-ның 3-ына (30%), С.Т. Әбділдин – 10-ның 7-ына (70%), З.Я. Балиева – 10-ның 10-ына (100%), Е.Н. Бегімбетов – 10-ның 10-ына (100%), А.С. Найзабекова. – 10-ның 10-ына (100%), И. Талло 10-ның 10-ына (100%).

Қатыспау себептері: Б.А. Бекбауов., Б.Ш. Әбішев, М.Б. Теміржанов жылдың соңында жалғыз акционердің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен сайланды, А.Х. Әмірғалиев ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 296 қаулысымен ҚР Әділет вице-министрі қызметінен босатылды, Б.Х. Тәшеновның ҚР Үкіметінде өткен кеңесте, іссапарда, демалыста және сырқаты бойынша болуына байланысты болған жоқ.

2022 жылы Директорлар кеңесінің жұмысында мүдделер қақтығысы тіркелген жоқ.

Директорлар кеңесінің комитеттері

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша алдын ала қарау, талдау және ұсынымдар әзірлеу арқылы Директорлар кеңесіне жәрдемдесу үшін 4 комитет жұмыс істейді: Стратегиялық жоспарлау комитеті, Кадрлар, сыйақылар және этика комитеті, Комплаенс және тәуекелдер комитеті, Ішкі аудит комитеті.

Аталған Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 3 мамырдағы және 2019 жылғы 26 ақпандағы (№ 01-01-02/01 хаттама) шешімдерімен жаңа редакцияларда бекітілген Комитеттер туралы ережелерге және оған Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы (№ 01-01-02/06 хаттама) және 2021 жылғы 24 желтоқсандағы (№ 01-01-02/10 хаттама) шешімдерімен бекітіліп, енгізілген өзгерістерге сәйкес жүзеге асырылды.

Комитеттер Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары болып табылады және олардың барлық шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар болып табылады.

Комитеттердің жұмысы әділ, салмақты ұсынымдарды әзірлеуге ықпал етеді және Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Комитеттердің барлық мүшелерінің Мемлекеттік корпорацияның басшы қызметкерлерімен оқыту және тренингтер өткізу үшін жеткілікті білімі және мол тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар. Комитет отырыстарына Комитет төрағасының шақыруымен Мемлекеттік корпорацияның лауазымды адамдары да, жұмыскерлері де қатысады.

2022 жыл ішінде Директорлар кеңесі құрамындағы кадрлық өзгерістерге байланысты, Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 16 ақпандағы шешімімен (№ 01-01-02/01 хаттама) Комитеттер құрамында өзгерістер болды, ал Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 20 мамырдағы шешімімен (№ 01-01-02/04 хаттама) мынадай Комитеттердің жаңа құрамы бекітілді:

Ішкі аудит комитеті:

Төраға

Бегімбетов Ерғали Нұрланұлы

Комитет мүшесі

Балиева Зағипа Яхияқызы

Комитет мүшесі

Ивар Талло

Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері -

Комитет хатшысы (дауыс беру құқығынсыз).

Стратегиялық жоспарлау комитеті:

Төраға

Ивар Талло

Комитет мүшесі

Бегімбетов Ерғали Нұрланұлы

Комитет мүшесі

Балиева Зағипа Яхияқызы

Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері -

Комитет хатшысы (дауыс беру құқығынсыз).

Комплаенс және тәуекелдер жөніндегі комитет:

Төраға

Балиева Зағипа Яхияқызы

Комитет мүшесі

Бегімбетов Ерғали Нұрланұлы

Комитет мүшесі

Найзабекова Ақмарал Серікқызы

Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері -

Комитет хатшысы (дауыс беру құқығынсыз).

Кадрлар, сыйақылар және этика жөніндегі комитет:

Төраға

Найзабекова Ақмарал Серікқызы

Комитет мүшесі

Балиева Зағипа Яхияқызы

Комитет мүшесі

Ивар Талло

Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері -

Комитет хатшысы (дауыс беру құқығынсыз).

Ішкі аудит комитеті

Комитеттің 2022 жылғы 26 қаңтардағы шешімімен (№ 01-01-05/кВА-01 хаттама) бекітілген Комитеттің 2022 жылғы жұмыс жоспарында 19 мәселені қарау және 1 резервті ескере отырып, 7 отырыс өткізу көзделген.

2022 жылы 9 отырыс өткізіліп, онда 36 мәселе қаралды.

Отырыстардың қорытындысы бойынша 82 ұсыным мен тапсырма қабылданды және берілді, олардың 81 - і орындалды, 1 – і орындалуда (мерзімі жақындаған жоқ).

2022 жылы Комитет отырыстарына қатысу

Комитет мүшесінің Т.А.Ә.	Отырыстарға қатысу	Болмауы	Болмау себебі
Бегімбетов Ерғали Нұрланұлы Комитет төрағасы	8	1 (26.12.2022)	Жалғыз акционердің шешімімен 2022 жылғы 7 ақпаннан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Балиева Зағипа Яхияқызы Комитет мүшесі	9	-	
Ивар Талло Комитет мүшесі	9	-	
Мұхамеджанов Бектас Ғафурұлы Комитет төрағасы	1	8	Жалғыз акционердің шешімімен 2022 жылғы 7 ақпаннан бастап өз өкілеттігін тоқтатты

Комитеттің қызметі Кодексте, Комитет туралы ережеде және Директорлар кеңесінің шешімдерінде көрсетілген Ішкі аудит жөніндегі комитеттің күтулері мен функционалдық міндеттер тізбесіне сәйкес келді. Комитеттің 2022 жылғы жұмыс жоспары толық көлемде орындалды, отырыстардың күн тәртібіндегі барлық мәселелер егжей-тегжейлі қаралды, Директорлар кеңесі қабылдаған, сараланған және егжей-тегжейлі ұсынымдар берілді.

Жалпы, есептік кезеңде Комитет Ішкі аудит қызметінің қызметіне тұрақты негізде жетекшілік етті, кадрлар тұрақсыздығы және аталған Қызметке бос лауазымдарға үміткерлерді іріктеу мәселелері талқыланды, Қызмет ұсынған есептердің сапасы мен толықтығын күшейту бойынша шаралар қабылданды, сондай-ақ Комитет Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне үлкен жүктемені ескере отырып, Қызметтің штат санын 7 бірлікке дейін ұлғайтуға бастамашылық жасады.

Сыртқы аудит жүргізудің маңыздылығын назарға ала отырып, Комитет техникалық ерекшелікті пысықтау және ХҚЕС-ке сәйкес аудит жүргізу бөлігінде қажетті талаптарды айқындау арқылы аудиторлық компаниялар үшін талаптарды әзірлеуге қатысты, Мемлекеттік корпорацияның 2021 жылғы қаржылық есептілігіне аудит жүргізген сыртқы аудитормен кездесу өткізді. Корпоративтік басқару жөніндегі мәселелер да назардан тыс қалмады, сондай-ақ жүйелік сипаттағы проблемалық мәселелер талқылауға шығарылды.

Комитеттің жұмысы тағы да өзінің жақсы жұмысын көрсетіп, Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін едәуір деңгейге арттырды. Өз кезегінде, бұл Мемлекеттік корпорацияның қызметіне оң әсер етті, сондай-ақ бизнес-процестерді ұйымдастыруды жақсартуға, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыруға оң әсерін тигізді.

2022 жыл бойы Комитет төрағасының тікелей өзі кәсіби тренер ретінде Басқарма аппаратының басшылық құрамымен («Философия Кайдзен» (корпоративтік мәдениет), «Құндылық жасау ағыны картасы» (теориялық және практикалық оқыту) оқыту тренингтерін өткізгенін атап өту маңызды, оларды басшылық оң қабылдап, кейіннен жекелеген элементтері Мемлекеттік корпорацияның қызметіне енгізілді.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Комитеттің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары Комитеттің 2022 жылғы 26 қаңтардағы шешімімен бекітілген (№ 01-01-05/КСП-01 хаттама), онда аталған Комитеттің 10-ға жуық мәселені қарауы және 1 резервтік мәселені ескере отырып, 7 отырыс өткізуі көзделген.

Есептік кезеңде Стратегиялық жоспарлау комитеті 5 отырыс өткізген, оның ішінде 4-уі күндізгі және 1-уі сырттай нысанда өткізілді, онда 14 мәселе қаралған. Мәселелерді қарау қорытындысы бойынша Комитет 17 ұсыныс пен тапсырма берді, оның 16-сы орындалды, 1-і орындалды (мерзімі жақындаған жоқ).

Өз қызметі шеңберінде Комитет стратегиялық, бюджеттік жоспарлау, жарияланған акцияларды орналастыру, таза кірісті бөлу, даму стратегиясын, даму жоспарларын іске асыру есебі, Мемлекеттік корпорацияның есептік кезеңдегі қызметі туралы жылдық есеп бойынша ұсынымдар берген.

2022 жылы Комитет қойылған мақсаттар мен міндеттерді толық көлемде орындады, Стратегиялық жоспарлау комитетінің 2021 жылға арналған ережесі мен жұмыс жоспарына сәйкес функциялар мен міндеттерді уақытылы және жүйелі негізде орындады.

2022 жылы Комитет отырыстарына қатысу

Комитет мүшесінің Т.А.Ә.	Отырыстарға қатысу	Болмауы	Болмау себебі
Ивар Талло Комитет төрағасы	5	-	
Балиева Зағипа Яхияқызы Комитет мүшесі	5	-	
Бегімбетов Ерғали Нұрланұлы Комитет мүшесі	4	1 (26.01.2022)	Жалғыз Акционердің шешімімен 2022 жылғы 7 ақпаннан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі
Мұхамеджанов Бектас Ғафурұлы Комитет төрағасы	1	4	Жалғыз Акционердің шешімімен 2022 жылдың 7 ақпанынан бастап өз өкілеттігін тоқтатты

Кадрлар, сыйақылар және этика жөніндегі комитет

Кадрлар, сыйақылар және этика жөніндегі комитеттің 2022 жылғы жұмыс жоспары осы Комитеттің 2022 жылғы 26 қаңтардағы шешімімен (№ 01-01-05/ККВЭ-01 хаттама) бекітілген, онда 13 мәселені қарау және 7 отырыс өткізу, оның ішінде 1 резервтік отырыс өткізу көзделген.

2022 жылы Комитет 8 ішкі отырыс өткізді, онда 35 мәселе қаралып, олар бойынша Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді. Қарау қорытындысы бойынша 58 ұсыным мен тапсырма қабылданды және берілді, олардың барлығы қазіргі уақытта орындалды.

Комитет мүшелерінің оның отырыстарына 100% қатысуын атап өткен жөн.

2022 жылы комитет отырыстарына қатысу

Комитет мүшесінің Т.А.Ә.	Отырыстарға қатысу	Болмауы	Болмау себебі
Найзабекова Ақмарал Серікқызы Комитет төрайымы	8	-	
Балиева Зағипа Яхияқызы Комитет мүшесі	8	-	
Ивар Талло Комитет мүшесі	8	-	

Комитет өз жұмысында Мемлекеттік корпорацияның Жарғысын, Кодексті және Комитет туралы ережені мүлтіксіз басшылыққа алды. Бұл ретте, Директорлар кеңесі Комитет әзірлеген ұсынымдарды толық көлемде орындады, олардың ешқайсысын Директорлар кеңесі қабылдамай қоюы болмаған.

2022 жылы аталған Комитеттің басшылығымен Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметіне бағалау жүргізілді. Өткізілген бағалау қорытындысы бойынша Комитет қосымша назар аударуды талап ететін облыстарды атап өтті, Мемлекеттік корпорация жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйелері мәселелеріне, Басқарма төрағасы мен мүшелері қызметінің тиісті негізгі көрсеткіштерін айқындау, сондай-ақ олардың сыйақылары мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Комитет халықаралық тәжірибені және осыған ұқсас қазақстандық компаниялардың тәжірибесін ескере отырып, Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының сыйақылар жүйесін жетілдіру және шығыстарды өтеу мәселелеріне ерекше назар аударды, бұл Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу қағидаларына өзгерістер енгізуге мүмкіндік берді.

Комитет жұмысы тиімді кадр саясатын, әлеуметтік қолдауды, Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерін кәсіби дамытуды және оқытуды қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар Комитет өз құзыреті шеңберінде Мемлекеттік корпорацияның Корпоративтік хатшысы, Омбудсменінің және Комплаенс бақылау қызметі жұмыскерлерінің қызметінің негізгі көрсеткіштерін қалыптастыру мәселелерін қарады.

Осылайша, Комитет өз жұмысымен Директорлар кеңесінің жұмысына барынша жәрдем көрсетті және алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді толық көлемде орындады, сондай-ақ өзінің 2022 жылғы жұмыс жоспарын орындады.

Комплаенс және тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитеттің 2022 жылғы жұмыс жоспары Комитеттің 2022 жылғы 26 қаңтардағы шешімімен (№01-01-05 /ККР-01 хаттама) бекітілген, онда осы Комитеттің 4 мәселені қарауы және 1 резервті ескере отырып, 3 отырыс өткізуі көзделген.

2022 жыл ішінде Комитет 7 ішкі отырыс өткізіп, онда 16 мәселе қаралды. Қарау қорытындысы бойынша 32 ұсыным мен тапсырма берілді, олардың 29-ы орындалды және 3-і орындау сатысында (мерзімдері келген жоқ).

Аталған Комитеттің басшылығымен Комплаенс бақылау қызметінің 2022 жылғы жұмыс жоспарын іске асыру бойынша жұмыс жүргізілді, Комплаенс бақылау саласындағы қағидалар мен Саясат әзірленді, ол аталған Комитетпен келісіліп, Директорлар кеңесімен бекітілді. Комитет төрағасының тікелей өзі Мемлекеттік корпорация басшылығының Мемлекеттік корпорация филиалдарының басшыларының меңгеруі бойынша саясаттарды енгізу және егжей-тегжейлі талдау мәселелеріне қатысты өткізген көптеген кеңестеріне қатысты.

2022 жылы Комплаенс және тәуекелдер жөніндегі комитет алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді толық көлемде орындады, Комитет туралы ережеге және Комитеттің жұмыс жоспарына сәйкес функциялар мен міндеттерді уақытылы және жүйелі негізде орындады.

2022 жылы Комитет отырыстарына қатысу

Комитет мүшесінің Т.А.Ә.	Отырыстарға қатысу	Болмауы	Болмау себебі
Балиева Зағипа Яхияқызы Комитет төрайымы	7	-	
Найзабекова Ақмарал Серікқызы Комитет мүшесі	7	-	
Бегімбетов Ерғали Нұрланұлы Комитет мүшесі	6	1 (26.01.2022)	Жалғыз акционердің шешімімен 2022 жылғы 7 ақпандан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Мұхамеджанов Бектас Ғафурулы Комитет төрағасы	1	6	Жалғыз Акционердің шешімімен 2022 жылдың 7 ақпанынан бастап өз өкілеттігін тоқтатты

2022 жылғы маңызды корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат

Корпоративтік басқаруға байланысты 2022 жылғы ерекше маңызды корпоративтік оқиғалардың ішінде келесі негізгілерді атап өтуге болады:

2022 жылғы 13 қаңтарда Жалғыз акционердің шешімімен Басқарма мүшесі - аппарат басшысы А.Е. Мұсанның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, Қ.Қ. Қуатов Басқарма мүшесі - аппарат басшысы лауазымына тағайындалды (№ 1-Ж/Қ бұйрық);

2022 жылғы 7 ақпанда Жалғыз акционердің шешімімен Директорлар кеңесінің мүшелері Б.Б. Мұсиннің, Б.Г. Мұхамеджановтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылып, Директорлар кеңесінің мүшелері Ә.Н. Тұрысов және Е.Н. Бегімбетов тәуелсіз директор болып сайланды (№ 32/НҚ бұйрық);

2022 жылғы 16 ақпанда Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу мақсатында, «Crowe Audit Tani» ЖШС аудиторлық ұйымы (№ 48/НҚ бұйрығы) айқындалды;

2022 жылғы 5 наурызда Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның жарияланған акцияларының саны ұлғайтылды (№ 79/НҚ бұйрығы);

2022 жылғы 31 наурызда Жалғыз акционердің шешімімен төрағаның орынбасары С.Л. Жұмабековтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды (№ 13-Ж/Қ бұйрық);

2022 жылғы 7 сәуірде Жалғыз акционердің шешімімен Басқарма төрағасы Ә. Ғ. Қожиковтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, С.Т. Әбділдин Басқарма төрағасы болып сайланды (№ 17-Ж/Қ бұйрық);

2022 жылғы 11 сәуірде Директорлар кеңесінің шешімімен 4 909 404 дана Мемлекеттік корпорацияның жарияланған жай акциялары орналастырылды (№ 01-01-02 / 04 хаттама);

2022 жылғы 18 сәуірде Жалғыз акционердің шешімімен Қ.Б. Дыбыспаев Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды (№ 19-Ж/Қ бұйрық);

2022 жылғы 25 сәуірде Жалғыз акционердің шешімімен Директорлар кеңесінің құрамы жаңа үш жылдық мерзімге сайланды (№ 137/НҚ бұйрығы);

2022 жылғы 30 сәуірде А.М. Ибраев Жалғыз акционердің шешімімен Басқарма төрағасының орынбасары лауазымына сайланды (№ 22/ЖК бұйрық);

2022 жылғы 31 мамырда Жалғыз акционердің шешімімен жылдық қаржылық есептілік және Мемлекеттік корпорацияның 2021 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі бекітілді (№ 195/НҚ бұйрық);

2022 жылғы 5 шілдеде Жалғыз акционердің шешімімен төрағаның орынбасары Б.У. Жүнісовтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды (№ 32-Ж/Қ бұйрық);

2022 жылғы 18 шілдеде Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді (№ 250/НҚ бұйрық);

2022 жылғы 25 шілдеде Жалғыз акционердің шешімімен Ғ.Ә. Каркинбаев Басқарма төрағасының орынбасары лауазымына сайланды (№ 35-Ж/Қ бұйрық);

2022 жылғы 1 қыркүйекте Жалғыз акционердің шешімімен А.Ш. Тобаева Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды (№ 306/НҚ бұйрығы);

2022 жылғы 12 қыркүйекте Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар мен шығыстардың өтемақысын төлеу қағидаларына өзгерістер бекітілді (№ 321/НҚ бұйрық);

2022 жылғы 18 қарашада Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның Жарғысы жаңа редакцияда бекітілді (№ 448/НҚ бұйрығы);

2022 жылғы 26 желтоқсанда Жалғыз акционердің шешімімен Директорлар кеңесінің құрамына Б.Ә. Бекбауов, М.Б. Теміржанов, Б.Ш. Әбішев сайланды, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшесі А.Х. Әмірғалиевтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды (№ 509/НҚ бұйрығы).

ҚР заңнамасына сәйкес Мемлекеттік корпорация 2021 жылғы қаржылық есептілік депозитарийіне Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік оқиғаларына және Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғаларға жататын 18 ақпарат түрін жолдады.

Мемлекеттік корпорация 2022 жылы жасаған ірі мәмілелер мен мүдделілік бар мәмілелердің тізбесі

Ірі мәмілелер, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына сәйкес жасалуына Директорлар кеңесінің ірі мәмілелерді мақұлдау тәртібі қолданылатын мәмілелер есептік кезеңде жасалған жоқ.

Мемлекеттік корпорация басқармасы

Басқарма Мемлекеттік корпорацияның алқалы атқарушы органы болып табылады. Басқарманың қызметі Заңмен, Мемлекеттік корпорацияның Жарғысымен, Басқарма туралы ережемен және Мемлекеттік корпорацияның басқа да ішкі құжаттарымен регламенттелген. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Мемлекеттік корпорацияның ағымдағы жедел қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Мемлекеттік корпорацияның Даму стратегиясы мен Даму жоспарының, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің іске асырылуына жауаптылықта болады.

Басқарманың негізгі міндеттері Мемлекеттік корпорация қызметінің стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу, қаржы-шаруашылық саясатты іске асыру, оның ағымдағы шаруашылық қызметінің аса маңызды мәселелері бойынша шешімдер әзірлеу және оның бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру, бақылау жүйесінің және тәуекелдер мониторингі жүйесінің тиімділігін арттыру, Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады. Басқарма Мемлекеттік корпорацияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына ұмтылады.

Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына сәйкес Басқарма төрағасы мен мүшелерін тағайындау, олардың өкілеттік мерзімін айқындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатады.


2022 жылғы 31 желтоқсанға Мемлекеттік корпорация Басқармасы 7 мүшеден тұрды. 2022 жылы Басқарма құрамы өзгерді. Басқарма құрамының ауысуы кестеде ұсынылған, болу мерзімі 2022 жылғы 31 желтоқсан бойынша көрсетілген.

Басқарма мүшелерінің 2022 жылы Басқарма құрамында болу мерзімі

1 жылға дейін

1 жылдан 2 жылға дейін

2 жылдан 4 жылға дейін



Т. А. ә.	Лауазымы	Сайлау күні	Тоқтату күні	Жылдар саны
Қожиқов Ә.Ф.	Басқарма төрағасы	08.11.2021	07.04.2022	1 жыл 3 ай
Дыбыспаев Қ.Б.	Басқарма төрағасының орынбасары	18.04.2022	қолданыстағы	9 ай
Ибраев А.М.	Басқарма төрағасының орынбасары	03.05.2022	қолданыстағы	8 ай
Тобаева А.Ш.	Басқарма төрағасының орынбасары	01.09.2022	қолданыстағы	4 ай
Жунісов Б.У.	Басқарма төрағасының орынбасары	22.04.2019	05.07.2022	3 жыл 2 ай
Абдильдин С.Т.	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Басқарма төрағасы	07.10.2020 07.04.2022	қолданыстағы	2 жыл 3 ай
Қарқынбаев Ғ.Ә.	Басқарма төрағасының орынбасары	25.07.2022	қолданыстағы	6 ай
Абаханов Н.Б.	Басқарма төрағасының орынбасары	07.10.2020	қолданыстағы	2 жыл 3 ай
Мұсан А.Е.	Басқарма аппаратының басшысы	05.03.2021	13.01.2021	10 ай
Қуатов Қ.Қ.	Басқарма аппаратының басшысы	13.01.2021	қолданыстағы	12 ай
Жумабеков С.Л.	Басқарма төрағасының орынбасары	05.03.2021	31.03.2022	12 ай

Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшелері туралы ақпарат



**Абдильдин
Сүйеніш
Төлеуханұлы**

Басқарма төрағасы

Туған күні: 23.06.1990

Жұмыс кезеңі:

2022 жылғы 7 сәуір - қазіргі уақытқа дейін
(2020 жылғы 7 қазаннан бастап - 2022 жылғы
6 сәуірге дейін Басқарма төрағасының бірінші
орынбасары лауазымында)

Білім:

2011 – 2011 жылы Қазақстан-Британ техникалық
университетін «Есептеу техникасы және бағдарламалық
қамтамасыз ету» мамандығы бойынша

2014 – Ұлыбританиядағы Бирмингем университетін
бітірген, компьютерлік ғылымдар магистрі

Өкілеттік пен жауапкершілік деңгейі:

- Мемлекеттік корпорация қызметін үйлестіру және жалпы басшылық ету;
- мемлекеттік саясатты іске асыру және Мемлекеттік корпорацияның басқаруындағы салаларды үйлестіру мәселелері;
- Мемлекеттік корпорацияның басқаруындағы салаларда халықаралық ынтымақтастық мәселелері;
- Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілеттіктер шегінде кадрлық мәселелері;
- Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы



**Абаханов
Нұрсұлтан
Бауетденұлы**

Басқарма төрағасының
орынбасары

Туған күні: 26.03.1983

Жұмыс кезеңі:

2020 жылғы 7 қазан – осы уақытқа дейін

Білім:

2004 – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін
«Әлемдік экономика» мамандығы бойынша»

2009 – Халықаралық бизнес академиясын
«Корпоративтік менеджмент» мамандығы бойынша

2010 – Алматы Экономика және құқық институтын
«Құқықтану» мамандығы бойынша

Өкілеттік пен жауапкершілік деңгейі:

Мемлекеттік корпорацияның қаржы-экономикалық
қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы



**Дыбыспаев
Канат
Болатжанұлы**

Басқарма төрағасының
орынбасары

Туған күні: 31.10.1977

Жұмыс кезеңі:

2022 жылғы 19 сәуір - осы уақытқа дейін

ОБРАЗОВАНИЕ:

1999 – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің физика-математика факультетін
«Математика» мамандығы бойынша

Өкілеттік пен жауапкершілік деңгейі:

Мемлекеттік корпорацияның IT инфрақұрылым және
цифрландыру, сондай-ақ «е-Өтініш» пен «Нәтиже»
жобалары мәселелері бойынша мүдделерін білдіру және
осы функциялардың орындалуын қамтамасыз ету

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы



**Ибраев
Асхат
Мертнаевич**

Басқарма төрағасының
орынбасары

Туған күні: 21.01.1981

Жұмыс кезеңі:

2022 жылғы 3 мамыр – осы уақытқа дейін

Білім:

2022 – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік
университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша

Өкілеттік пен жауапкершілік деңгейі:

- Мемлекеттік корпорацияның мүдделерін білдіру және жинақтаушы зейнетақы жүйесі, ынтымақты жүйе, міндетті әлеуметтік сақтандыру және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйелері, әлеуметтік-еңбек саласында ақпараттық-консультациялық қызметтер көрсету, сондай ақ
- жылжымайтын мүлікке құқықтар мен ауыртпалықтарды тіркеу және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру мәселелері бойынша функциялардың орындалуын қамтамасыз ету

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Информация о членах Правления государственной корпорации



**Қарқынбаев
Ғалым
Әбиболлаұлы**

Басқарма төрағасының
орынбасары

Туған күні: 25.06.1963

Жұмыс кезеңі:

2022 жылғы 25 мамыр – осы уақытқа дейін

Білім:

1989 – Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ ауыл шаруашылығы институтын «Агрономия» мамандығы бойынша

2003 – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «Экономика» мамандығы бойынша

Өкілеттік пен жауапкершілік деңгейі:

Жер кадастры бэк-офистерінің және Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының, сондай-ақ коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді (қайта тіркеуді) және есептік тіркеуден шығару жұмыстарын дамыту саясатын қалыптастыру мәселелері бойынша Мемлекеттік корпорацияның мүдделерін білдіру және функцияларын орындауды қамтамасыз ету.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы



**Тобаева
Айнур
Шорабековна**

Басқарма төрағасының
орынбасары

Туған күні: 23.09.1978

Жұмыс кезеңі:

2022 жылғы 2 қыркүйек - осы уақытқа дейін

Білім:

2000 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Құқық және экономика негіздері пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша бітірген.

2003 жылы Қазақ гуманитарлық-заң университетін «юриспруденция» мамандығы бойынша бітірген.

Өкілеттік пен жауапкершілік деңгейі:

Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызметтерді көрсету бизнес-процестерін оңтайландыру мен жетілдіру, сервистерді дамытуды үйлестіру, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасы және оны бақылау, Бірыңғай байланыс орталығы,

Операциялық департамент мәселелері бойынша мүдделерін білдіру және осы функциялардың орындалуын қамтамасыз ету.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы



**Қуатов
Қуандық
Қуатұлы**

Басқарма аппаратының
басшысы

Туған күні: 03.12.1982

Жұмыс кезеңі:

2022 жылғы 13 қаңтар - 2023 жылғы 4 мамырға дейін

Білім:

2004 – Қазақ мемлекеттік заң академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша

2006 – Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша

Өкілеттік пен жауапкершілік деңгейі:

Құқықтық, әкімшілік-шаруашылық қызметті, бақылау-ұйымдастырушылық және құжаттамалық қамтамасыз етуді, активтерді басқаруды және коммерциялық сервисті, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау техникасын ұйымдастыру, Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік сатып алуды жүргізу саласында жалпы басшылық ету.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Есептік кезеңде Басқарма 52 отырыс өткізген, оның ішінде :

- 20 – ішкі нысанда
- 32 – сырттай

онда 194 мәселе қаралған (2021 жылы – 55 отырыс, оның ішінде 29 ішкі және 26 сырттай)

Басқарма отырыстары Мемлекеттік корпорацияның қызметін қамтамасыз ету мәселелері қаралған кестеге сәйкес жүзеге асырылады (құрылым, сыйақы мәселелері, ішкі құжаттарды бекіту, есептік Ақпарат және т.б.).

Басқарманың қарау нәтижелері бойынша күн тәртібіндегі 48 мәселе бекітіліп:

- мақұлданды 138
- назарға алынды – 2
- пысықтауға жіберілді – 4
- бас тартылды – 1
- қараусыз қалдырылды – 1

2021 жылмен салыстырғанда отырыстар саны 6% азайды, қаралған мәселелер саны 12%-ға ұлғайды, сырттай нысандағы отырыстар да ішкі отырыстардан асады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру саясаты

Мемлекеттік корпорация Директорлар кеңесінің қызметіне байланысты шығыстарды көтереді, оның ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз функцияларын жүзеге асыруына байланысты құжатпен расталған барлық шығыстарды өтейді.

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау мәселелері Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу шарттары мен тәртібі Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционерінің 2019 жылғы 04 қазандағы шешімімен (№ 262/нқ бұйрық) бекітілген Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларымен (бұдан әрі – Қағидалар) айқындалған.

Сыйақы төлеуді реттейтін аталған Қағидалардың ережелері Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметшілер және Мемлекеттік корпорацияның жұмыскерлері болып табылатын мүшелеріне қолданылмайды (Қағидалардың 2-тармағының 2.2) тармақшасы).

Осылайша, сыйақыны тек тәуелсіз директорлар алады. Корпоративтік басқарудың қолданылатын тәжірибесіне сәйкес сыйақының негізгі нысандары ретінде Мемлекеттік корпорация мыналарды пайдаланады:

- 1) Директорлар кеңесінің бір отырысына қатысқаны үшін негізгі сыйақы 830 000 (сегіз жүз отыз мың) теңге мөлшерінде белгіленеді. Бұл ретте, аталған сыйақы Тәуелсіз директорға оның Директорлар кеңесінің ішкі және сырттай отырыстарына қатысқаны үшін төленеді;
- 2) Комитеттің төрағасы ретінде Директорлар кеңесі Комитетінің бір отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы 58 000 (елу сегіз мың) теңге мөлшерінде белгіленеді.

Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін тәуелсіз директорларға негізгі сыйақының жалпы сомасы 5 000 000 (бес миллион) теңгеден аспауы тиіс және Директорлар кеңесі Комитетінің отырысына Комитеттің төрағасы ретінде қатысқаны үшін қосымша сыйақының жалпы сомасы Мемлекеттік корпорацияның тиісті жылға арналған Даму жоспарында көзделген 350 000 (үш жүз елу мың) теңгеден аспауы тиіс.

Сонымен қатар Мемлекеттік корпорация олардың өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген лимиттерге сәйкес орындауға байланысты шығыстарды, атап айтқанда Комитеттер мен Директорлар кеңесінің ішкі және сырттай отырыстарына қатысуына байланысты шығыстарды, оның ішінде, тұратын не басым тұратын жеріне жол жүру шығыстары, тұрғын үй жалдау шығыстары мен тәуелсіз шығыстарды өтейді.

Алайда, есептік жылы Мемлекеттік корпорация қызметінің тиімділігін және тәуелсіз директорлардың күндізгі оқыту курстарын, семинарларды және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруы және өткізуі арқылы басшы жұмыскерлердің біліктілік деңгейін арттыру мақсатында, Жалғыз акционердің 2022 жылғы 12 қыркүйектегі шешімімен (№ 321/НҚ бұйрығы) жоғарыда аталған Қағидаларға тәуелсіз директорларға берілетін негізгі сыйақының жылдық сомасын 5 миллионнан 6 миллионға дейін ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізілді, сондай-ақ іс-шаралар тізімі кеңейтілді, олардың өтемақысы тәуелсіз директорларға тренингтер мен басқа да іс-шараларға қатысқан немесе ұйымдастырған жағдайда рұқсат етіледі.

Егер осы тәуелсіз директорлардың іс-әрекеттері олардың Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын жүзеге асыруына байланысты болмағаны немесе Мемлекеттік корпорация үшін жағымсыз салдарларға әкеп соққаны анықталса, Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционері Директорлар кеңесінің мүшелері шеккен шығыстарды өтеуден бас тарту туралы шешім қабылдай алады.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу олар келесі шарттарды орындаған жағдайда жүзеге асырылады:

- 1) Директорлар кеңесі мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Мемлекеттік корпорацияның Жарғысында, Мемлекеттік корпорацияның өзге де ішкі құжаттарында және директормен жасалған шартта көзделген міндеттерін адал орындау;
- 2) шешімдер қабылдау кезінде ҚР заңнамасының, Мемлекеттік корпорация Жарғысының және өзге де ішкі құжаттарының, сондай-ақ Жалғыз акционерінің шешімдерінің сақталуы;
- 3) Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің отырыстарына қатысу, белгіленген тәртіппен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін толық және уақытылы білдіру.

2022 жылы Мемлекеттік корпорацияның тәуелсіз директорларына төленген сыйақы сомасы 24 574 000 теңгені құрады, оның ішінде негізгі сыйақы - 23 240 000 теңге, қосымша сыйақы - 1 334 000 теңге, салықтар мен төлемдер - 2 318 668 теңге.

Есепті кезеңде тәуелсіз директорларға төленген шығыстардың өтемақысы 1 303 787 теңгені құрады.

Осылайша, 2022 жылы Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі мүшелерінің-тәуелсіз директорларының қызметіне байланысты барлық шығыстар барлық салықтар мен төлемдерді ескере отырып, 28 196 475 құрады.

Тәуелсіз директорларға акциялар түріндегі сыйақы төленбейді, өзге де жеңілдіктер берілмейді.

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясаты

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру туралы ақпарат, Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшелеріне сыйақы беру шарттары мен тәртібі Басқарма туралы ережеде, Мемлекеттік корпорацияның басшы қызметкерлеріне, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне және Корпоративтік хатшысына еңбекақы төлеу қағидаларында, Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген Мемлекеттік корпорацияның басшы қызметкерлеріне қызмет тиімділігін бағалау және сыйақы төлеу қағидаларында айқындалған.

Директорлар кеңесі Жалғыз акционермен келісім бойынша лауазымдық жалақылардың мөлшерін, Басқарма төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы және сыйақы төлеу шарттарын айқындайды. Есептік жыл үшін шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы сыйақы төлеу үшін негізгі шарт болып табылады.

Сыйақы Директорлар кеңесі бекітетін корпоративтік және функционалдық көрсеткіштерден тұратын уәждемелік ҚНҚ орындалуына байланысты бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша төленеді. Уәждемелік ҚНҚ Жалғыз акционердің құтулерін және Мемлекеттік корпорацияның стратегиялық мақсаттарын нақты көрсеткіштерге каскадтау арқылы ҚНҚ картасы түрінде әзірленеді. Бұл ретте, жыл қорытындысы бойынша сыйлықақылардың жалпы жылдық көлемі ЕТҚ қаражаты шегінде Басқарманың әрбір мүшесіне 6 лауазымдық айлықақыдан аспауы тиіс. Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.

Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 21 шілдедігі шешіміне (№ 01-01-02/04 хаттама) сәйкес 2022 жылғы ҚНҚ орындау қорытындысы бойынша Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелеріне сыйақының жалпы сомасы 41 999 472 теңгені құрады.

Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық мүдделі тұлғалар үшін Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы мөлшері туралы мәліметтерді ашады.

Омбудсмен

Мемлекеттік корпорацияның Омбудсменінің Директорлар кеңесі тағайындайды және оған жыл сайын жұмыс қорытындысы бойынша есеп береді. Омбудсменнің қызметі 2021 жылы Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен (№ 01-01-02/10 хаттама) бекітілген Омбудсменнің жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Есептік кезеңде Омбудсмен келесі жұмыстарды жүргізді.

Корпоративтік мәдениетті, іскерлік этиканы жетілдіру, Іскерлік этика кодексін сақтау бағыты бойынша:

2022 жылы Мемлекеттік корпорациядағы корпоративтік мәдениеттің жай-күйіне мониторингті Омбудсмен басшылық құрамның белгілі бір шеңберімен, жергілікті жерлердегі жұмыскерлермен телефон арқылы жүйелі түрде келіссөздер, жеке қабылдаулар, өңірлерге шығу кезінде еңбек ұжымдарымен кездесулер арқылы жүргізді.

400-ге жуық адамның қатысуымен филиалдармен аймақтық кеңестер өткізілді, өңірлерге 7 рет шығу жүзеге асырылды. Сапарлар барысында 1 320 адам қамтылған фронт-офистер мен бэк-офистердің еңбек ұжымдарымен, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылармен, жастармен 43 кездесу өткізілді. Мемлекеттік корпорация ұжымдарындағы кездесулерде әлеуметтік-еңбек сипатындағы туындайтын проблемалық мәселелер талқыланды, сол жерде филиалдар басшылығының құзыретіне кіретін жеке сипаттағы мәселелер мен проблемаларды шешу бойынша нақты шаралар қабылданды.

Зерттеуді талап ететін Мемлекеттік корпорацияның Басқарма аппаратының, тиісті министрліктердің құзыретіне кіретін мәселелер тиісті органдар басшылығының және Парламент Мәжілісінің жекелеген депутаттарының назарына жеткізілді.

Өңірлерге барған кезде Омбудсмен жұмыскерлерді жеке мәселелер бойынша қабылдап, оларды жедел шешу жөнінде шаралар қабылдады немесе тиісті түсініктемелер берді.

Омбудсмен тұрақты негізде Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің де, азаматтардың да жазбаша және ауызша өтініштерімен жұмыс жүргізді, әлеуметтік желілердегі өтініштерді зерделеу, сондай-ақ жеке қабылдаулар жүргізілді.

2022 жыл ішінде Омбудсменге 18 жазбаша өтініш және 53 ауызша өтініш келіп түсті. 18 жазбаша өтініштің 2-уі ұжымдық және екеуі де жасырын болып табылады.

Жұмыскерлердің ауызша өтініштерінде неғұрлым өзекті проблемалық мәселелер Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің жалақыларның төмендігі, мәртебесінің белгісіздігі, әлеуметтік пакеттің жоқтығы болып табылады.

Азаматтар ауызша өтініштерде мемлекеттік қызмет көрсету сапасы, ЭЦҚ, соттылығы туралы анықтамалар алу, балаларға паспорттарды уақытылы бермеу, пәтерлерді қайта жоспарлау бойынша құжаттарды ресімдеу, жоғалған құжаттарды (туу туралы куәлікті) қалпына келтіру және т. б. мәселелерді қозғады.

Келіп түскен барлық өтініштер бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, түсіндірмелер берілді, жауаптар жолданды, мүдделі тараптармен келіссөздер жүргізілді. Қайта шағымдар түскен жоқ.

Еңбек дауларын, мүдделер қақтығыстарын реттеу және проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге ықпал ету бағыты бойынша:

Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына шығу кезеңінде Омбудсмен жұмыскерлермен кездесулер өткізіп, Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері жиі кездесетін негізгі проблемалар түсіндірілді, шешу жолдары белгіленді.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Б.Б. Мусиннің Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің көмекке мұқтаж отбасыларын, балаларын анықтауға қатысты тікелей тапсырмасын орындау мақсатында, ауыр науқас балалары бар отбасылардың тізімі қалыптастырылып, атаулы көмек көрсету мәселесін қарау үшін «Қазақстан халқына» ҚЭҚ төрағасы Б.Б. Жәмішевке жіберілді. Тізімге тек 285 адам кірді, бұл Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің жалпы санының 2% құрайды. Тізімнен 151 бала «ауыр, сирек аурулары және мүгедектігі бар балалар» санатына жатқызылды және 34 бала «өмір сүру жағдайлары алынатын кірістер мен тұрғын үй жағдайларының ең төменгі стандарттарына сәйкес келмейтін балалары бар отбасылар» санатына жатқызылды.

Тізім Мемлекеттік корпорацияның Кәсіподақ комитетіне және Мемлекеттік корпорацияның кадр қызметіне де ұсынылды.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс бағыты бойынша:

Жыл бойы Омбудсмен Орталық коммуникациялар қызметінің тікелей эфиріне, «Хабар» арнасында «Қорытынды» және «Оян» бағдарламаларының 2 бағдарламасына қатысты.

Қазрадио тілшісімен тікелей эфирде «Цифрландыру: жетістіктер мен мәселелер» тақырыбы бойынша әңгіме жүргізілді.

Өңірлерге барған кезде Омбудсмен Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің мемлекеттік қызмет көрсетуі мәселелері бойынша 2 өңірдің - Ақтөбе қаласының «Рика ТВ» телеарнасы мен Көкшетау қаласының «Бірінші студия» телеарнасының телебағдарламаларына тікелей эфирге қатысуға бастамашылық жасады.

Бірнеше рет сұхбат ұйымдастырылып, облыстық ТВ және баспа басылымдарының тілшілерінің Мемлекеттік корпорация мен оның жұмыскерлерінің қызметіне қатысты сұрақтарына жауаптар берілді.

Жыл бойы Омбудсмен Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің қызметін және оларды қолдау қажеттілігін жариялау үшін әлеуметтік желілерді белсенді түрде пайдаланды.

Комплаенс бақылау

Мемлекеттік корпорация сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өз үлесін қосады және халықаралық стандарттармен ұсынылған сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу және ескерту саласында қосымша міндеттемелерді қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, ішкі реттеушілік талаптардың сақталуын, Мемлекеттік корпорацияда комплаенс-тәуекелдерге бағалау жүргізуді Директорлар кеңесінің шешімімен 2021 жылғы мамырда құрылған Комплаенс-бақылау қызметі (бұдан әрі - КБҚ) қамтамасыз етеді. КБҚ қызметі тиісті жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады және КБҚ туралы ережемен реттеледі.

Қызметтің сыбайлас жемқорлық қауіпті салаларын анықтау мен талдаудың тиімді механизмдерін қалыптастыру, Мемлекеттік корпорацияны құқықтық, экономикалық, беделді және өзге де қауіп-қатерлерден кешенді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, үздік халықаралық стандарттарға сәйкес, Директорлар кеңесі комплаенс саласындағы келесі ішкі нормативтік құжаттарды бекітті: Мемлекеттік корпорацияның Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, Бастамашылық ақпараттандыру саясаты, Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу саясаты, Сыйлықтар, мәдени-ойын-сауық және өзге де өкілдік іс-шаралар саласындағы саясат, Бұзушылықтар туралы бастамашылық ақпараттандыру саясаты, Тиісті сақтық және контрагенттерді кешенді тексеру саясаты, Комплаенс-тәуекелдерді басқару саясаты, Комплаенс бақылау қызметін дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған бағдарламасы.

Тоқсан сайынғы негізде ЦДИАӨМ - Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне одан әрі ұсыну үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде атқарылған жұмыс туралы есептер ұсынылады.

КБҚ жұмыскерлер мен азаматтардың сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық саласында жасалған немесе дайындалып жатқан құқық бұзушылықтар, сондай-ақ мінез-құлықтың этикалық нормаларын бұзу туралы өтініштері бойынша бірыңғай маршрутизатордың жұмыс істеуі шеңберінде, compliance.control@gov4c.kz электрондық поштасы арқылы келіп түскен 52 өтінішті қарады. Нәтижесінде, екі жұмыскерге тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылды, сондай-ақ түсіндірме әңгімелесулері жүргізілді және техникалық қателерді жою туралы ұсыныстар енгізілді.

2022 жылы КБҚ кадрлық қамтамасыз ету және персоналды басқару бағыттары бойынша, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласында сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдерге талдау жүргізді, олардың нәтижелері бойынша аталған салаға тән тәуекелдер анықталды. Талдамалық анықтамалармен толығырақ Мемлекеттік корпорацияның https://gov4c.kz/ru/about/antikorrupsionnye-meriy/saytynda_tанысуға_болады.

Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор қызметінің тез өзгеретін жағдайларында мүдделер қақтығысы тақырыбы әрқашан өзектілігін сақтайтын болады. Сондықтан Мемлекеттік корпорацияда комплаенс тәуекелді басқару жүйесінің бөлігі болып табылатын Мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу саясатын іске асыруға көп көңіл бөлінеді. Саясат Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 29 маусымдағы шешімімен бекітілген. Саясатта ақпаратты ашу, туындаған мүдделер қақтығысы туралы хабарлау, олардың алдын алу және реттеу тәртібі көзделген. Сонымен қатар Мемлекеттік корпорацияда корпоративтік қақтығыстарды реттеу қағидалары қолданылады. Қағидалар корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және реттеу, уақытылы олардың алдын алу, сондай-ақ корпоративтік қақтығыс туындаған немесе туындауы мүмкін жағдайда, Мемлекеттік корпорация органдарының іс-әрекеттерін айқындау тәртібі мен рәсімдерін белгілейді. Саясатты іске асыру нәтижесінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша КБҚ Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің қызметінде 12 мүдделер қақтығысын және ақпаратты ашуға қатысты талаптарды сақтау бойынша өзге де бұзушылықтарды анықтады, олар уақытылы реттеліп, жойылды.

Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдердің деңгейін төмендету және митигациялау, сондай-ақ Комплаенс саласындағы саясаттарды енгізу және тиімді жұмыс істеу бойынша алдын алу шаралары ретінде, КБҚ Мемлекеттік корпорацияның жұмыскерлерін кейіннен тестілеу өткізе отырып, Саясатпен таныстыру және оқыту бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Жұмыскерлердің 90%-дан астамы Саясаттармен танысып, 80%-ға жуығы тестілеуден өтті.

2022 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша КБҚ 2023 жылға тиісті мақсаттар мен міндеттер қойды.

Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі - ІАҚ) Мемлекеттік корпорацияның қызметін жетілдіру мақсатында қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттардың орындалуын жүзеге асыратын Мемлекеттік корпорацияның органы болып табылады. ІАҚ тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді Ішкі аудит комитеті жүзеге асырады. ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде ҚР заңнамасын, Жарғыны, Мемлекеттік корпорация органдарының шешімдерін, ІАҚ туралы ережені, Директорлар кеңесі бекітетін жылдық аудиторлық жоспарды, Мемлекеттік корпорацияның басқа да ішкі құжаттарын және Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарының базалық қағидаттарын басшылыққа алады.

2022 жылы ІАҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен (№ 01-01-02/10 хаттама) бекітілген 2022 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарда көзделген барлық 11 жоспарлы аудиторлық тапсырманы тапсырманы орындады. Аудитпен адам ресурстарын басқару және құзыреттерді дамыту, сатып алу қызметі, әкімшілік-шаруашылық қызмет, Даму стратегиясы мен Даму жоспарын қалыптастыру және орындау, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру, жерге орналастыру және жер-кадастрлық жұмыстар, зейнетақы және әлеуметтік төлемдер сияқты негізгі бизнес-процестер қамтылды, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігіне бағалау жүргізілді.

ІАҚ-тың орындалған аудиторлық тапсырмаларының қорытындысы бойынша тиісті ұсынымдар берілді және аудит объектілерінің Түзету іс-қимылдарының жоспарларын қабылдауы қамтамасыз етілді, оларды орындалуын мониторингілеу ІАҚ-мен және Мемлекеттік корпорацияның тәуекелдерді басқаруға жауапты Басқарма аппаратының құрылымдық бөлімшесімен ай сайынғы негізінде жүзеге асырылады.

ІАҚ қызметінің нәтижелері тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

Тәуекел менеджменті және ішкі бақылау

Мемлекеттік корпорация тәуекелдерді басқаруға қызметтің стратегиялық және операциялық нәтижелеріне әсер етуі мүмкін факторлар кешеніне ретінде жауапкершілікпен қарайды. Мемлекеттік корпорацияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі (бұдан әрі - ТБЖІБЖ) жұмыс істейді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау құралдары басқарушылық және өндірістік шешімдер қабылдауда қолданылады, бұл тәуекел менеджменті мен ішкі бақылау бизнес-процестермен және Мемлекеттік корпорацияның жалпы корпоративтік стратегиясымен интеграциялану дәрежесін едәуір арттырады.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі қызметте Мемлекеттік корпорация Тредвей комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитетінің (COSO) «Ұйымдардың тәуекелдерін басқару. Интеграцияланған модель» (2016), «Ішкі бақылау - интеграцияланған құрылым» (2013) мемлекеттік стандарттарын және Мемлекеттік корпорацияның ішкі нормативтік құжаттары - Тәуекелдерді басқару саясатын, Ішкі бақылау жүйесі саясатын, Бизнес-процестерді басқару саясатын, Сапа саясатын, Тәуекелдерді басқару қағидалары мен Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру қағидаларын пайдаланады.

Есептік кезеңде тәуекелдерді басқару жүйесінде келесі түйінді оқиғалар орын алды:

- Мемлекеттік корпорация Басқармасы жанындағы Тәуекелдерді басқару комитетінің 3 отырысы өткізілді, оларды алдын ала талқылауға Басқарманың және Директорлар кеңесінің кейіннен қарауы үшін ТБЖІБЖ бойынша мәселелер енгізілді;
- Мемлекеттік корпорация Басқармасы Мемлекеттік корпорацияның тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамытудың 2023-2026 жылдарға арналған бағдарламасын, Тәуекелдер тіркелімі мен Тәуекелдер картасын, 2022 жылға арналған негізгі тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті;
- 2022 жылғы тамыз айында Тәуекел-менеджмент департаменті мен Жобалық менеджмент департаментін біріктіру жолымен Мемлекеттік корпорация қызметінің тиімділігін арттыруға енгізілетін процестік және жобалық тәсілдер құралдары арқылы ТБЖІБЖ қолданбалы құрамдас бөлігін дамыту мақсатында Жобалық кеңсе құрылды;
- Тәуекел-менеджмент департаменті / Жобалау кеңсесі Басқарма отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тәуекелдердің болуы / болмауы тұрғысынан 205 қорытынды дайындады;
- Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің Комплаенс және тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2022 жылғы 12 шілдедегі № 01-01-05/ ККР-04 шешімі 2-тармағының 4-тармақшасын орындау үшін, филиалдардың тәуекел-үйлестірушілерімен бірлесіп, өртке қарсы және техникалық қауіпсіздіктің жай-күйі, сондай-ақ жер кадастры және жылжымайтын мүлікті тіркеу саласындағы мұрағаттық құжаттардың сақталуы бойынша тексеру жүргізіліп, анықтамалық ақпарат дайындалды.
- Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі 2021 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2022 жылдың бірінші жартыжылдығындағы Мемлекеттік корпорацияның тәуекелдерді басқару процесінің ағымдағы жай күйі туралы есептерді қарады және мақұлдады.

Басқарма мен Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару процесінің ағымдағы жай-күйі туралы есептер тұрақты негізде ұсынылып отырады. Ішкі аудит қызметі мен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті ұсынымдарының орындалуына үнемі мониторинг жүргізіледі. Мониторинг қорытындысы бойынша Түзету әрекеттерінің жоспарларына (бұдан әрі - ТӘЖ) қалыптастырылған Есеп комитеті мен ІАҚ ұсынымдарының орындалуы бойынша есептер ұсынылды. ІАҚ жүргізген аудит нәтижелері бойынша 20 ТӘЖ орындауда. Олар бойынша 657 ұсыныс көзделген, оның ішінде 373 ұсыныс орындалды; қалғандары орындалуда.

Басқарма аппаратының құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының тәуекел үйлестірушілері тоқсан сайын ықтимал тәуекелдерге, оның ішінде негізгі тәуекелдерге талдау және бағалау жүргізді, оларды барынша азайту бойынша шаралар әзірленді. Есеп Жобалық кеңсеге жіберілді. Есептерді талдау бойынша жұмыс 2022 жылға арналған Тізілім және Тәуекелдер картасы шеңберінде жүргізілді.

Бұл Тізілім мен Тәуекел картасы екі бөлімнен тұрады:

1. Базалық тіркелім, тәуекелдер картасы (операциялық, қаржылық, стратегиялық, беделді, сыбайлас жемқорлық, құқықтық тәуекелдер, форс-мажор жағдайындағы тәуекелдер);
2. Проблемалық мемлекеттік қызметтер (стратегиялық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері) бөлінісінде Тәуекелдер тіркелімі және Тәуекелдер картасы.

2022 жылы 4 988 ықтимал тәуекел анықталды, 1 419 іске асырылды 9 негізгі тәуекел бойынша бір жылда тәуекелдердің орнының ауысуы орын алды, оның ішінде қызыл аймақтан 8 тәуекел сары аймаққа ауысты.

Жіберілген есептерде неғұрлым жиі көрсетілетін бес топ-тәуекел:

- 1) Мемлекеттік корпорацияның сенімгерлік басқаруындағы ақпараттық жүйелердің (ХҚКО ИАЖ, МДБ ЖМТ) техникалық іркілістері;
- 2) фронт-офистер жұмыскерлерінің кінәсінен ресімдеу уақыты бойынша бұзушылықтардың ұлғаюы;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті негізгі құралдармен және тауарлық-материалдық құндылықтармен жарақтандырылмауы;
- 4) форс-мажорлық жағдайларда Мемлекеттік корпорация қызметін жүзеге асырудың мүмкін еместігі;
- 5) мерзімі өткен, күмәнді және үмітсіз дебиторлық берешектің ұлғаюы.

Есептік жылы BPM платформасында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процесін автоматтандыру басталды.

Тәуекел-менеджмент - Мемлекеттік корпорацияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге арналған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі. Сондықтан жұмыскерлердің тәуекел мәдениетін дамытуға үлкен мән беріледі. Осы тұрғыдан Мемлекеттік корпорацияның ұйымдық құрылымының барлық деңгейлері үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі элементтері бойынша оқыту жүргізіледі. Астана қаласында бизнес-тренерлер Басқарма мүшелері, филиалдар директорлары және Басқарма аппаратының негізгі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары үшін бизнес-процестерді басқару бойынша 2 оқыту тренингін өткізді. Жобалау кеңсесінің жұмыскерлері жыл бойы Мемлекеттік корпорацияның Басқарма аппаратының құрылымдық бөлімшелерінде және филиалдарында офлайн және БКБ тренингтер өткізді. Тәуекел-үйлестірушілер үшін оқыту Мемлекеттік корпорацияның Басқарма аппараты мен филиалдарының тәуекелдерді басқару жөніндегі 2022 жылға арналған тәуекел-үйлестірушілерді оқыту жоспарына сәйкес жүргізілді. Кәсіби сертификаттау арқылы тәуекел менеджерлерінің құзыреті артты. Екі жұмыскер Мәскеу қаласындағы Тәуекелдерді стратегиялық талдау институтында оқып келді. Бір жұмыскер ISO 31000 Risk Management Professional C31000 халықаралық кәсіби емтиханын сәтті тапсырып, сертификат алды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

- 16. 2018-2022 жылдардағы сыртқы аудитор туралы ақпарат
- 17. Қаржы-экономикалық көрсеткіштер



Қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері

Мемлекеттік корпорация бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңын, 2015 жылғы 31 мамырдағы № 241 Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын, Мемлекеттік корпорацияның Есеп саясатын және Салықтық есеп саясатын, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (бұдан әрі – ХҚЕС) басшылыққа алады.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Мемлекеттік корпорацияның қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі - ХҚЕСК) шығарған ХҚЕС-ке және ХҚЕСК халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын түсіндіру комитеті шығарған интерпретацияларға сәйкес дайындалған. Қаржылық есептілік тану күніне бағалау немесе әділ құны бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан басқа, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидалары негізінде қалыптастырылған.

Есептілікке қаржылық есептіліктің элементтері болып табылатын барлық активтер, міндеттемелер, капитал, кірістер мен шығыстар (қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп) енгізілген.

Қаржылық жағдай туралы есеп

мың теңгемен

АКТИВТЕР

Ұзақ мерзімді активтер	Ескертпе	2022	2021
Ұзақ мерзімді активтер	5	34 133 393	26 892 815
Материалдық емес активтер	6	2 532 213	1 357 769
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		-	789
Облигацияларға инвестициялар	7	2 342 719	2 070 602
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер		-	-
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		1 351	1 857
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		39 009 676	30 323 832

Ағымдағы активтер	Ескертпе	2022	2021
Қорлар	8	1 280 839	1 289 497
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	9	2 020 595	927 215
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		715 207	149 369
Басқа да ағымдағы активтер	10	313 670	151 803
Банк салымдары	11	3 057 656	1 415 421
Ақша қаражаты және оның эквиваленттері	12	15 616 778	21 708 619
Ағымдағы активтер жиыны		23 004 745	25 641 924

БАРЛЫҚ АКТИВТЕР

62 014 421 **55 965 756**

МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Меншікті капитал	Ескертпе	2022	2021
Жарғылық капитал	13	40 377 176	34 623 109
Бөлінбеген пайда		5 412 502	4 729 747
Меншік капитал жиыны		45 789 678	39 352 856

Ұзақ мерзімді міндеттемелер	Ескертпе	2022	2021
Жалдау бойынша міндеттемелер		-	849
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	25	598 104	90 650
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		598 104	91 499

Ағымдағы міндеттемелер	Ескертпе	2022	2021
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	14	4 821 463	4 517 016
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	15	1 663 420	2 466 007
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер	16	5 805 073	5 366 963
Акционердің кредиторлық берешегі	13	-	844 633
ҚҚС төлеуге		1 753 719	2 007 140
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	17	1 582 964	1 319 612
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		15 626 639	16 521 401

Капитал мен міндеттемелердің барлығы

62 014 421 **55 965 756**

Жиынтық кіріс туралы есеп

мың теңгемен

ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС

	Ескертпе	2022	2021
Түсім	18	82 025 005	78 618 101
Жалдау бойынша кірістер		368 568	409 181
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	19	(71 124 978)	(65 416 096)
Жалпы пайда		11 268 595	13 611 186
Жалпы және әкімшілік шығыстар	20	(12 041 393)	(10 170 393)
Басқа операциялық кірістер	21	1 535 233	399 779
Басқа операциялық шығыстар	22	(113 089)	(211 528)
Операциялық пайда		649 346	3 629 044
Күтілетін кредиттік шығындарды қалпына келтіру / (есептеу), нетто	23	(260 197)	260 805
Қаржылық кірістер	24	928 603	806 571
Қаржылық шығындар		(577)	(1 624)
Салық салынғанға дейінгі пайда / (шығын)		1 317 175	4 694 796
Табыс салығы бойынша шығыстар	25	(634 420)	(880 261)
Есептік жылдағы таза пайда / (шығын)		682 755	3 814 535
Бір жылдағы өзге де жиынтық кіріс		-	-
Есептік жылдағы жиынтық табыс жиынтығы		682 755	3 814 535

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

мың теңгемен

Операциялық қызметтен алынған ақша ағындары	Ескертпе	2022	2021
Салық салынғанға дейінгі пайда		1 317 175	4 694 796
Түзетулер:			
Тозу және амортизация		2 969 961	2 531 387
Қаржылық кірістер		(928 603)	(806 571)
Қаржылық шығындар		577	1 624
Негізгі құралдардың шығуынан шығын		(9 618)	142 070
Күтілетін кредиттік шығындарды есептеу		(260 197)	(260 805)
Жұмыскерлерге демалыстар мен бонустар бойынша резервтерді есептеу		6 646 006	5 218 635
Өтеусіз алынған активтерден түсетін кіріс		14 252	(170 130)
Басқа резервтер және есептелген міндеттемелер		6 293	12 108
Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда		10 276 240	11 363 114
Айналым капиталын өзгерту:			
Қорлардағы өзгеріс		8 658	302 047
Сауда дебиторлық берешектегі және өзге де ағымдағы активтердегі өзгеріс		(1 534 195)	(280 339)
Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердегі өзгеріс		(6 341 559)	(5 371 803)
Сауда және өзге де кредиторлық берешектегі және өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		(559 780)	479 324
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгеріс		455 660	1 404 563
ҚҚС төлеуге өзгеріс		(253 421)	1 144 767
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		2 051 603	9 041 673
Төленген табыс салығы		(692 804)	(401 592)
Алынған сыйақы		600 112	485 316
Жалдау бойынша төленген сыйақы		(667)	(1 624)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		1 958 244	9 123 773

Инвестициялық қызметтен алынған ақша ағындары	Ескертпе	2022	2021
Банктік салымдарды (Орналастыру)/ алып қою, нетто		(1 570 896)	(269 593)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(6 543 463)	(2 795 868)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсімдер		77 602	177 729
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтеріндегі өзгеріс		506	506
Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған) /таза ақша ағындары		(8 036 351)	(2 348 040)
Негізгі жалдау борышы бойынша міндеттемелерді өтеу		(5 725)	(12 344)
Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша ағындары		(5 725)	(12 344)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгерісі		6 083 832	6 763 389
Күтілетін кредиттік шығындар резервіндегі өзгеріс	22	(8 009)	(2 491)
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	11	21 708 619	14 947 721
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	11	15 616 778	21 708 619

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мың теңгемен

	Жарғылық капитал	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
2021 жылғы 1 қаңтарға	31 579 946	915 212	32 495 158
Есептік жылдағы таза пайда	-	3 814 535	3 814 535
Акционерлік капиталға жарна	3 043 163	-	3 043 163
Өзге де жиынтық кіріс	-	-	-
2021 жылғы 31 желтоқсанға	34 623 109	4 729 747	39 352 856
2022 жылғы 1 қаңтарға	34 623 109	4 729 747	39 352 856
Есептік жылдағы таза пайда	-	682 755	682 755
Жарғылық капиталға жарна	5 754 067	-	-
Өзге де жиынтық кіріс	-	-	-
2022 жылғы 31 желтоқсанға	40 377 176	5 412 502	45 789 678

Мемлекеттік корпорация өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде кіріс алуды көздемейтін және алынған таза табысты Акционердің пайдасына бөлуді жүзеге асырмайтын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қаржылық жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығындағы шоғырландырылған қаржылық есептілікке шолу жүргізу қызметінің қаржылық есептілік аудитін және ХҚЕС сәйкес жылдық қаржылық есептілік аудитін сатып алу туралы шартқа сәйкес сыртқы аудитор – «Crowe Audit Tani» ЖШС тартылған.

Тәуелсіз аудитордың қорытындысына сәйкес, қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2022 жылғы 31 желтоқсан бойынша Мемлекеттік корпорацияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық нәтижелерін және ХҚЕС-ке сәйкес көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысын анық көрсетеді.

Мемлекеттік корпорацияның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 22 мамырдағы № 01-01-02/03 шешімімен алдын ала бекітілген, ЦДИАӨ Министрінің 2023 жылғы 20 маусымдағы № 197/НҚ бұйрығымен бекітілген және Мемлекеттік корпорацияның gov4c.kz. ресми интернет-ресурсында «Корпорация туралы. Есептілік» бөлімінде орналастырылған.

2018-2022 жылдардағы сыртқы аудитор туралы ақпарат

Қаржылық есептілік аудиті - қаржылық есептілікті ұсынудың белгіленген тұжырымдамалық негізіне (ХҚЕС, ҚЕҰС) сәйкес барлық елеулі аспектілер бойынша қаржылық есептілік дайындалды ма деген пікір білдіру мақсатында тәуелсіз тексеру рәсімі.

Заңның 78-бабының 1-тармағына сәйкес Мемлекеттік корпорацияның қаржылық есептілігінің аудиті міндетті болып табылады.

Жылдық қаржылық есептіліктің және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін бағалаудың дұрыстығын тексеру және растау үшін Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес конкурстық іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады.

Заңның 53-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және Мемлекеттік корпорация Жарғысының 48-тармағының 10) тармақшасына сәйкес қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

2022 жылға қаржылық есептілік аудитін «SFAI Kazakhstan» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін «SFAI Kazakhstan» ЖШС төлеген сыйақы мөлшері ҚҚС-мен қоса есептегенде 23 520 мың теңгені құрады. «SFAI Kazakhstan» ЖШС 2022 жылы қаржылық есептілік пен басқа да ақпарат аудитіне байланысты емес қызметтер көрсеткен жоқ.

2021 жылға қаржылық есептілік аудитін «Crowe Audit Tani» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін «Crowe Audit Tani» ЖШС төлеген сыйақы мөлшері ҚҚС-мен қоса есептегенде 20 048 мың теңгені құрады. «Crowe Audit Tani» ЖШС 2021 жылы қаржылық есептілік пен басқа да ақпарат аудитіне байланысты емес қызметтер көрсеткен жоқ.

2020 жылға қаржылық есептілік аудитін «Crowe Audit KZ» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС-мен қоса есептегенде 21 168 мың теңгені құрады. «Crowe Audit KZ» ЖШС 2020 жылы қаржылық есептілік пен басқа да ақпарат аудитіне байланысты емес қызметтер көрсеткен жоқ.

2019 жылға қаржылық есептілік аудитін «Эрнст энд Янг» ЖШС жүргізген. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС-мен қоса есептегенде 91 840 мың теңгені құрады. Сондай-ақ «Эрнст энд Янг» ЖШС 2019 жылы семинарлар мен тренингтер өткізу бойынша жалпы сомасы 9 624,6 мың теңгеге қызмет көрсеткен.

2018 жылдың қаржылық есептілігінің аудитін «Центраудит-Қазақстан» тәуелсіз аудиторлық компаниясы» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС-мен қоса есептегенде 18 500 мың теңгені құрады. «Центраудит-Қазақстан» тәуелсіз аудиторлық компаниясы» ЖШС 2018 жылы қаржылық есептіліктің және басқа да ақпараттың аудитіне байланысты емес қызметтерді көрсеткен жоқ.

Қаржылық есептілік аудитін жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Мемлекеттік корпорацияға жұмысқа қабылданған емес.



GOV4C

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

2022

Мүдделі тараптар үшін
Байланыс ақпараты:

«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы, Керей,
Жәнібек хандар көшесі, 4
ғимарат.

Телефон:

8 (7172) 95-51-77, 95-51-78

E-mail:

kense_nao@gov4c.kz

Интернет-ресурсы:

<https://www.gov4c.kz>